**2010 жылға дейінгі Алматы қаласының дамуының стратегиялық жоспарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XVII сессиясының 2002 жылғы 22 мамырдағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 11 маусымда N 457 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 шешімімен.

*Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 шешімімен.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы, 1 тармағы, 1 тармақшасына және Алматы қаласы әкімінің ұсынысына сәйкес II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты шешім қабылдады: 2010 дейінгі Алматы қаласын дамытудың стратегиялық жоспары бекітілсін, қоса беріліп отыр. II-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихаты XVII-ші сессиясының төрағасы II-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихаты хатшысы "Келісілген" "Бекітілген" Қазақстан Республикасы 2002 жылы 22 мамырдағы Стратегиялық жоспарлау Алматы қаласы жөніндегі агенттігінің төрағасы Мәслихатының шешімімен II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2002 жылы 22 мамырдағы өткен XVII сессиясының шешіміне қосымша Алматы қаласының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары

Кіріспе

Алматы қаласы дамуының осы Стратегиялық жоспары (әрі қарай – Жоспар) "Стратегия-2030", республиканың 2010 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспарында белгіленген міндеттерді шешуге бағытталады. Оны әзірлеу барысында 2001 жылдың соңында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық дамудың көрсеткіштері, сондай-ақ қаланың 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары ескерілді.

Алматы қаласының даму жоспарында оның оңтүстік астана айрықша мәртебесіне сәйкес қаланың жаңа бейнесін жасауға, оның республиканың ғылыми, мәдени, қаржы орталығы ретінде айқындамаларын нығайтуға игі ықпал ететін негізгі міндеттер мен алғышарттар тұжырымдалды.

Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық іс әрекетін реттеу Қазақстан Республикасының "Алматы қаласының айрықша мәртебесі туралы" Заңына

негізделген, ол қаланың ғылыми, мәдени, тарихи, қаржы орталығы екенін есепке ала ары қарай аймақтық қаржы, экономикалық және әлеуметтік орталығы ретіндегі дамуына, ықпалын тигізеді.

Жоспарда Алматы қаласының айрықша дамуы, сондай-ақ ғылыми-техникалық прогрестің жаңа сатысына көшуге және инновациялық белсенділіктің күшеюі көрсетілген. Жоспарда ең маңызды деген инвестиция бағдарламалары бөлек көрсетілген, оның жүзеге асуы өнеркәсіптік-технологиялық дамуына, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге, және денсаулықты жақсартуға бағытталады. Сондай-ақ, Стратегиялық жоспар қосымша Алматы қаласының 2010 жылға дейінгі негізгі даму көрсеткіштері көрсетілген кестемен толықтырылған. I БӨЛІМ Әлеуметтік саясат

1. Тұрғандардың санын көбейту

1.1. Мақсат

Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейіне сәйкес тұрғындардың санын тұрақтандыру және одан әрі көбейту.

1.2. Жағдайды талдау

Алматы қаласы тұрғындарының саны 1993 жылдан бастап бірте-бірте азайды және тек қана 1997 жылда ғана оның азаюы тоқтады. Астананы көшіруге байланысты да тұрғындар саны едәуір азайды.

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Алматы қаласы тұрғындарының саны 1132 мың адамды құрады, олардың ішіндегі 620 мың адам тұрғындардың экономикалық белсенді бөлігі, тұрғындардың барлығының 55% әйелдер, тұрғындардың 17% – 15-24 жастағы жастар, 14% – зейнеткерлер.

1999 жылдан бастап тұрғындардың табиғи өсімінің қолайлы сальдосы қалыптасты. 2002 жылдың басында ол 2 еседен астам көбейді және оның абсолюттік мөлшері 2250 адамды құрады. Туу коэффициенті 1999 жылы 11,5-тен 12,6-ға дейін көбейді, ал қайтыс болу коэффициенті бұрынғы деңгейде қалды және әрбір 1000 адамға шаққанда 10,6 құрады, 1999 жылмен салыстырғанда үшінші және төртінші баланың туылуы тиісінше 18 және 27% ұлғайды.

Көші-қон процесстері 1998 жылдан бастап көші-қонның қолайлы сальдосымен сипатталады, көші-қонның өсуі 2300-2100 адам болып отыр. Келетіндердің және кететіндердің негізгі контингенті еңбекке жарамды адамдар болып табылады.

Сонымен бірге көші-қон сипатында проблема бар. Бүгінгі таңда жаңа астана өзіне интеллектуалдық күштерді, сонымен бірге басқа да аймақтардан да тартуда. Бұл қалыпты процесс. Алматы қаласында қазір мынадай келеңсіз көрініс орын алып отыр. Кеткен әрбір жоғары білімді адамның орнына жоғары білімі жоқ екі адам келеді. Қала маңындағы аймақтардан келген тұрғындардың көші-қоны да

елеулі қиындықтар туғызуда.

Демографияның негізгі проблемаларының бірі - қайтыс болудың салдарынан тұрғындардың азаюы. Алайда, соңғы төрт жылда кісі шығынның тұрақты түрде азаюда, 1997 жылғы 11,5-тен 2000 жылы 10,4 промильге дейін төмендеді ( тұрғындардың әрбір 1000 адамға шаққандағы есебі бойынша). Жалпы алғанда тұрғындардың 65% астамы жасы ұлғайған шақта қайтыс болады, 27%– 30-59 жаста және 47%– 20-29 жас аралығында. Барлық қайтыс болғандардың үлесі ер адамдардың үлесіне тиеді.

Тұрғындардың қайтыс болуының негізгі себептері - қан айналу жүйесінің бұзылуы, қатерлі ісік сырқаттары, бақытсыз жағдайлар, жарақаттану, улану, кісі қолынан өлу және өзіне-өзі қол салу. Жас балалардың өлімі жалпы алғанда 1,6% құрайды. 1997 жылдан бастап мұндай жағдай төмендеуде, алайда бұл проблема күйінде қалып отыр.

Кейбір сырқатқа шалдығу деңгейінің өсуінің негізгі факторларының бірі қолайсыз экологиялық жағдай болып отыр. Мұның өзі экологиялық сауықтыру мәселелерін шешу бірінші кезектегі маңызды мәселе екенін дәлелдейді.

Тұрғындардың табиғи қозғалысын талдау жалпы алғанда тұрғындар санының көбеюі процессінде ілгерілеу бар екенін көрсетеді, табиғи өсім байқалып отыр, қайтыс болу деңгейі төмендеуде.

Отбасылық-неке қатынастар саласындағы жағдайдың ептеп нашарлағаны байқалып отыр. 1999 жылмен салыстырғанда некелер саны тек қана 2% көбейіп, ажырасудың саны 9% артты. Жасы ұлғайған адамдардың некеге көптеп тұруы байқалып отыр. Барлық некелердің 26% ұлтаралық некелердің үлесіне тиеді.

Экономикалық қиындықтар неке қатынастарына, ең алдымен жастарға кері әсерін тигізді, материалдық жағдайдың тұрақты болмауына байланысты олардың көпшілігі некеге тұруға ниет білдірмейді.

Оралмандар үшін қолайлы тұрмыс жағдайын жасау шаралары қолданылуда. 2000 жылдың басындағы жағдай бойынша Алматы қаласында Моңғолиядан, ҚХР-дан, Ресейден, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркменстан және басқа елдерден келген оралмандардың 669 отбасы тұрады. Оларға баспаналар, жер учаскелерін алуға, кәсіпкерлік қызметке тартуға, тұрмыс жағдайларын жақсартуға және білім мекемелерінде балаларын оқытуға жәрдем көрсетілуде. Бірақ тілді, жазуды білмеуіне байланысты олардың жаңа менталитеттегі жаңа тұрмыс жағдайларына бейімделуі ұзаққа созылады.

### 1.2.1. Күшті жақтары

Табиғи және көші-қон есебінен тұрғындардың санының өсуінде қолайлы сальдо қалыптасып отыр.

Қоғамдағы едәуір тұрақты әлеуметтік-психологиялық ахуал.

Жыныстық, жас мөлшері бойынша құрылымы оның едәуір жасарғанын байқатады.

Тұрғындардың жеткілікті жоғары интеллектуалдық-білім деңгейі.

Жастар арасындағы отбасылық-некелік қатынастардың дамуына игі ықпал ету. Мұның өзі балалардың көптеп дүниеге келуіне игі ықпал етеді.

Этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуына көмектесу саясатын жүргізу.

Әйелдер, отбасы және неке істері жөніндегі арнаулы комиссиялардың жұмыс істеуі, жастардың, әйелдердің кәсіпкерлігінің дамуына игі ықпал ететін, әйелдердің, тұрғындардың әлеуметтік жағынан қорғалатын басқа да топтарының құқықтарын қорғайтын қауымдастықтардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің көп болуы.

Демографиялық саясатты жүргізудің мемлекеттік және қалалық бағдарламаларының болуы.

### 1.2.2. Олқы жақтары

Қала тұрғындарының интеллектуалдық-білім деңгейін төмендетуге кері әсерін тигізетін көші-қон сипатындағы проблемалардың болуы.

Экологиялық, экономикалық және психологиялық факторлардың тұрғындардың қайтыс болуына әсер етуі.

Жарақат алу, ішімдікке салыну, нашаға тәуелді болу, жұқпалы аурулар сияқты факторлар тұрғындардың қайтыс болуына едәуір әсер етеді.

Балалардың қайтыс болуының орын алуы.

Көші-қонды кідіртуге бағытталған шаралардың жеткіліксіздігі, қолайлы жағдайлар жасауға, бірінші кезекте баспанамен қамтамасыз етуге қаржының жетіспеушілігі.

Қоғамның негізгі ұясы ретіндегі отбасы институтының әлсіреуі және соның салдарынан ажырасулардың көбеюі.

### 1.2.3. Мүмкіндіктер

Қазақстанның белсенді демографиялық саясат жүргізу жөніндегі бастамалары бойынша халықаралық ұйымдардың қолдау көрсетуі.

Егер демографиялық процесстерді реттеу тиімділігі арттырылса, қаладағы демографиялық процестер оның әлеуметтік экономикалық дамуына оң ықпал етеді.

Жиі көшіп жүретін адамдарды жоғары білімді қажет етпейтін жұмыстарға

пайдалану процестерін реттеу.

Тұрғындардың денсаулық жағдайын жақсарту экологиялық жағдайды сауықтыруға және салауатты өмір салтына көшуге қолайлы әсер етеді. Оралмандарды тіршілік етудің жаңа жағдайларға бейімдеу мақсатында Оралмандардың мәдени орталығын құру. 1.2.4. Қауіптер Криминогендік жағдайларға әсер ететін заңсыз жолмен көшіп-қонудың көбеюі. Тұрғындардың денсаулық жағдайына кері әсер ететін экологиялық жағдайдың одан әрі нашарлауы. Табиғи өсімнің жеткіліксіздігінен тұрғындардың қартаюы. 1.3. Стратегиялық міндеттер

Қаланың демографиялық мүдделеріне тұрғындардың жыл сайынғы табиғи өсімі сәйкес келіп, Алматы қаласының республиканың білім, мәдени, инновациялық орталығы ретіндегі рөліне байланысты тұрғындар жасарып, оның интеллектуалдық деңгейі өсуде.

Стратегия мақсаттарына сәйкес алдағы он жылдың кезеңге арналған демография саласындағы негізгі міндеттер болып мыналар белгіленді:

тұрғындардың санын көбейту режимін оңтайландыру, қайтыс болудың деңгейін төмендету, орташа өмір сүру деңгейін ұзарту;

экологиялық жағдайды сауықтыру және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша кезең-кезеңімен шараларды жүзеге асыру арқылы тұрғындардың денсаулығын жақсарту;

қала тұрғындарының өмір сүруінің сапалық деңгейін көтеру, мықты жастар саясатын жүргізу;

көші-қон процестерін ұтымды жүргізу.

## 1.4. Іс-қимыл стратегиясы

Келесі бағыттар бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру жалғастырылады.

Қаланың санитарлық-экологиялық жағдайын жақсарту (қала әкімшілігі Алматы қаласын экологиялық сауықтырудың 2015 жылғы кезеңге дейін арналған кешенді бағдарламасы әзірленді және жүзеге асырылуда).

Тұрғындардың қайтыс болу деңгейін одан әрі төмендету үшін тұрғындарға медициналық қызмет көрсетуді жақсарту жоспарлануда. Бұл орайда медициналық қызметті пайдалануға тұрғындардың тұрмысы төмен топтарының да қолын жеткізу жайы ойластырылады.

Тұрақты емханалардың, ауруханалардың техникалық деңгейін көтеру және әртүрлі мамандықтағы дәрігерлердің қызмет көрсету сапасын, олардың біліктілігін көтеру, диеталық және балалар тағамдарын ұйымдастыру бойынша мамандандырылған бөлімшелер құру шаралары жүзеге асырылады.

Барлық жүкті әйелдерді, сондай-ақ бала көтеру жасындағы әйелдерді мұқият

қадағалау, перзентханалардың техникалық жарақтандырылу деңгейін көтеру жоспарлануда.

Тұрғындардың жұмыспен қамту проблемасының бар екенін ескеріп, сондай-ақ және олардың тіршілік ету мүмкіндіктері мен құралдарының шектеулілігін ескеріп, оның санының өсуін бақылау шаралары жүзеге асырылады. Бұл орайда тұрғындардың жас мөлшеріндегі және біліктілік құрылымының өзгеру мүмкіндігіне айрықша назар аударылады.

Тұрғындардың өсімін реттеу мүмкіндігі қаралады. Бұл орайда келушілердің күнкөрісінің қосымша шығындарын өтеуді ұйымдастыру үшін шақырылған дәрігер мамандарға ақы төлеу тәртібі енгізіледі.

Демографиялық саясатты жүргізудегі басым бағыт жастардың жаңа экономикалық жағдайларға әлеуметтік бейімделуіне, еңбекке орналастырудың өзекті мәселелерін шешуге, жастардың бос уақыттарын тиімді өткізуді ұйымдастыруға, жастардың неке-отбасылық қатынастарындағы келеңсіз факторлар болып табылатын тұрғын үй проблемаларын шешуге бағытталған жастар бағдарламалары жүзеге асырылады.

Бала туу бойынша ынталандыруды көздейтін мемлекеттік саясатты жүргізуді ескеріп, көп балалы отбасыларға және жалғызілікті ата-аналарға қолдау көрсетудің аймақтық бағдарламасын әзірлеуге және жүзеге асыруға кірісу жоспарланып отыр.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, жасөспірімдер мен жастарға адамгершілік-жыныстық тәрбие беру, тұрғындарға медициналық қызмет көрсету және сырқаттанудың алдын алу бойынша бағдарламаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға айрықша назар аударылады.

Болжанып отырған кезеңнің соңына қарай дағдарысты құбылыстарды жою көзделуде. Бұл орайда тұрақты адамзаттық дамуды қамтамасыз ету міндеті маңызды болады. Жағдайлар жасау арқылы тұрғындардың қалың топтарының қалыпты өмір сүруіне мүмкіндік жасау көзделуде.

Оралмандарды тезірек қоғамға бейімдеу проблемаларын шешуге айрықша көңіл бөлінеді. Оралмандардың мәдени орталығын құру жоспарлануда. Орталық көшіп келген оралмандарға күнделікті туындайтын мәселелер бойынша жан-жақты көмек көрсетіп, олардың мәдени-интеллектуалдық деңгейін көтеруге игі ықпал етер еді. Мәдени орталықтың жұмыс істеуі Алматы қаласының абыройын да едәуір арттыратын еді. Республиканың аймақтарында бүгінгі таңда жұмыс істейтін оралмандарды бейімдеу орталықтары, негізінен, оралмандардың уақытша тұратын қонақ үйі ретінде пайдаланылып отыр. Оралмандардың басқа топтары оларға өтініш жасауға құқылы емес. Алматы қаласының оралмандарының мәдени орталығы жан-жақты бағытта жұмыс істейтін болады.

Сонымен бірге көші-қон проблемаларын зерттеп-білу үшін көшіп келгендер

мен оралмандардың жағдайын және тіршілік ету деңгейлерін әлеуметтік жағынан зерттеп-білудің тиісті әдістемелерін әзірлеу, олардың бейімделуіне жәрдемдесетін жарнамалық буклеттер, проспектілер, афишалар әзірлеуді ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Құбылмалы көші-қонды реттеу шараларын қолдану күн тәртібінде тұр. Қызметтер көрсететін салалардың нарықтық қатынастар жағдайында қызмет етуіне көшуіне байланысты құбылмалы оралмандардың есебінен олардың жүктемелерінің ұлғаюы белгілі бір дәрежеде қалада қызметтер көрсететін салаларды дамытуға және уақытша жұмыс орындарын ашуда қолайлы ықпал етеді.

### 1.5 Күтілетін нәтижелер

Болжанып отырған кезеңнің соңына қарай Алматы қаласындағы халықтың саны 1178 мың адамға жетеді, олардың ішіндегі 680 мың адамы тұрғындардың экономикалық белсенді бөлігін құрайды.

Тұрғындардың табиғи өсімі жыл сайын 2500 адамға жетеді, ал көші-қон бойынша өсім бірте-бірте 4500 адамның мөлшерінде тұрақталады.

Тұрғындардың денсаулығының деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер денсаулық сақтау жүйесінің дамуына, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыруға және экологиялық жағдайды жақсартуға байланысты жақсарады .

## 2. Еңбек ресурстарының дамуы және оларды ұтымды пайдалану

### 2.1. Мақсаттар.

Жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақты қамтамасыз ету құбылысына ешқандай кедергі келтіре алмайды. Ең болмағанда әрбір отбасының бір мүшесін жұмыспен қамту болып табылады.

### 2.2. Қазіргі жағдайда талдама

Еңбекпен қамту саласында оң өзгерістер байқалады. Сараптаушылардың баға беруіне қарағанда өткен жылмен салыстырғанда жұмыссыздардың қатары 21% қысқарды. Алайда еңбек наркындағы жағдай бұрынғысынша қауырт болып сипатталады. Жұмыссыздық деңгейі өте жоғары қалуда. Жалпы алғанда қала бойынша 70 мың адамның жұмысқа орналаса алмаған, бұл экономикалық

белсенді тұрғындардың 11% құрайды.

Қазіргі уақытта еңбекпен қамту органында 12 мың жұмыссыздар тіркелген, бұл өткен жылмен салыстырғанда өте төмен. Жұмыссыздардың 70% ұзақ уақыт жұмыс істемегендер мен өздерінің кәсіби білгірлігін жоғалтқандар.

Ресми жұмыссыздық 2000 жылдың соңында экономикалық белсенді тұрғындардың 2,1% құрайды, бұл республикалық көрсеткіштен 1,5 есе төмен.

Бұған қоса, еңбек нарқында көлегейлі жұмыссыздық сақталуда, оның ауқымы қысқаруға әкеліп соқтырды. Егер 1999 жылы оның көлемі еңбекпен қамту органында 8-9 мың адам болып бағалануда, 2000 жылы 5-7 мың, 2001 жылы олардың қатары 2-3 мыңнан аспайды.

Экономиканың тұрақтылығы, шағын кәсіпкерліктің дамуы соңғы екі жылда қала экономикасында әртүрлі салада 26 мың жұмыс орындарын құрды. Мұның нәтижесінде жұмыссыз жүргендер еңбекке тартылды. Еңбекке орналастыру орталықтары арқылы 9 мың адам жұмыспен қамтылып, жылына 7% өсім берді.

2001 жылдың санақ есебінде 1500 адам жұмыспен қамтылып, өткен жылмен салыстырғанда 2 есе артты. Бұған қарамастан, экономикалық ынталандыру және жеңілдіктер болмағандықтан, жұмыс берушілер бұларды орналастыруда белсенділік танытпайды.

Жұмыссыздарды орналастыру деңгейі жұмыс күшіне деген сұраныспен айқындалады. Экономика саласының негізгі басты тірегі ең алдымен, қызмет көрсету саласы, құрылыс пен көлік болып табылады. Жұмыс күшіне деген сұраным өнеркәсіп кәсіпорындарында өте аз. Еңбекпен қамту ерлер арасында 35-40 жас аралығында болса, бұл тұрғыда әйелдерге деген сұраным өте аз. Заңды тұлғалар жұмыспен 1% ғана қамтиды. Бір орынға жылына 18-23 жұмыссыздар келеді екен.

Еңбекпен қамтудағы жұмысты жақсартуда бос орынға жәрмеңке өткізумен орындалды. Бұл өзінің оң нәтижесін берді. Әсіресе, жоғары оқу орындары мен кәсіпорындардың байланысы тұрақтанды. Өткен жылы жәрмеңке өткізуден 1000 адам жұмыспен қамтылды.

Жұмыссыздарға қосымша қызмет көрсету мақсатында "Жұмыспен қамту клубтары" жұмыссыздарды қайта оқытумен шұғылданды.

Жыл сайын қайта оқыту және қайта даярлау сабақтарында жұмыссыздардың 10% қамтылған. Өткен жылы қайта даярлауға 2,0 мың адам жіберілді. Үстіміздегі жылы олардың қатары 2,3 мың адамға көбейе түсті.

Жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамту мақсатында ең алдымен тұрғындардың сұранымы аз тобына қоғамдық негізде төленетін жұмыстар ұйымдастырылуда. Өткен жылы мұнда 9 мың адам жұмыс істеді. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 11% көп. Олардың 50% қаланы көгалдандыру мен көріктендіру саласына тартылды. Әлеуметтік маңызы бар қоғамдық жұмыстарға

тарту жандана түсті, төленетін қоғамдық жұмыстардың құны да арта түсті.

Қазақ-неміс жобасы шеңберінде "Еңбек және жұмыспен қамту наркы" тұрғысында пилоттық жоба бойынша қоғамдық жұмыстар атқарылды, мұнда оқыту және еңбекке орналастыру бірге қамтылған. Мәселен, "Мүгедек балаларға күтім" жобасына қатысушылар республикалық "Ақсай" балалар ауруханасында 1 жыл бойы осындай отбасыларында жұмыс істеді. "Кітаптарды қалпына келтіру" жобасына қатысушылар Ұлттық кітапханада тәжірибе жинақтап, жұмыс істеді.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру қалалық орталығымен бірлесіп, " Салауатты өмір сүруді насихаттау" жобасы жүзеге асырылуда.

Өткен жылы қаланың Бостандық ауданында балаларға арналған аулалық клубтар құрылды. Мұнда жұмыссыздар әртүрлі үйірмелерде сабақ беруде.

Ерекше маңыздылықты әлеуметтік әріптестікті дамыту алады. Еңбек туралы жаңа заңның қабылдануына орай, әлеуметтік әріптестікке жаңа еңбек қарым-қатынастар жүйесі ретке келтіріліп, еңбекке орналастыру мәселесінде жауапкершілік арта түсуде. Қалада ұжымдық шартқа отыру тәжірибесі жинақталуда. Бірақ өзекті мәселелер күн тәртібінде қалып қоюда. Мониторингтің көрсеткіші бойынша, 40% кәсіпорындарда ұжымдық шарт жоқ.

Бұл мәселелерде жетілдірілген нормалық-әдістемелік база қажет (қазіргі уақытта әлеуметтік әріптестік туралы заңды жүзеге асыру жолдары, мұның ішінде шартқа отыру ескерілмеген, тиісті есеп көрсеткіштері алынбайды).

Еңбекке ақы төлеу мәселесі оң шешілуде. Тұрғындарға орташа ақша көрсеткіші 15 мың теңге құрайды, бұл жыл сайын 33% көп. Соңғы жылдары қаламызда зейнеткерлерге, бюджеттік ұйымдарға, еңбек жалақысына берешек жоқ.

### 2.2.1. Күшті жақтары

Еңбекке орналастыру мәселелерінде заңмен негізделген мәселелердің шешілуі.

Еңбекке орналастыру жыл сайынғы республикалық және қалалық болашақ бағдарламалардың болуы.

Алматы қаласы әкімінің, өнеркәсіп одағының және кәсіподақтардың облыстық кеңесі арасындағы үш жақты келісім еңбекке орналастыру саласында тұрғындарды әлеуметтік қорғауға бағытталған.

Қалалық бағдарламалардың толық бюджеттік қаржыландырылуын қамтамасыз ету. Кадрларды оқыту және даярлау, мемлекеттік тапсырыстың есебінен жұмыссыздарды еңбекке орналастыру.

Қоғамдық жұмыстарды дамыту және пилоттық жобаларды жүзеге асыру.

Кедейшілікке және жұмыссыздыққа карсы күрестің республикалық және

қалалық бағдарламалардың болуы.

### 2.2.2. Олқы жақтары

Жұмыспен қамту және еңбек саласындағы заңнаманы реттейтін мөлшерлемелік актілердің жетілдірілмеуі немесе болмауы.

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізуде жұмыс берушілерге арналған ынталандырудың болмауы.

Әлеуметтік әріптестіктің нашар дамуы. Жасырын жұмыссыздықтың болуы.

Еңбек делдалдығымен айналысатын жеке және заңды тұлғалар бойынша мемлекеттік статистикалық есептің болмауы.

### 2.2.3. Мүмкіндіктер

Болжанып отырған экономикалық өсудің негізінде кәсіби деңгейді көтеру мақсатында инвестициялардың көбеюі.

Шағын және жеке кәсіпкерлікті дамыту негізінде жұмыспен қамту.

Мақсатты топтарға арналған жаңа жұмыс орындарын ашатын жұмыс берушілерді ынталандыру мәселесін республика деңгейінде шешу. Жергілікті атқару органдарына қоғамдық жұмыстарға қатысқаны үшін ақы төлеудің түрлерін белгілеу құқығын беру. Жұмыссыздықтан сақтандыру институтын енгізу. 2.2.4. Қауіптер Жасырын және жария емес жұмыссыздықтың болуы. Ұзақ уақыт бойы жұмыс істемейтін азаматтардың санының өсуі және олардың кәсіби дағдыларын ұмытуы. Село халқының қалаға көшуінің ұлғаюы. 2.3. Стратегиялық міндеттер

Қала экономикасының қажеттілігін ескеріп, кадрларды кәсіби оқыту және қайта даярлау жүйесін жетілдіру арқылы жұмыссыздардың еңбек нарығындағы бәсекелесу қабілетін арттыру.

Кәсіпкерлер табын қалыптастыруға жәрдемдесу.

Жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтамасыз ететін қоғамдық жұмыстардың масштабтарын кеңейту.

Тұрғындардың әлеуметтік жағынан нашар топтарын жұмыспен қамтамасыз ету.

Жария емес еңбек көші-қонының жолын кесу, ішкі еңбек нарығын қорғау.

### 2.4. Іс-қимылдар стратегиясы

Жыл сайын барлық әлеуметтік әріптестердің қатысуымен Алматы қаласының тұрғындарын жұмыспен қамтудың қалалық бағдарламалары әзірленеді және

жүзеге асырылады.

Еңбек ресурстарының жинақылығын күшейту және белсенді тұрғындарды еңбек белсенділігінің жаңа формаларына қайта бейімдеуді қамтамасыз ету, еңбек және жұмыспен қамтудың икемді формаларын дамыту жоспарлануда.

Еңбек нарығындағы жағдайды және қала экономикасының қажеттілігін ескеріп, тұрғындарды жұмыспен қамтудың шешуші жолы жұмыссыздарды кәсіби оқытудың және қайта даярлаудың икемді жүйесін жасау болып табылады.

Жұмыссыздардың еңбек нарығындағы бәсекелесін қабілетін арттыру мақсатында жыл сайын ресми тіркелген жұмыссыздардың 10-15% кәсіби оқытуға жіберу жайы ойластырылуда. Оқыту тендерлік іріктеу жолымен білім беру мекемелерінің желісі арқылы жүргізіледі. Оларға қойылатын негізгі талап – кәсіби білім берудің сапасы және одан соң қайта оқытылған адамдардың еңбекке орналастыру.

Жұмыс берушімен өзара бірлесіп іс-қимыл жасауды күшейту маңызды рөл атқарады. Кәсіпорынның қызметкерлерін қайта даярлау курстарында жұмыссызға басқа мамандық беруді ұйымдастыру бойынша қосымша ақы төлеу тетігін енгізу мүмкіндігі жоспарлануда, бұл орайда оқытылған адамдар осы кәсіпорында кейінірек еңбекке орналастырылады.

Жұмыспен қамтуға қолдау көрсету инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға жәрдемдесу, жұмыс орындарын ашу арқылы жүзеге асырылады. Қаланың бюджетінде жыл сайын шағын бизнестің басым жобаларын жүзеге асыруға қаражат қарастырылатын болады.

Шағын және жеке кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсетудің тиімді формасы ашылатын жұмыс орындары бойынша мамандарды іріктеу жолымен жұмыссыздарды кәсіпкерліктің негіздеріне кәсіби оқыту болып табылады. Бұл орайда жұмыссыз азаматтарды "Өз бизнесіңді баста" курсы бойынша оқытуға және өз бизнесін кеңейтуді қалайтын кәсіпкерлерге арналған "Өз бизнесіңді жетілдір" курсы бойынша оқытуға арналған Кәсіпкерлікті қолдау орталығы үлкен рөл атқарады. Сарапшыларды және халықаралық ұйымдардың оқытушыларын қатыстыра отырып, әртүрлі бағдарламалар және оқытудың әдістемелері жүзеге асырылады.

Ақы төленетін қоғамдық жұмыстардың масштабын кеңейту жайы қарастырылуда, оларға жыл сайын тіркелген жұмыссыздардың 35-40% тарту көзделуде. Әуелі жұмыссыздарды оқытып, одан соң еңбекке орналастыратын және шет елдік әріптестерді қатыстыра отырып жүзеге асырылатын пилоттық жобалар бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жұмысы жалғастырылады.

Жыл сайын тұрғындардың әлеуметтік жағынан тұрмысы төмен топтарын жұмыспен қамту мақсатында қала әкімінің шешімдерімен еңбекке орналастыру

қызметіне өтініш жасаған жұмыссыздардың 10% жыл сайын қамту көзделген, қалалық кәсіпорындарға арналған жұмыссыздарды еңбекке орналастыру квоталары белгіленеді. Кәсіби оқытуға жіберу кезінде тұрғындардың осы топтарына айрықша назар аударылады.

Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында шет елдік жұмыс күштерін жария емес жағдайда әкелудің жолын кесу шаралары күшейтіледі. Елімізде даярланбайтын мамандық иелері бар жұмысшыларды ғана сырттан әкелу көзделуде. Шет елдік жұмыс берушілердің жұмыс орындарын ашу жөніндегі міндеттемелерін орындауына бақылау жасалады.

Әлемдік тәжірибені ескере отырып, кедейшілікке қарсы тиімді күрес ұлттық өндіріс пен өзін-өзі қамтамасыз етудің көздері: еңбек ету мен кәсіпкерлікті жандандыру жағдайында ғана мүмкін болады. Саясаттың барлық экономикалық, қаржылық және басқа да құралдары осы жан-жақты жандандыруға бағытталуы тиіс.

### 2.5. Күтілетін нәтижелер

2005 жылдың соңына қарай Алматы қаласы бойынша жұмыссыздардың саны қазіргі уақыттағы 70 мың адаммен салыстырғанда 58 мың адамға дейін азаяды. Болжанып отырған мерзімнің соңына қарай бұл көрсеткіш 45-55 мың адам мөлшерінде болып тұрақталады. Орташа айлық жалақы 9 жыл ішінде 60-70% дейін өседі және болжанып отырған мерзімнің соңына қарай шамамен 30-35 мың теңгені құрайды.

## 3. Әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы

### 3.1. Білімді реформалау стратегиясы

#### 3.1.1. Мақсат

Экономиканың жоғары білікті мамандарға деген қажеттілігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ қоғамды адамгершілік жағынан сауықтыруға игі ықпал ететін білім берудің тиімді жүйесін құру.

#### 3.1.2 Жағдайды талдау

Алматы республиканың интеллектуалдық және орталығы болып қала береді. Қалада республиканың ғылым докторлары және кандидаттарының 60 пайызға жуығы (7,5 мың адам) жұмыс істейді.

Тұрғындардың 70 пайыздан астамының жоғары, орта білімі және орта арнаулы білімі бар.

Қаланың 68 жоғары оқу орнында, 42 орта арнаулы оқу орнында және 244 жалпы білім беретін мектепте 333,0 мыңға жуық адам оқиды.

Жоғары оқу орындарында 225, колледждерде 65 мамандық бойынша, кәсіптік

мектептерде - 71 және жалпы білім беретін мектептерде 10-нан астам мамандықтар бойынша кадрлар даярланады.

Білім берудің, кәсіби даярлаудың және кадрлардың қайта даярлаудың қалыптасқан жүйесі ҚР-ның "Білім беру туралы" Заңының негізгі қағидаларын орындауға және қаланы және республиканы жоғары білікті жұмысшылармен және халық шаруашылығымен, ғылыми кешенді мамандармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тек қана 2001 жылы кәсіптік-техникалық мектептерге және кәсіптік техникалық лицейлерге оқушылар қабылдау 2000 жылғы 4% салыстырғанда 32% артты. Мұның өзі халық шаруашылығының жоғары білікті жұмысшы кадрларға деген қажеттілігіне байланысты. Бұл орайда жоғарыда аталған оқу орындарының оқушыларының саны 15% өсті. Осындағы барлық контингенттің 80% бюджет қаражаты есебінен оқытылады.

Қала әкімінің шешімімен орта арнаулы оқу орындарында кадрлар даярлауға, мемлекеттік білім мекемелерінде кадрларды қайта даярлауға, жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен орта білім беру жүйесін ақпараттандыруға арналған мемлекеттік тапсырыс туралы Ереже бекітілді.

Халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, инновациялық бағыт бойынша сараптамалар жүргізіледі. Білім берудің барлық деңгейлері және сатылары бойынша нұсқалық білім беру бағдарламалары енгізілуде, үздіксіз білім беру кешендері жасалуда, оқу-материалдық база жаңартылды, жалпы білім беретін мектептерді, лицейлер мен гимназияларды компьютерлендіру жүзеге асырылды. Республикада тұңғыш рет Халықаралық бакалавриат бағдарламалары бойынша жұмыс істейтін Халықаралық лингвистикалық гимназия, 2 қазақ-ресей гимназиясы, Қазақстан-Түрік жастар лицейі және Америка-Қазақстан мектебі жұмыс істейді. Мұның өзі әлемдік білім беру кеңістігіне енудің оңды тәжірибесі болып табылады.

Жалпы білім беретін ұйымдардың баламалық түрлері және типтері жұмыс істейді. Мысалы, әртүрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын 29 гимназия, 10 лицей, 14 мамандандырылған мектеп, 114 жалпы білім беретін мектептерде жекелеген сыныптар, шәкірттердің бейімділігіне және қабілеттеріне, дифференциалдық білім беру жүйесіне сәйкес 120 мыңға жуық оқушыға білім беріп, негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда.

Сонымен бірге, салалық мекемелердің қажеттілігін ескеріп, 11 түзету мектеп-интернаты жұмыс істейді, оларды 2.2 мың шәкірт оқиды. Тәрбиеленуі қиын жасөспірімдердің қалалық орталығы, 3 балалар үйі, 1 отбасылық балалар үйі, сондай-ақ педагогика кадрларының білімін жетілдіру институты жұмыс істейді.

Соңғы бірнеше жыл ішінде мектептер салу қайтадан жалғасын тапты. Өткен

жылы 3 жалпы білім беретін мектеп пайдалануға берілді.

Мектепке бармайтын балалардың есебі жүргізілуде. Мектептердің жанында Жаппай білім беру қорлары жұмыс істейді. Тұрмысы төмен отбасылардың балаларына, жетім балаларға шефтік қамқорлық ұйымдастырылған.

Бастауыш сыныптардың мұғалімдерін бастауыш білім берудің мемлекеттік міндетті стандарттарын игеруі бойынша 100 пайызды қайта даярлау жүзеге асырылуда.

### 3.1.2.1. Күшті жақтары

Алматы қаласындағы білім беруді дамытудың 2006 жылға дейінгі қалалық бағдарламасының болуы.

5(6)-жастағы балаларды мектеп жасына дейін даярлауды ұйымдастыру.

Орта білім беру стандарттары енгізілген, мектептерде жаңа компьютерлік бағдарламалар, сонымен бірге мультимедиалық бағдарламалар бойынша оқытылу жүргізіледі.

Озық отандық және шет елдік технологиялар бойынша оқытуды пайдалану, жалпы білім беретін мектептерді 100 пайыздық компьютерлендіру. Олардың көпшілігі жаңаша үлгіде шығарылған компьютерлермен қамтамасыз етілген.

Бюджеттік қаржыландырудың басымдығы, 1999 жылдан бастап оның көлемі бір жарым есеге өсті. Жалақыны уақтылы төлеу, жалпы білім беретін мектеп нысандарын салуды қайтадан қарқынды жүргізу. Өсіп-жетілуі баяу балаларға арналған түзету және мамандандырылған мектептер желілерінің жеткілікті дамуы. Мемлекеттік емес және аралас білім мекемелері желілерінің дамуы. Ғылыми-зерттеу институттарының, жоғары, орта және бастауыш кәсіби оқу орындарының жоғары дәрежеде шоғырлануы. Жоғары оқу орындарының және арнаулы оқу орындары студенттері санының өсуі. 3.1.2.2. Олқы жақтары Білім ұйымдарының оқу-материалдық базасын дамытуға арналған қаражаттардың жеткіліксіздігі.

Кәсіби оқу орындарының ақпараттандырылуының нашар деңгейі және мамандандырылған мектептердің оқу-әдістемелік жағынан жеткіліксіз қамтамасыз етілуі.

ҚР-ның "Білім беру туралы" Заңын орындауға бағытталған бірқатар заңдық және мөлшерлемелік актілерінің болмауы немесе жетілдірілмеуі.

Мектепке дейін, бастауыш және кәсіби білім берудегі, әсіресе, мемлекеттік тілде оқытудың сабақтастығының жеткіліксіз деңгейі.

Білім мекемелерінің және кәсіпорындардың, ұйымдардың арасындағы маман кадрларды даярлау бойынша әріптестігі нашар дамыған.

Жастар және жасөспірімдер арасындағы есірткілерді, ішімдіктерді және

темекіні тұтыну деңгейінің өсуі, балалардың қылмыс жасауының көбеюі.

Білім қызметкерлерінің жалақысының төмендігі, сапалы білім бергені үшін оларды материалдық ынталандыру жүйесінің болмауы.

### 3.1.2.3. Мүмкіндіктер

Білім беру саласына инвестиция бөлудің ұлғаюы.

Білім берудің тәрбиелік функциясын күшейту. Ақпараттық жүйелерді дамыту , жаңа технологияларды пайдалану мүмкіндіктері.

Халықаралық ұйымдардың білім беру жүйесін реформалау процесіне қолдау көрсетуі, әртүрлі келісімдер шеңберінде ТМД елдерінде мамандар даярлау мүмкіндігі.

Білім берудің мазмұнын жаңарту бойынша мемлекеттік саясат шеңберінде басқа да елдермен ынтымақтастық жасау және олардағы жетекші оқу орындарымен озық тәжірибелер алмасу.

Мектептерде инновациялық қызметті енгізуді жандандыру, заман талабына сай жаңадан әзірленген оқулықтарды және т.б. тәжірибеде байқап көру.

Мектепке дейін, бастауыш мектептік және кәсіби білім берудің кідіріссіз жүргізілуін және сабақтастығын қамтамасыз ету.

### 3.1.2.4. Қауіптер

Кәсіпорындар тарапынан кәсіби білім беру жүйесіне қызығушылықтың болмауы – еңбек нарығы әзірге қажетті жұмыс көшімен қамтамасыз етуде.

Соңғы жылдарда жекелеген мамандықтар бойынша кадрлар даярлауға ( сонымен бірге инженерлік-техникалық) сұраныстың едәуір төмендеуі. Мұның өзі алдағы уақытта мамандардың жетіспеушілігіне әкеліп соғуы мүмкін және оларды шет елдерден әкелуге тура келеді.

Экономиканың және тұрғындардың қоғамдық өмірінің қажеттіліктеріне сәйкес мамандар даярлауды жоспарлаудың және болжаудың тиімділігінің жеткіліксіз жүйесі.

## 3.1.3. Стратегиялық міндеттер

Білім берудің сапасын көтеру.

Білім берудің барлық деңгейдегі жүйелерін ақпараттандыру.

Білім алуға жұртшылықтың тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз ету және таңдау мүмкіндігі, білім берудің барлық деңгейдегі сабақтастығы.

Тәрбие жұмыстарын жетілдіру, оқытуды және тәрбиелеу жүйелерінің бірлігін

қамтамасыз ету.

Кәсіби білім берудің сапасын жетілдіру.

Бастауыш және орта кәсіби білім беру жүйесіндегі әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасау, экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес мамандар даярлауды жоспарлау тетігін енгізу.

Білім беруді басқару жүйесін жетілдіру, қаржыландыру жүйесінің тиімділігін көтеру.

Білім беру процесінің субъектілерін әлеуметтік қорғаудың аймақтық жүйелерін жасау.

### 3.1.4. Іс-қимылдар стратегиясы

Жыл сайын білім беру процесіне күрделі қаржы бөлу көлемін көбейту жоспарланады. Мұның өзі білім мекемелерінің оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базаларын жақсарту арқылы білім берудің сапасын едәуір жақсартуға, оқытудың жаңа стандарттарын әзірлеуге және енгізуге мүмкіндік береді.

Таяудағы жылдары мектептерде заман талабына сай жаңадан әзірленген бағдарламалар мен оқулықтарды енгізу процессі аяқталуы тиіс. Білім берудің мазмұнын жаңарту тәжірибе алғандары - N№341 және 65 бала бақшалардың базасы негізінде жүзеге асырылады, оқу-тәрбие орталықтары құрылады. NN№46, 146, 55, 143, 68 орта мектептердің және NN№247, 293, 172, 319, 67 және 335 бала бақшалардың базасында білім беру саласындағы инновациялық бағыттарды енгізу бойынша тәжірибе алғандары жұмыс істейтін болады.

Қаладағы білім берудің барлық деңгейлері және сатыларындағы оқыту сапасы оған баға берудің өлшемдерінің кешенін енгізу, оқытудың әдістемелерін әзірлеу бойынша ғылыми-әдістемелік зертхананы құру жолымен қамтамасыз етіледі.

Білім беру, оқыту және оқушыларды тәрбиелеу ұйымдары жұмыс сапасының әзірленген өлшемдер бойынша мониторингінің жүйесі енгізіледі, олардағы инновациялық қызмет мәліметтерінің жиынтығы жасалады.

Оқытудың сапасына бақылау жасау және оқушыларды сапасы төмен білім алудан қорғаудың тетіктері қалалық білім департаменті жанынан құрылатын мемлекеттік аттестаттау қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Тұрғындарға сапалы білім берудің маңызды факторы педагогикалық құрамның даярлығының деңгейі болып табылады. Алматының басқа аймақтарға қарағанда бұл мәселе бойынша мол артықшылығы бар. Себебі мамандардың біліктілігін көтерудің және қайта даярлаудың негізгі базасы оның аумағында орналасқан. Осы мәселедегі негізгі іс-қимыл бағдарламаны жетілдіру болып

табылады және ақпараттық тасқын ағымындағы талаптарға сай әдістемелік оқулармен негізделеді.

Аймақтық тұжырымдама мен бағдарламада біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау негізінде мектептер мен жоғары оқу орындары арасындағы қалыпты байланыс тұрақталады.

Бүгін Алматы қаласы республикада алғашқы болып қаланың білім беру жүйесіндегі мектептерді компьютерлендіруді аяқтады. Болашақта кәсіптік мекемелерді заманғы талапқа сай компьютер сыныптарымен толықтырмақ.

Білім беру жүйесінде тоғысқан телекоммуникация жүйесін құру және енгізу әрі қарай жалғастырылмақ, сонымен қатар әлемдік жүйеге шығу жолдары Интернет арқылы орындалмақ.

Алматы қаласындағы оқушылардың жоғары деңгейін ескере отырып, ұлттық мектептің жаңа үлгісін тәжірибе арқылы енгізу көзделуде. Тәжірибе негізінде кейбір сыныптарда бірнеше тілдерді оқыту қола алынбақ. Мәселен, математика пәні ағылшын тілінде, физика мен химия неміс тілінде, табиғаттану орыс тілінде, тарих қазақ тілінде (ресейлік патша лицейлерінің тәжірибесі) оқытылмақ. Мұндай тәжірибе арқылы оқушылардың ой-өрісі артып, дүниежүзінің таңдаған жоғары оқу орындарының түсуіне жол ашады. Бұған, әрине, Интернетте өз үлесін қоспақ.

Білім беруді басқару жүйесінде ақпарат енгізіледі. Әрбір оқу пәнінде әдістемелік оқу жоспары ұйымдастырылып, бұған қаланың оқытушылары мен алымдары тартылады. Қалалық жаңа технология орталығында тұрақты ғылыми-әдістемелік семинарлар өткізіледі. Әдістемелік оқу құралдарын арнайы орган сарапқа алып бекітеді, оған Алматы қалалық біліктілікті көтеру және кадрларды даярлау институты тұтқа болмақ.

Мектепке дейінгі тәрбие беру саласында балаларды тегін оқыту арқылы 5-6 жастан бастап баулуды мемлекет міндеттеп отыр. Әрбір отбасына балаларды жастайынан тәрбиелеуге, олардың білікті сабақтарды жан-жақты игеруіне жол ашылмақ. Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар осы сара жолды басшылыққа ала отырып, жас бүлдіршіндердің 80 пайызын қамтиды.

Қаланың әрбір ауданында тұрмысы төмен отбасы балаларына және денсаулығы төмен балаларға бюджеттік қолдау арқылы, сонымен қатар қоғамдық ұйымдармен тәуелсіз қорлардың негізінде балаларға жан-жақты білім беруге өз үлестерін қосу арқылы, бір-бірден бала-бақшасын ашу жоспарлануда.

Бүгін кейбір мектептерде балалар өте тығыз орналасқан. Болашақта оларды басқа аудандарға бөлу қарастырылды. Сондықтан соңы 10 жыл ішінде 2 орта білім беретін мектеп пайдалануға берілмек.

Дарынды балалар үшін арнаулы мамандандырылған мектептер ашу көзделуде .

Жалпы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 150 орынды мектеп-интернат, сондай-ақ осы оқу орындарында орталықтандырылған арнайы оқу-әдістемелік құралдарымен қамту және республикадан тыс жерлерден оқулықтар тартылмақ.

Оқушылар мен мұғалімдердің денсаулығына олардың жайлы әлеуметтік қорғалуына және сапалы білім алуына барлық Жағдай жасалынды. Осы тұрғыда тұрақты дәрігерлік көмек көрсетіледі, мектептерде балаларға сапалы ыстық тамақ беріледі, олардың демалысына, жаз кезінде денелерінің шынығуына барлық Жағдай жасалады. Тұрмысы төмен отбасылардың балалары үшін тамақтану тегін, оған арнайы қорлар жұмылдырылған, жастардың Жасөспірімдер үйін ашу көзделуде.

Ерекше назар қазақстандық отансүйгіштікке және азаматтылыққа бұл тұрғыдан мектептердің басты ұлттық мәдениеті мен Қазақстан халықтарының дәстүрін қалыптастыруға орталықтар кешенді тәрбие беруде. Әлеуметтік көмек беруді басты міндет ете отырып, балалардың әртүрлі жолдарға түсіп кетпеуіне үлестерін қосатын болады.

Қаланың тәжірибе мектептерінің оқу бағдарламасында республикада алғашқы болып экологиялық білім беру, жыныстық қарым-қатынастары сабақтарына оқыту, болашақта осындай пәндердің барлық мектептерде енгізілуіне күш жұмсалады.

Кәсіби мектептер аясы теміржол, электр энергетикалық және машина құрылысы жөніндегі кәсіби білім берумен толықтырылып, еңбек наркының қажеттілігіне сай кеңейтіледі. Осы салада негізгі шаралар жоғары сынып оқушыларының кәсіби білім алуына жаңа толқынды оқу бағдарламалық құжаттардың негізінде кәсіптік білім берудің жаңа жүйесімен оқыту қамтамасыз етіледі.

2002-2003 жылдары кәсіби оқу орындарында жаңа компьютерлер мультимедиалық бағдарлама бойынша оқытылады.

Кәсіптік білім беру оқу орындары еңбек нарқының қажеттілігіне сай өз жұмыстарын жоспарлайтын болады.

Қазақ тілінде оқитын оқушылар мен жастарға мемлекеттік тілде кәсіби техникалық пәндер бойынша оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету жоспары міндеттелуде.

Оқушыларға оларды сауықтыру жөніндегі кешенді бағдарламаны әзірлеп, мұнда "Білім мен балалардың денсаулығы" және "Балалар мен оқушы жастардың жазы демалысы мен еңбегін ұйымдастыру" атты бастамамен өткізіледі. Әрбір мектепте әртүрлі аурулардың алдын алу үшін дәрігердің штатын бөлу міндеті қоса белгіленуде.

Сонымен қатар оқу жоспарына және жаңа пәндер жиынтығына "Алматының

тарихы, географиясы мен мәдениеті", "Азаматтық құқықтану" пәндері қоса оқытылатын болады.

Республикалық деңгейде мемлекеттік тілде оқыту үшін бірыңғай оқу-әдістемелік құралдар даярлау қажет.

Балалардың қосымша білім алуына және пәндерден тыс көркемдік-техникалық халық творчествосын меңгеруге, әрбір шараларға белсенді қатысуына, спортпен шұғылдануына Жағдай жасалуда.

Еңбекке оқушыларды баулуға, мектептерде кәсіби бағыт-бағдар беретін жұмыстарды енгізіп, осының аясында "кәсіби-мектеп лицейін" ашу көзделуде.

Білім беру ұйымдарының жұмыс берушілермен және басқа әлеуметтік әріптестермен ұйымдық жұмыс байланысты қамтамасыз ету міндеті тұр.

Еңбек нарқын талдау және оның мониторингі және кәсіби кадрларды даярлау жөнінде Алматы қаласы әкімінің жанынан аймақтық комиссия құрылатын болады. Барлық мүдделі тараптар экономикадағы кадр қажеттілігін молықтыратын болады.

Республикалық әдістемелік негізінде білім беру, еңбек және еңбекке тарту органдарының орта мерзімге арналған бірлескен іс-қимыл шаралары жүзеге асырылады. Республикалық кәсіподақ кәсіподақтар федерациясы мен басқа әлеуметтік әріптестер білікті мамандарды даярлауды аясын кеңейтуге еңбек нарқының тұтынушылығына сәйкес кадрлармен қамтамасыз ету қола алынады.

Жергілікті кәсіптік техникалық мектептер мен лицейлерге қамқоршы болатын жұмыс берушілерді ынталандыруда жұмыс орындарда өндірістік тәжірибе өтуге республикалық деңгейде оларды материалдық ынталандыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Қалада мемлекеттік тапсырысты орналастыруға және байқау арқылы еңбекке орналастыратын мәселелермен шұғылданатын делдал ұйымдармен бірлесіп тұрғындарды еңбекке орналастыру мен қайта даярлауда оң тәжірибе жинақталған. Осы тәжірибе болашақта жалғасын таппақ.

Жоғары оқу орындарының шағын фирмаларға қысқа кәсіптік оқыту арқылы техникалық көмек беру жөнінде шаралар атқарылатын болады.

Білім беру мекемелерімен жаңа қарым-қатынас орнату жүйесін құру көзделуде. Мәселен, сапалы білім беру аудиті қызметін құру арқылы ведомстводан тыс негізде барлық деңгейде сапалы кәсіби білім алуға Жағдай жасалмақ. Ғылым, білім және еңбекке тарту саласында осы жұмысты үйлестіру ведомствоаралық жұмыс жандана түспек.

Білім беру жүйесін қаржыландыру мәселесінде білім беруді жоспарлау арқылы жүйе құрып әрбір жеке тұлғаны қаржыландырылуымен қамту болып табылады.

Кәсіби білім беретін мемлекеттік оқу орындарын қаржыландыруда

көпсалалық қаржыландыру жүйесі жүзе асады, оның ішінде жеке білім беруде несиелер енгізу, орта білім алғандарға білімін жоғарылатуда кепілдіктер беру. ( Жоғары оқу орындарының тәжірибесі негізінде).

Мұғалімдік мамандықты маңыздылығын көтеру мақсатында білім беру мекемелері арасында Алматы қаласы әкімінің ақшалай сыйлығын жеңіп алуға дәстүрлі байқаулар өткізіліп, ең үздік мұғалімдерге сыйлықтар беріліп, ынталандыру кепілдігі беріледі.

### 3.1.5. Күтілетін нәтижелер

Тоғыз жылдың ішінде 18 жалпы білім беретін мектептер есігін айқара ашады, жылына 2 мектеп салынатын болады. Оның құрылысына 25-27 млрд. теңге жұмсалады.

Орта білім беру мектептерінде 10-12% өсіп, 2005 жылдың аяғында 200-205 мың адам құрайды, 2010 жылдың соңында – 215 мың адам құрайды.

Кәсіптік техникалық мектептердегі оқушылар қатары 2005 жылдың соңында 2 есе өседі, 11-12 мың адам болады, 2010 жылдың соңында халық шаруашылығының тұтынушылығына сай 17-20 мың болады.

Орта кәсіби білім мекемелеріндегі оқушылар қатары болжамды жылдың соңында 35-40% өсіп қаланың даму экономикасына сай 25-26 мың адам құрайды.

## 3.2. Денсаулық сақтауды реформалау стратегиясы

### 3.2.1. Мақсат

Алматы тұрғындарының денсаулық Жағдайын тұрақты түрде жақсартуды қалыптастыру, денсаулық сақтау жүйесінде сырқаттың алдын алуда күшейту.

### 3.2.2. Жағдайға талдау

Қала тұрғындарының денсаулығын сақтау проблемасы перспективалы, кешенді түрде шешімін табуда, 1998 жылы қарашадан бері "Алматы қаласы тұрғындарының денсаулығы" аймақтық бағдарламасын орындау шеңберінде тиісті шаралар жүзеге асырылуда.

Медициналық қызметтер көрсетудің кепілді көлемі қамтамасыз етілуде, оның сапасын жақсартуға едәуір назар аударылады. 1999 жылдан бері бюджеттік қаржыландырудың көлемі 30 пайыздан астам өсті.

Денсаулық сақтау жүйесін реформалау тұрғындардың әртүрлі медициналық

қызметтерге деген қажеттілігін ескеріп, жүзеге асырылуда. Емдеу-диагностикалық, нашақорларды емдеу, әртүрлі жұқпалы аурулардың алдын алу сипаттағы мекемелердің қуаты артуда.

Осы жүйені лабораториялық-емханалық жәрдем беруді дамыту жағына бағыттау жүзеге асырылды, емханалардың саны өсті. Стационарлық ұйымдардың , диспансерлердің саны азайды, олардың бірнешеуіне мамандандырылған орталық мәртебесі берілді. Маңызы жағынан ғажап медициналық ұйымдар – мейірбикештік күтім жасау ауруханасы, хоспис, қазіргі заманғы медициналық диагностикалық-емдеу орталықтары, кәсіби деңгейі бойынша қаралуға арналған емханалар ұйымдастырылды.

Бірқатар медициналық ұйымдар – стоматологиялық емханалар, косметологиялық емдеу орны, дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері, шаруашылық есептегі емханалар жекешелендірілді.

Бүгінгі таңда қала аумағында 250 емхана және 57 аурухана жұмыс істеуде. Олардың ішіндегі тиісінше 41 және 49-ы мемлекеттің меншігінде. Қалалық мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарынан басқа қала тұрғындарына 16 республикалық, 3 ведомстволық ұйым, 11 ҒЗИ және 682 шаруашылық жүргізуші мемлекеттік емес субъекті медициналық жәрдем көрсетуде. 2000 жылы мемлекеттік емес денсаулық сақтау ұйымдары және емдеуді жеке жүргізетін дәрігерлер қала тұрғындарына амбулаториялық жәрдем көрсетудің жалпы көлемінің 11,3% қамтамасыз етті.

Медициналық ұйымдарды қаржыландыру принциптік жағынан біршама өзгерді. Медицина ұйымдары қызметін қаржыландырудың сметалық жүйесінен медициналық қызмет көрсетудің көлемі мен сапасы үшін қаржыландыруға көшу жүзеге асырылды. Алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем көрсетуді қаржыландыру жан басына шаққандағы мөлшерлеме бойынша, мамандандырылған амбулаториялық-емханалық жәрдем беру көрсетілген қызметтері үшін белгіленген тариф бойынша, стационарлар - емханалық-шығындар топтары бойынша жүзеге асырылады. Бұл орайда емделген адамдардың саны, сырқатының күрделігі бойынша анықталады.

Тегін медициналық жәрдем берудің кепілді көлемін көрсетуге арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру ашық конкурс негізінде қамтамасыз етіледі.

Алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем беруді дамыту мақсатында 7 дербес отбасылық дәрігерлік амбулатория құрылды және жұмыс істеуде.

Амбулаториялық-емханалық жәрдем беруге жұртшылықтың барлығының қолы жетуі қамтамасыз етілді, жыл ішінде 1 тұрғынға шаққанда оның дәрігерге қаралуы жоғары деңгейде – 7,3-тен айналды (республика бойынша – 5,4). Амбулаториялық-емханалық ұйымдардың жоспарлық қуатының 95%

пайдаланылды. Жәрдем берудің стационарлық, дәрігерлердің бірін екіншісі ауыстыру технологиясы енгізілуде, осының нәтижесінде жыл сайын сырқат адамдардың 70 мыңнан астамы немесе ауруханаға жатып емделуге тиісті адамдардың 41% ауруханаға жатпай-ақ емделеді.

Соңы жылдары ауруханалардың төсектік қуаты едәуір азайды. Алайда стационарлық жәрдем алуға деген қажеттілік оны интенсивтендірудің және ауруханаға жатқызбай-ақ емдеу технологиясын дамытудың есебінен қамтамасыз етілді. Төсектік қорды пайдаланудың тиімділігінің көрсеткіштері жақсарды – төсектер бойынша жұмыс көрсеткіші жылына 287-ден 335 күнге дейін өсті, сырқаттарды ауруханада емдеу мерзімінің ұзақтығы 13,9-дан 10,2 күнге дейін төмендетілді, әрбір сырқат адам бойынша есептегенде ауруханада емдеудің төсек бойынша айналымы 20,5-тен 33-ке дейін өсті, төсектердің мөлшерден босқа тұруына жол берілмеуде.

Тұрғындарды және медицина ұйымдарын дәрілермен қамтамасыз ету де түбегейлі өзгерді. Бүгінгі таңда ол екі бағыт бойынша жүзеге асырылуда: тұрғындарды дәрілермен тегін және жеңілдікпен қамтамасыз ету және медицина ұйымдарын дәрілермен қамтамасыз ету. Өмірлік маңызы бар дәрілермен қамтамасыз ету үшін негізгі дәрілерді алу тендер жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі, дәрілердің жекелеген түрлерімен қамтамасыз ету дәрілерді жеткізіп беруші фирмалардың бағалар бойынша ұсыныстарына талдау жасап, қамтамасыз етіледі. "Диабет" және "Өкпе ауруы" мақсатты бағдарламалары бойынша дәрілер жергілікті және республикалық бюджеттердің қаражаты есебінен орталықтандыру жолымен сатып алынады.

Әкімнің шешімімен сырқаттарға дәрілерді тегін босатуға арналған дәрілердің ассортименті кеңейтіліп, дәрілер тегін берілген сырқаттардың тізімі ұлғайтылды. Мұндай сырқаттар үшін дәрігерлердің рецептілері бойынша дәрілер тегін беріледі.

Алайда қала тұрғындарының денсаулық Жағдайы күрделі күйінде қалуда. Соңы 4 жыл ішінде байқалған тұрғындардың әрбір мыңына шаққанда баланың туылу көрсеткішінің өсуіне қарамастан (2000 жылы туу мөлшері 17 адамнан айналды, алайда оның деңгейі республикалық орташа мөлшерден төмен), тұрғындардың қайтыс болуы жоғары деңгейде қалуда. Қала бойынша оның деңгейі ептеп төмендегенмен, республикалық деңгеймен жалпы салыстырғанда жоғары күйде қалуда. Тұрғындар арасындағы ересек адамдардың қайтыс болуы қан айналымы жүйесінің бұзылуы (56%), онкологиялық сырқаттар (17%), жарақат алу және улану (11%), өкпе ауруларының созылмалы түріне (5%) байланысты болып отыр.

Тұрғындардың сырқаттану деңгейінің өсуі олардың нашақорлыққа, маскүнемдікке, ВИЧ-инфекциясы сырқаттарына шалдығуына байланысты орын

алуда.

Соңы төрт жыл ішінде жас балалардың қайтыс болуы деңгейінің жүйелі түрде төмендеуі байқалуда. Соның нәтижесінде бұл көрсеткіш әрбір 100 мың туылған сәбиге шаққанда 13,9-а төмендеді. Сәбилердің қайтыс болуының жайы туралы айтсақ, бұл мәселеде туылғанға дейін сырқатқа шалдығуының салдарынан, тыныс органдарының ауруларына шалдығып туатындардың үлес салмағы басым болуда.

Тұрғындар арасындағы мынадай сырқаттардың деңгейін: негізгі жұқпалы аурулар, өкпе ауруы, балалардың ауруға шалдығуын төмендетуге қол жетті. Бұл орайда балаларға алдын-ала вакцина егу өз нәтижесін беруде.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау жүйесіндегі заңдарының жетіспеушілігі халықтың денсаулығына келеңсіз әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасының 1998 жылы 10 шілдедегі "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 283-1 Заңына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектісін тексеру үш жылда бір ретке шектелді. Осы аталған заң бойынша, шағын субъекті кәсіпкерлігінің санаттарына қоғамдық тамақтандырумен шұғылданатын тағам өндірушілер де кіреді. Осыған байланысты осы аталған шаралар бойынша адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп туғызбас үшін санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер өте қауырт және жоғары жауапкершілікпен жұмыс істеулері қажет.

Бұған қоса, қолданыстағы заң жиынтықтарына сәйкес санитарлық заңдарды қатаң бұзған объектілердің қызметіне тыйым салу жөнінде сотқа дер кезінде мәлімет беріліп, аталған объекті тез арада жабылуы тиіс. Ал кейбір жағдайларда, олар дер кезінде жабылмағанда кейде 2-10 айдан кейін жабылып жатады, ал мұндай Жағдайда республика және қала бойынша санитарлық-эпидемиологиялық Жағдай күрт төмендеп кетуі мүмкін.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарының құқықтарын кеңейту жөніндегі заң жиынтықтарына қосымша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындап отыр.

### 3.2.2.1. Күшті жақтары

Саланың әртүрлі тармақтары бойынша денсаулықты сақтауды дамытудың орташа мерзімдік бағдарламасының болуы.

Денсаулық сақтаудың дамыған және жеткілікті мөлшерде өркендеген инфрақұрылымы.

Дамыған және тұрғындардың барлығының қолы жетуіне мүмкіндік жасалған алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем көрсету жүйесі, отбасылық дәрігерлік

амбулаториялардың жұмыс тәжірибесін енгізу. Онша қымбат емес және ауруханаға жатқызбай-ақ жәрдем көрсетудің көлемінің өсуі. 5 жасқа дейінгі балаларға алдын-ала жаппай дәрі егудің, өкпе ауруын емдеудің тиімділігі. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша белсенді және мақсатқа бағытталған жұмыстың жүргізілуі. Денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторының интенсивті дамуы. 3.2.2.2. Олқы жақтары

Саланы басқарудың және қаржыландырудың жоспарлы және нарықтық тетіктерін ұтымды үйлестіруге арналған тұжырымды негіздердің болмауы;

Пациенттің құқықтарының заңдық негіздерінің, адам ауруға шалдыққанда оған арналған әлеуметтік кепілдіктердің болмауы;

Пациенттің денсаулығына нұқсан келтіргені үшін медицина қызметкерлерін дербес жауапқа тартудың жүйесінің болмауы;

Медициналық сақтандырудың дамымауы;

Аналардың қайтыс болуының және тұрғындардың алаш рет сырқатқа шалдығуы деңгейінің жоғарылығы;

Медициналық қызметтер көрсетудің сапасын жақсарту және көлемін өсіру үшін медицина қызметкерлерін ынталандырудың нарықтық тетіктерінің болмауы . 3.2.2.3. Мүмкіндіктер Сырқатқа шалдығудың алдын-алуды және салауатты өмір салтын насихаттауды күшейту; Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық тәжірибені пайдалану, бірқатар халықаралық жобаларды жүзеге асыруға қатысу; Озық технологияларды енгізу; Саланы қаржыландырудың жүйесін жетілдіру; Жеке секторды қалыптастыру. 3.2.2.4. Қауіптер Әлеуметтік маңызы бар сырқаттардың көбеюі; Тұрғындардың төлем қабілетінің төмендігі, бұл орайда оларды ерікті түрде медициналық сақтандыруды дамытуға мүмкіндіктің болмауы ; Саланың заңдық базасының жетілдірілмеуі; Экологиялық Жағдайдың қалалықтардың денсаулығына қолайсыз әсер етуі.

Қалалықтардың денсаулығына кері әсер ететін тауарлар мен қызметтерді жарнамалау (алкоголь, темекі өнімдері және т.б.) мәселелерінің заңдық деңгейде реттелмеуі;

Дәрілердің әкелінуіне, сақталуына және сатылуына бақылау жасалмауы.

### 3.2.3. Стратегиялық міндеттер

Тұрғындардың медициналық және санитарлық-гигиеналық білім деңгейін көтеру, олардың өз денсаулығын сақтауы және нығайтуы үшін жағдайлар жасау.

Қалалық қызметтердің әлеуметтік маңызды сырқаттарымен (нашақорлық, өкпе ауруы, жыныс қатынасы арқылы берілетін аурулар, ЖҚТБ) күресте және олардың алдын-алуда секторaралық өзара тиімді, бірлесіп іс-қимыл жасау;

Тұрғындардың денсаулығының Жағдайына талдау және болжам жасаудың

сапасын, сондай-ақ оның жайын айқындайтын факторларға талдау жасаудың сапасын көтеру;

Денсаулық сақтау жүйесіне айрықша назар аударып, басқарудың тиімділігін көтеру арқылы оның алғашқы буынына басымдық беру.

### 3.2.4. Іс-қимылдар стратегиясы

Тұрғындардың денсаулығын жақсарту бойынша стратегиялық іс-қимылдар қоғамның барлық топтарының мүддесі үшін ана мен баланың денсаулығын сақтауда әділеттілікті қамтамасыз етілуіне, балалар мен жастардың, еңбекке жарамды тұрғындардың денсаулығын қамтамасыз етуге, егде адамдардың денсаулығын сақтауға, психикалық жағынан денсаулық Жағдайын жақсартуға, жұқпалы ауруларды азайтуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, денсаулық сақтау саясатының мүддесі үшін әріптестікті дамытуға, ведомствоаралық қатынастарды мөлшерлемелік-құқықтық реттеуге және тегін, кепілді медициналық жәрдемнің сапасын көтеруге бағытталып, жоспарланады.

Осы бағыттардағы оңды нәтижелерге қол жеткізу арқылы "Алматы қаласы тұрғындарының денсаулығы", "Салауатты өмір салты", "Таза ауа – жанға дауа" қалалық кешенді бағдарламаларды одан әрі жүзеге асыру, егде және қарт адамдарға медициналық жәрдем беруді жетілдіру, "Алматы қаласы тұрғындарының жарақат алуының алдын алу және төмендету" бағдарламасын, ана мен баланың денсаулығын сақтау бойынша мақсатты бағдарламаларды орындау, балаларды ана сүтімен емізуге қолдау көрсету және жәрдемдесу, әлеуметтік маңызды сырқаттармен күрес, жыныстық жолмен берілетін аурулардың, нашақорлық және наша бизнесінің және нашақорлықтың алдын алу және бақылау шараларын жүзеге асыру көзделіп отыр.

Тұрғындардың денсаулығын жақсартуды қамтамасыз ететін, келесі кезеңге арналған "Диабет", "Өкпе ауруы", "Қазақстан Республикасындағы артериялық қан тасуының алдын алу және емдеу", "Онкология" мақсатты бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру жоспарлануда.

Медициналық қызметтер көрсетудің мемлекеттік мекемелерінің қуатын сақтай отырып, дәрігерлік қызметтің жеке секторы, ақылы медициналық қызметтер, емдеудің дәстүрлі емес дәстүрін енгізу одан әрі кеңінен таралады, бірқатар мемлекеттік емдеу-алдын алу мекемелерін акционерлік қоғамға айналдыру және жекешелендіру жалғастырылады.

Қаладағы мемлекеттік медициналық мекемелердің күшімен жалпы жұртшылықты кепілді медициналық жәрдеммен қамтамасыз ету көзделуде. Олар арқылы тұрғындардың әлеуметтік жағынан қорғалатын топтарына жеңілдікпен медициналық қызметтер көрсетіліп, дәрілер беріледі. Тұрғындардың жеңілдікті

пайдаланатын топтары үшін дәрілерді тұтынудың мөлшерлерін әзірлеу қажет.

Өмірлік маңызы бар дәрілерді бөлшек сауда арқылы сату кезінде бақылау жасап, оларға бірыңғай бағалар белгілеген жөн.

Таяудағы болашақта амбулаториялық-емханалық ұйымдардың шығындарын консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсету арқылы өтеу жүйесін енгізу жоспарлануда.

Қаладағы 2 емхананың базасында модельдік отбасылық-дәрігерлік амбулатория жоспарланып отыр. Шет елдік әріптестермен бірлесіп, әйелдерге арналған Дағдарыс орталығын ашу көзделуде.

Жүрек-қан тамырлары жүйесі ауыратын азаматтар топтарына, эндрокринологиялық сырқатқа шалдыққан, әйелдерге арналған диспансерлік қадағалау жүйесін дамыту көзделуде.

Медициналық жәрдемді нормалау және стандарттау есебінен ауруханаға жатқызбай-ақ емдеу технологияларының көлемін одан әрі арттыру және сапасын жақсарту күн тәртібінде тұр. Медициналық жәрдемнің стандарттарын пысықтау, емдеуге арналған айғақтарды кеңейту үшін пилоттық күндізгі стационар құру жоспарлануда, сондай-ақ Қазақ медицина университетінің базасында емдеу-клиникалық орталығын құрған жөн болады.

Денсаулық сақтаудың мемлекеттік ұйымдарының медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілуінің мәліметтер жиынтығы жасалып, денсаулық сақтауды дамытудағы басымдықтарды ескеріп, олардың жабдықтарын орталықтандырылған жолмен жарақтандыру көзделуде.

Таяудағы болашақта медициналық сақтандырудың баламалы формаларын дамыту қажет. Бұл үшін республикалық деңгейдегі заңдық база жетілдірілуі тиіс.

Әйелдер мен балалардың сырқаттануының диагностикасы және емделуінің саласында жаңа медициналық технологиялар одан әрі енгізіледі. Балаларға арналған және әйелдердің босануына жәрдемдесетін ұйымдардың, сонымен бірге сәбиге жанашырлықпен қарайтын ауруханалар мәртебесіне ие ұйымдардың материалдық-техникалық базасын одан әрі жетілдіру көзделуде. Орта медициналық білімі бар мамандардың "Денсаулығы жақсы отбасылар", "Сенімді старт" бастамашылық бағдарламаларын енгізу, "Медбикештер елдердің өнімді денсаулығы жолында" жобасын жүзеге асыру, қалалық "Денсаулығы жақсы ата-аналар - денсаулығы жақсы балалар" клубын құру жоспарлануда.

Бала туу жасындағы әйелдердегі анемия, жүрек-қан тамырлары (гипертония ауруы және жүректің ишемиялық сырқаты), өткір респираторлық, шекті жұқпалы аурулары және вирусты гепатит сырқаттарын амбулаториялық деңгейде емдеудің халықаралық стандарттарын кеңінен енгізу көзделуде.

Балалар мен жастардың денсаулығын жақсарту "Мектептік денсаулық

пункттері" қалалық бағдарламаларын жүзеге асыру, ХДС-ның "Бала кезіндегі сырқаттарды интеграциялық жолмен емдеу стратегиясын енгізу, республикалық ҒЗИ және ҒО-мен консультациялық, стационарлық-медициналық жәрдем көрсету, жәрдем көрсетудің жекелеген түрлерін стандарттау" мәселелерінде өзара бірлесіп, іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асыру жоспарлануда. N 1 ҚБКА базасында жаңа туған сәбилерді реанимация арқылы емдеу бөлімшесін және "Қауіпсіз балалық шақ" қалалық клубын құру жоспарланып отыр.

Алдағы 5 жылда ҚР-дағы ВИЧ/ЖҚТБ-а қарсы іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру күн тәртібінде тұр.

Инфаркт миокардына шалдыққан сырқаттарға арналған стационарлық сақтыруды ұйымдастыру көзделуде.

Егде адамдардың денсаулығын сақтау үшін геронтологиялық кабинеттердің, соғыс және еңбек ардагерлері емханаларының, медбикештер күтім жасайтын ауруханалардың, хоспистің, қарттар және мүгедектер үйлерінің материалдық базасы жетілдіріледі, пансионаттар, зейнеткерлердің бос уақыттарын тиімді өткізуге арналған аумақтық орталықтар ұйымдастырылды.

Тұрғындардың психикалық денсаулығын жақсарту саласында жастарға адамгершілік-жыныстық тәрбие берудің бағдарламаларын жүзеге асыру жалғастырылады, қалалық Психикалық емдеу орталығының төсектерінің саны көбейтіледі. "Психикалық денсаулық" салалық бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру күн тәртібінде тұр.

Бақытсыз жағдайлардың, жарақат алудың және уланудың салдарынан шығындардың азайту үшін жарақаттанған сырқаттардың денсаулығын қалпына келтіріп, емдеу ұйымдастырылады.

Иммунитетті күшейтіп, сырқаттың алдын алу саласындағы қызмет иммунитеттеу кестесіне сәйкес 5 жасқа дейінгі балаларға жаппай вакцина егуді қамтамасыз етуге, В гепатитіне қарсы вакцина егілетін балалардың жас мөлшерін ұлғайтуға медицина, білім беру ұйымдарының санитарлық-эпидемиологиялық қолайлы болуына бағытталады. Инфекциялық бақылау жасау стандарттары әзірленіп, "Таза қолдар" қалалық конкурсы ұйымдастырылады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында ХДС-ның "Салауатты қалалар", "Салауатты мектептер", "Салауатты өмір салтын насихаттайтын ауруханалар", "Денсаулығы жақсы отбасылар" бағдарламаларын жүзеге асыру жоспарлануда. Әртүрлі тақырыптық акцияларды, фестивальдарды, конкурстарды , дөңгелек үстелдерді, ғылыми-практикалық конференцияларды және телехабарларды ұйымдастыру жалғастырылады. Алдағы уақытта мектептердің педагогтарын валеология пәні бойынша даярлау курстары ұйымдастырылады.

Медициналық және фармацевтік ұйымдар қызметінің және денсаулық сақтау

Жағдайының, дәрілердің адамның денсаулығына әсерінің мониторингінің бірыңғай ақпараттық жүйесін құру көзделуде.

Денсаулық сақтауды ақпараттандыруды жетілдіру, ондағы есеп берудің мақсатты кешенді бағдарламасын жүзеге асыру жалғастырылады.

Қант диабеті бойынша ұлттық тізбенің ақпараттық бағдарламасын енгізу қажет.

Қоғамдық ұйымдармен, денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара бірлесіп, тұрғындардың денсаулығын жақсарту, сонымен бірге Қазақстан дәрігерлері және провизорлары қауымдастығымен, медициналық кәсіпкерлерімен, Қоғамдық денсаулық сақтаудың жоғары мектебімен, Денсаулық сақтаудың медициналық-экономикалық проблемаларының орталығымен, АРКДЗ ҒЗИ және ҒО және т.б.-лармен бірлесе отырып, денсаулық сақтау жұмысы жандандырылады.

Отандық фармацевтік өнеркәсіпті дамыту мақсатында сапалы медициналық препараттар шығаратын кәсіпорындарға қолдау көрсетіледі.

Өнімді, жақсы денсаулық мәселелері бойынша ЮНФПА жобасын жүзеге асыру көзделуде, оның шеңберінде бауырлас қалалардың денсаулық сақтау ұйымдарымен ынтымақтастық жасау, ЖҚТБ-мен күрес мәселелері бойынша БҰҰ-мен, Бүкіләлемдік Даму Банкімен пилоттық отбасылық дәрігерлік амбулаториялар құру бойынша өзара бірлесіп іс-қимыл жасау белгіленді.

### 3.2.5. Күтілетін нәтижелер

Кепілді медициналық жәрдем берудің көлемі болжанып отырған кезеңде екі есеге ұлғаяды. Аурудың алдын алуда айрықша көзге түскен денсаулық сақтау мекемелерінің желісі толық сақталады және дамытылады. Медициналық-демографиялық Жағдайдың және халықтың денсаулығы бойынша көрсеткіштер бірқалыпқа келіп, жақсарады.

## 3.3. Тұрғындарды әлеуметтік қорғауды реформалау стратегиясы

### 3.3.1. Мақсат

Кедейліктің деңгейін төмендетуге, қайыршылықты жоюға бағытталған, тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандырудың тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру.

### 3.3.2. Қазіргі Жағдайды талдау

Тұрғындардың тұрмысы нашар топтарына нақты әлеуметтік жәрдем беру жұмысы ауқымды жүргізіледі. 1999 жылы 1 сәуірден бастап жергілікті бюджеттен баланың туылуына байланысты біржолы жәрдемақы, жұмыс істеген және жұмыссыз азаматтарға жерлеуге байланысты жәрдемақылар, баласы бар отбасыларға ай сайынғы төлемдер төлеу жүзеге асырылуда.

Алматы зейнеткерлерге ай сайын есептік көрсеткіштің 0,5 мөлшерінде арнаулы қалалық жәрдемақы төлейтін республикадағы бірден-бір аймақ болып табылады.

Тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың бір шарасы – мұқтаж отбасыларға тұрғын үй-коммуналдық қызметтер үшін ақшалай өтемақы төлеу. Соңы үш жылдағы тұрғын үй жәрдемақыларын төлеуге жасалған талдау мұндай жәрдемақыларды алушылардың саны жыл сайын 30 пайызға өсетінін көрсетеді.

Алматы қаласы бойынша кедейшілік шегі бүгінгі таңда 1891 теңге мөлшерінде белгіленді. Бұл орайда күнкөріс минимумы 4977 теңгені құрайды. Бүгінгі таңда 55 мыңға жуық адам кедейшілік шегінен де төмен Жағдайда тұр. Мұның өзі тұрғындардың барлығының 4% жуық.

Жалпы алғанда, жергілікті бюджеттің әлеуметтік қамсыздандыруға және әлеуметтік жәрдемге арналған шығындары өсуде, соңы бір ішінде олар 1,5 есеге өсті. Осыған орай Алматы қаласы бойынша мемлекеттік шығындардың жоғарыда аталған мақсаттарға үлесі 9-дан 13 пайызға дейін көбейді.

Соңы жылдары әлеуметтік мақсатқа арналған нысандар көптеп ашылуда. Айталық, республикада тұңғыш рет 74 пәтерлі әлеуметтік үй, ардагерлерге арналған 350 орынды үй, тұрақты орны жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталықтары, тәрбиеленуі қиын балаларға және жетім балаларға арналған қоғамға бейімдеу орталығы, үйсіз балаларға арналған баспана ашылды.

### 3.3.2.1. Күшті жақтар

Кедейсіздікпен және жұмыссыздықпен күрестің республикалық және қалалық бағдарламаларының болуы.

Тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың белсенді саясатының жүргізілуі.

Тұрғындарды топқа бөле отырып, тұрмысы төмен азаматтарды есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің жасалуы.

Алматы қаласының мүгедектерін қоғамға бейімдеудің 1999-2000 жылдарға арналған кешенді мақсатты бағдарламасының жүзеге асырылуы.

Қайырымдылық шараларының өрістеуі.

### 3.3.2.2. Олқы жақтары

Атаулы әлеуметтік жәрдем көрсетілуінің жеткіліксіз жария етілуі, кедейшілікті есепке алудың ресми қабылданған әдістемесі нақты Жағдайды толық көрсетпей отыр.

"Мемлекеттік атаулы жәрдем беру туралы" Заңының болмауы және басқа да мөлшерлемелік құжаттардың жетілдірілмеуі.

жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде оқитын жетім балаларға (" тастанды балалар" немесе ата-аналары ата-аналық құқықтарынан айрылған немесе ата-аналары бас бостандығынан айыру орындарында жүрген балалар) атаулы әлеуметтік жәрдем беру, сондай-ақ қайтыс болған студенттерді, жұмыспен қамту органдарында тіркелмеген, жұмыс істемейтін азаматтарды жерлеуге арналған жәрдемақылар төлеу қолданыстағы заңнамада көрсетілмеген.

Жұмыстан босатылған қызметкерлердің жеткіліксіз қорғалуы.

### 3.3.2.3. Мүмкіндіктер

Тұрғындарды әлеуметтік қорғау мәселелерінде нақтылықты және тиімділікті күшейту.

Әлеуметтік жәрдем беру жүйесінің жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін жасау, әлеуметтік жәрдем берудің техникасы мен технологиясын жаңарту.

Тұрғындардың тұрмысы нашар топтарының пайдасы үшін әлеуметтік шығындарды қайта бөлу.

Зейнетақылық активтерді инвестициялау үшін қаржы құралдарының шеңберін кеңейту.

Әлеуметтік сақтандырудың әртүрлі жолдарын енгізу арқылы тұрғындардың өзін-өзі қамтамасыз ету тетіктерін қалыптастыру және тұрғындарды осындай жақсы дағдыларға үйрету.

Халықаралық қауымдастықты кедейшілікті жоюға бағытталған республикалық саясатына қолдау көрсету.

### 3.3.2.4. Қауіптер

Тұтыну бағаларының өсуін және орташа айлық жалақының өсу деңгейін ескеріп, зейнетақыларды жүйелі индекстеудің болмауы. Зейнетақы реформасы саласындағы саясаттың жеткіліксіз жүргізілуіне байланысты тұрғындардың зейнетақы жинақтау жүйесіне қатысуының деңгейінің төмендігі. Баланың туылуына байланысты жәрдемақы төлеудің қазіргі тәжірибесі бала туу санының өсуін ынталандырмайды. 3.3.3. Стратегиялық міндеттер Тұрғындардың әлеуметтік жағынан қорғалатын топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу. Жария емес еңбек көші-қонының жолын, ішкі еңбек нарығын қорғау. Кедейшілік

шегінің деңгейін күнкөріс минимумының мөлшеріне дейін бірте-бірте жеткізу. Тұрғындардың неғұрлым тұрмысы нашар топтарын әлеуметтік қамсыздандыру. Әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу. 3.3.4. Іс-қимылдар стратегиясы

Әлемдік тәжірибені ескере отырып, кедейшілікке қарсы тиімді күрес жүргізу ұлттық өндірісті жандандыру және өзін-өзі қамтамасыз ету көздері: еңбек және кәсіпкерлікті дамыту Жағдайында ана мүмкін болады. Саясаттың барлық экономикалық, қаржы және басқа да құралдары осы жандандыруға бағытталуы тиіс.

Тұрмысы төмен азаматтарды жергілікті бюджеттен қаржыландыра отырып, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек беру жұмысын жалғастыру көзделуде.

Осы жәрдемнің тиімділігін көтеру үшін тұрмысы төмен азаматтарға әлеуметтік жәрдем берудің есебінің және мониторингінің жүйесі тұрақты жетілдіріледі. Әлеуметтік карталар негізінде тұрғындардың тұрмысы төмен топтарына қолдау көрсетудің белсенді саясатын жүргізу жалғастырылады.

Аса мұқтаж азаматтарға біржолы материалдық көмек беруді жалғастырған жөн.

Кейінірек күнкөріс минимумы жоқ адамдардың барлығы үшін мұқтаждығы бойынша жәрдемақы беруді енгізген жөн. Осындай деңгейге қол жеткізу қала бюджетінің мүмкіндіктерінің кеңеюіне қарай бірте-бірте жүзеге асырылады.

Жұмыс берушілердің зейнетақы жинақтау қорларына қаражаттарды уақтылы аударуы үшін жауапкершілік тетігін республикалық деңгейде жетілдіру қажет.

2002 жылдан бастап ҰОС-ның барлық мүгедектері және қатысушылары қалалық қоғамдық көлікте тегін жүру құқығымен қамтамасыз етіледі.

Кәсіпорындар мен ұйымдарды, қоғамдық бірлестіктер мен конфессияларды, қайырымдылық қорларын және т.б. қатыстырып, қайырымдылық акцияларын жүзеге асыру одан әрі өріс алады. Әлеуметтік жәрдем берудің жаңа тетіктерін іздестіру және енгізу шараларын қолдану жалғастырылады.

Қаланың барлық аудандарында тұрғындарға қызмет көрсетудің аумақтық орталықтары жұмыс істейтін болады.

Болжанып отырған кезеңде кезекте тұран барлық ҰОС мүгедектерінің, қатысушыларының және оларға теңестірілген адамдардың, сондай-ақ жеңілдігі бар адамдардың тұрғын үй Жағдайын муниципальдық баспаналар есебінен жақсарту көзделуде. Бұл орайда отбасының жан басына шаққандағы табысы күнкөріс минимумынан төмен, тұрмысы төмен адамдарға ана тегін баспана беріледі.

Тұрақты орны жоқ адамдарды қоғамға бейімдеудің әлеуметтік орталықтарын, жүйкесі ауыратын мүгедектерге, қарттарға және мүгедектерге арналған интернат-үйлерді ашу көзделуде.

Зейнеткерлер және мүгедектер санатындағы егде адамдарға кепілді күнелтуге

арналған табыспен қамтамасыз етуге, олардың негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін заңнамадағы олқылықтарды республикалық деңгейде жүйелі түрде түзету қажет.

Тұтыну бағаларының өсуін және орташа айлық жалақының өсу деңгейін ескеріп, зейнетақыларды жүйелі түрде индекстеген жөн.

Азаматтардың өзін-өзі қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандырылуы проблемаларын тиімді шешу мәселелеріндегі белсенділіктерін арттыру мақсатында еңбекке жарамды тұрғындарды әлеуметтік сақтандыру нарығын дамыту қажет.

3.3.5. Күтілетін нәтижелер

Кедейшілік шегінен төмен тұратын азаматтардың санын есептеу әдістемелерін жетілдіруді ескеріп, мұндай адамдардың Жағдайын күнкөріс минимумына дейін көтеру қажет. Кедейшілік шегінен төмен тұратын адамдар 30-40 мыңды құрайды. Кедейшілік шегінен төмен тұратын адамдардың санының азаюымен қатар мемлекеттік қолдаумен қамтылған тұрмысы төмен азаматтардың жалпы саны бұрынғы күйінде қалады. II БӨЛІМ Өнеркәсіптік-технологиялық саясат 1. Мақсат 1-ші кезең: 2002-2005 жылдар

Импортты алмастыру, озық технологияларды тәжірибеде байқап көру және көбейту, өнімдерді сертификаттаудың халықаралық стандарттарына көшу, экономикалық өсуді қамтамасыз ететін кәсіпорындарға селитебтік қолдау көрсету шаралары негізінде қаладағы барлық өнеркәсіптік-технологиялық кешеннің тұрақты дамуын қамтамасыз ету. II-ші кезең: 2006-2010 жылдар Экономиканың өнеркәсіптік және ғылыми-технологиялық секторларын интеграциялау жолымен дамыту. Қаланың ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге түсуге қабілетті индустриялық кешенін қалыптастыру. 2. Қазіргі Жағдайды талдау ------------------------------------------------------------------ ! 1998 ж. ! 1999 ж. ! 2000 ж. ! 2001 ж. -------------------------------------------------------------------Тауар өнімдерінің барлық көлемі - млн.теңге 59119 63857 82371 100795 өсу қарқыны 105,9 105,2 127,0 122,9 Алматы қаласы өнеркәсіптерінің өнімінің республикалық өнімнен жалпы үлесі 7,1 5,6 4,6 5,1 ----------------------------------------------------------------------

Алматы қаласы өнеркәсіптік инфрақұрылымы дамыған қалалар санатына енеді. Оның аумағында 51 ірі өнеркәсіптік кәсіпорын оларда 250ден астам адам және 129 орта кәсіпорын (50-дан астам адамы бар) және 2897 шағын кәсіпорын ( 50-ден аз адам) жұмыс істейді.

Қалада шығарылатын барлық өнімдердің 18% бірлескен кәсіпорындардың, 7% астамы шет елдік кәсіпорындардың үлесіне тиеді, өнімдердің 7% отандық кәсіпорындар арқылы өндіріледі. Оларға мемлекеттің де қосатын үлесі бар.

Өнімдердің 68% жуығы мемлекеттің қатысынсыз жұмыс істейтін кәсіпорындар арқылы өндіріледі.

Өнеркәсіптік өндіріс құрылымындағы шығарылатын барлық өнімдердің 89% өңдеуші кәсіпорындардың үлесіне тиеді (оның 35%– тағам өнеркәсібінде; 13%- электрондық жабдықтар өндірісі; 11%- қағаз өндірісі және баспа ісі; 7%- дайын металл бұйымдар өндіру; 5%– көлік құралдарын және жабдықтар өндіру; 4%– металл емес және минералды емес өнімдер өндіру; 3%– тігін-тоқыма өндірісінің; 2%– химия өнеркәсібінің үлесі). Қалада өндірілетін барлық өнімдердің 11% электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу үлесіне тиеді. Өнеркәсіптің негізгі құралдарының бағасы, оның тозуын есептен шығарғандағы бағасы 48819 млн.теңге көлемінде бағаланады, соның ішінде: тау кен өнеркәсібі - 1682 млн.теңге қайта өңдеу өнеркәсібі - 36380 млн.теңге электроэнергия, газ және су өнімдерін өндіру және тарату - 10757 млн.теңге.

Соңы жылдары кәсіпорындардағы қаржылық жағдайын жақсарту оларға қайта жаңғыртумен, жаңа техникалар мен технологияларды енгізумен айналысуға мүмкіндік берді. Мұның өзі негізгі өндірістік қорлар мен құралдардың Жағдайына қолайлы әсер етті. Айталық, 1997 жылдан бері қайта өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі қорларды жаңарту коэффициенті 6-дан 11%, электр энергиясын, газды және суды өндіру және қайта бөлуде 2,7ден 3,3% дейін өсті. Тиісінше қайта өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі қорлардың ескіру деңгейі 38-ден 33% дейін, электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу 47-ден 41% дейін төмендеп, едәуір өзгерді.

жоғарыдағы цифрлардан байқағанымыздай, қорлар мен жабдықтарды ескіру үлесі әлі де жоғары күйінде қалуда.

Сонымен бірге қаланың өнеркәсіптік қуаты толық пайдаланылып отырған жоқ. Өнеркәсіптік қуаттың толық пайдаланылмау себебі шикізат пен тетіктерін толықтыру құралдарын сатып алатын төлеу қаржысының тапшылығы, дайын өнімдерін өткізе алмау, отандық сапалы шикізаттың тапшылығы, сонымен қатар менеджмент пен маркетинг деңгейінің төмендігі себеп болып отыр.

Өнеркәсіп кәсіпорындарының кейбір түйінде мәселелерін шешу республикалық органдардың құзыретіне кіреді.

а) "Қорғаныс кешені".

Алматы қаласының қорғаныс кешеніне "Машина жасау зауыты" АҚ және " Алатау" АҚ кәсіпорындары кіреді.

"Машина жасау зауыты" АҚ арнайы мақсаттағы өнімнің 90 пайызын шығарады. Оған негізгі тапсырыс беруші – Ресей. Кәсіпорын қорғаныс саласындағы өнімдерді даярлау мен сынақ жұмыстарын өткізіп, осы өнімдердің жаңа үлгісін өндіріске енгізуге дейін жұмыстар атқарады.

"Алатау" АҚ Радиоэлектроника және Байланыс Ұлттық Орталығының

құрамында республикамыздың қорғаныс өнеркәсібін дамытудағы мемлекеттік бағдарламаға кіреді, бірақ арнайы өндіріс тапсырысымен қамтамасыз етілмейді.

ҚР Энергетика және қорғаныс министрлері Алматы қаласындағы қорғаныс кәсіпорындарына тапсырыс беру мен оны қаржыландыруды көздесін, сондай-ақ " Алатау" АҚ кәсіпорнын жеке жолмен республикадағы қорғаныс кешенін мемлекеттік дамыту бағдарламасына жеке жолмен қосып жазу.

б) "Алматы биокомбинаты"

Алматы биокомбинаты мамандандырылған технологиялық тораптарды шығаруда 70 жылдық тәжірибесі бар. жоғары білікті мамандар ауыл шаруашылығына арналған жоғары сапалы биопрепаттарды шығаруға мамандандырылған. 2001 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылық минінің өткізген тендер жұмыстары бойынша осы өнімді шығаруға 20 млн. теңгеге тапсырыс алған. Оның қуаттылығы 20% құрайды.

Кәсіпорын сібір обасы ауруларын таратпау үшін оларға арналған заман талабына сай дәрі-дәрмектерді шығаруда республикамыздың мал шаруашылығы саласын толығымен қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрі осы кәсіпорындарға қажетті тапсырыстар беруге ықпал етсін.

в) "шағын автомобильдерді шығару өндіріс жобасын жүзеге асыру"

Қазақстан мен Қытай Үкіметтері арасында 1999 жылдың шілдесінде Қытайдың "Қазақстан ФАВ ЛТД (Найза)" ЖШС БК-а жеңіл несие беру келісіміне қол қойылған. Қазіргі уақытта бірлескен кәсіпорында жаңа цехтар мен жабдықтар орналастырылған, мұнда 67 адам жұмыс істейді. Бірақ әлі де несие бөлінген емес. Қазақстан Республикасының Сыртқы ісмині Қытай Халық Республикасының елшілігіне өткен жылдың 23 мамырында арнайы нота тапсырған. Бірақ нәтиже жоқ.

Қазақстан Республикасының Үкіметі аталған мәселені шешуге көмегі қажет.

г)"Берешекті өтеу туралы"

"АЗТМ" АҚ жоғары сапалы технологиялық кешендегі құбырларды, прокаттық жабдықтарды шығарумен шұғылданады. Дәл қазір импортты алмастыру бағдарламасына белсенді қатысуда. Кәсіпорынның дамуына оның берешегі қолбайлау болып отыр. Осындай Жағдай "Іскер" АҚ-да, " Қазқалдықметалл" кәсіпорнында қалыптасқан.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "АЗТМ" АҚ-а Карметкомбинаттың 102 млн. теңге сомасындағы берешегін өтеуге араласуы қажет.

Соңы бірнеше жылдан бері қаладағы шағын кәсіпкерлікті дамыту бойынша интенсивті шаралар қолданылуда. Оны еркін кәсіпкерлік аймағы деп жариялағалы бері 3 жыл өтті. Содан бері экономиканың нақты секторының құрылымына және даму көлеміне ықпалы артуда.

Кәсіпкерлердің өз нысандарының меншік иесі болуға ұмтылысын қолдау үшін "Алматы қаласының аумағындағы пәтерлерді, тұрғын үйлердің жер төлелерін және жапсарлас салынған үй-жайларды кәсіпкерлік қызмет нысаны ретінде қайта жаңартудың тәртібі туралы" шешім әзірленді.

Бүгінгі таңда кәсіпкерлерге 2,2 мыңнан астам нысан, жер учаскесін қоса алғанда, жала берілді және қайтарымсыз берілді. Кәсіпкерлік қызмет нысаны ретінде 2,5 мыңға жуық пәтер қайтадан жабдықталды. Үйлердің бірінші қабаттарын қайта жабдықтауға және қаланың инфрақұрылымы үшін 11 млрд. теңге инвестиция бөлінді.

Мысалға "Фанкор интернешнл" кәсіпорнының жұмысын алуға болады. Ол қысқа мерзімде жоғары сапалы, экологиялық таза антикоррозиялық бояуын шығарды. Кәсіпорын негізінде арнайы топырақ шығарумен кәсіптенеді, оған республикамыздағы мұнай шығару саласында күннен күнге сұраныс өсіп отыр, сонымен қатар энергетика және ауыр өндіріс объектілері де қажет етеді. Кәсіпорынның үш сменадағы жұмыс уақытындағы қуаты бір жылда 2500 тонна бояу шығаруға есептелген. 2002 жылдың ішінде өз қаражаттарының есебінде коррозияны кетіретін паста шығарылу жоспарлануда.

Бизнес-инкубатор аталатын өнеркәсіптік аймақтарды дамыту Тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Оның аумағында 30-дан астам кәсіпорын жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда қала экономикасының мүддесі үшін 24 мыңнан астам шағын кәсіпорын жұмыс істейді. Кәсіпкерлік саласында қызмет етушілердің саны 13% артып, 217 мың адамға жетті. шағын бизнес 130 млрд. теңгенің тауарларын өндіріп, жұмыстар мен қызметтерін атқарады. Мұның өзі Алматы қаласының жиынтық-аймақтық өнімінің шамамен үштен бір бөлігін құрайды.

Сонымен бірге шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі жасайтын бірқатар проблемалар бар. Атап айтқанда, өндірістік үй-жайлар және материалдық ресурстарды алуда қиындықтар бар, көптеген шағын кәсіпорындардың қаржылық қамтамасыз етілуінің деңгейі төмен. Соның салдарынан капиталды алғашқы кезеңде жинақтауда, қолайлы шарттар бойынша несиелер алуда қиындық туады.

Материалдық өндіріс саласында шағын бизнестің дамуына мынадай жағдайлар қолайсыз әсер етеді: өндірістік инфрақұрылымның жетілдірілмеуі, арнаулы жабдықтардың жетіспеушілігі, ақпараттық базаның нашарлығы, кадрларды даярлауға арналған қаржы тапшылығы.

Көптеген елдердің ала қарай дамуындағы басты маңыз сол елдің экономикалық дамуы мен қуаттылығы болып табылады. Оған ғылыми-техникалық прогресс және өндірістегі жетістіктер, жаңа технологияларды құру, инновациялық қызметті ынталандыру шарттары тікелей

ықпал етеді. Әсіресе, осы тұрғыдан айтқанда, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау үлгісі технологиялық парктерді құру болып табылады.

Алатау поселкесіндегі технологиялық паркті құру Тұжырымдамасы республикамыздағы ғылым мен техниканың үздік жетістігі болып табылады. Осы тұжырымдама министрліктер мен ведомстволарда қаралу үстінде.

Республикалық атқарушы органдардың технопарктерді және басқа инновациялық ұйымдар қызметінің заңдар жиынтығын әзірлеуге қатысуы.

Өндірістің өсу нүктелері. Соңы жылдары кеден және салық жеңілдіктерін беру, басым инвестициялық жобалар бойынша несие беру, импорт алмастыруды мемлекеттік бағдарламасына қатысу, банкроттауды және т.б. қолдана отырып, өндірістерді сауықтыру арқылы кәсіпорындарға селективтік қолдау көрсету шаралары қолданылды. Мұның өзі 1996 жылдан бері өндірістің құлдырауын тоқтатуға және өнімдерді тұрақты түрде көптеп шығаруға мүмкіндік берді. 2001 жылдың қорытындылары бойынша өнім өндіру 23% өсті. Тағам, химия, металлургия өнеркәсібінде, резина және пластмасса бұйымдарын, электр, электрондық жабдықтар шығару саласында өнімдерді көптеп өндіру қамтамасыз етілді. Төменде, қала кәсіпорындарының тізімі келтірілген, олардың өнімдерінің үлесі қала бойынша шығарылған өнімнің үштен бірін құрайды, олардың ары қарай дамуы қала экономикасына маңызды мультипликативті әсерін тигізеді. ---- ------------------------------------------------------------ Кәсіпорындар !2001 ж. ! өсу қарқыны, (%) !өнім ! !көлемі ! 2001 ж. ! 2005 ж. ! 2010 ж. ! ! 2001 ! 2002 ! 2002 ! ! жылға ! жылға ! жылға ------------------------------------------------------------------- Қала бойынша, барлығы, млн.теңге 100795 122,9 133,1 154 Машина мен жабдықтар өндіру "ААМЖЗ(АЗТМ)" ААҚ 814 123,4 115 130 "СП Белкамит" ААҚ 631 125,1 135 150 Көлік жабдықтарын өндіру "ЫРЫСТЫ АЭВРЗ" ААҚ 1468 189 115 135 Алматы вагон жөндеу депосы 1398 - 106 122 Электроэнергия, су, газ өнімдерін өндіру және буды тарату "АПК" ЖАҚ 3773 96,6 110 120 " Алматыжылуэнергия" ААҚ 1510 95,1 103 116 Металдан жасалатын дайын бұйымдарды шығару "Латон" ЖШС 1171 61,4 111 120 "Кастинг" ЖШС 2410 540,4 120 145 Металдан емес минералды өнімдерді шығару "Асфальтобетон" ААҚ 1560 244,9 120 140 Химиялық өнеркәсіп "Үркер Косметик" ЖЖС ӨКФ 560 97,6 105 150 Жеңіл өнеркәсіп "АММК Тоқыма компаниясы" ААҚ 537 147,1 130 140 Тамақ өнеркәсібі "Маргарин заводы" ААҚ 3589 205,1 120 135 "Алматы чай" ЖШС 1145 103,6 107 125 "Беккер и К" БК 1298 109,6 118 125 "Рахат" ААҚ 4234 114,8 118 125 N 1 Сыра заводы 1030 105,4 126 140 -------------------------------------- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

Үстіміздегі жылдың басынан 43 жаңа кәсіпорын құрылып, 100 кәсіпорын өзінің өрісін кеңейтті, 4 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылып қалпына келтірілді.

Несие ресурстарына сұраныс. Қалада республикалық органдарға бағытталған басым инвестициялық жобалардың, сондай-ақ Интернет жүйесі арқылы таратылған, сыртқы және ішкі инвесторлар арқылы тұсауы кесілген инвестициялық жобалардың тізбесі әзірленді. Мәліметтер жиынтығын тұрақты жаңарту жұмысы жүргізілуде.

Бүгінгі таңда өнеркәсіптік секторды дамытуға арналған несие ресурстарына деген сұраныс шамамен 65 млн. АҚШ долларына бағаланады.

Машина жасау кешенінде автобустарды, автомобиль тіркемелерін, троллейбустарды, "КАМАЗ" машиналарын, мини-автобустарды, суаруға және құмдарды өңдеуге арналған машиналар шығаруды және жаппай шығаруды өркендетуге инвестициялар қажет. Осы мақсаттарға арналған несие ресурстарына қажеттілік 17 млн. АҚШ долларына бағаланады.

"Жайлау" компаниясының базасында скважиналарды тереңдетіп бұрғылауға арналған қозғалмалы айналатын тетігі бар бұрғылар қондырғыларын жаппай шығаруы мүмкін (1 млн. АҚШ доллары).

"Ырысты АЭВРЗ" ЖАҚ зауыты барлық үлгідегі жолаушылар вагондарын, теміржолдарға арналған тартатын электр двигательдерін жөндеумен айналысады. Осында қысқа мерзімде республиканың қажеттілігін қанағаттандыру үшін қазіргі заманғы жолаушылар вагондарын шығаруды игеруге болады. Оған қажетті инвестициялардың көлемі – 10 млн. АҚШ доллары.

"Алатау" АҚ-ның өндірістік алаңдарында жаңа радио аппаратураларды, электр энергиясын, электронды есептегіштерді шығару ісі игерілуі мүмкін. Тұтынылған энергияны автоматты есептеудің ақпаратты өлшеу жүйелерінің телеметрлік датчиктері ретінде пайдаланылады. Сондай-ақ осы кәсіпорында асқазан-ішек ауруларын емдеуге арналған медициналық жабдықты шығару ісі игеріледі (6 млн. АҚШ доллары).

"Мұнайаспап" ААҚ-нда автомобильдерге жанар май құю станцияларына арналған жаңа жабдықты шығару жоспарланып отыр (300 мың АҚШ доллары).

Сапасы жақсартылған маталарды, тоқыма кездемелерін және тігін бұйымдарын шығару үшін жабдықтарды жарақтандыру, "АММК-ОЗАТ" АҚ-ның кәсіпорындарында, қаланың жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында, трикотаж комбинатында жаңа технологиялық циклдер жасау қажет. Қажетті инвестициялардың көлемі 20 млн. АҚШ долларына бағаланады.

"Темір Кон" кәсіпорнының базасында жоғары сапалы электродтарды және болаттардың көптеген түрлерінің талшықтарынан бұйымдарды жаппай шығару қола алынады. Қазіргі уақытта республикада мұндай өнімдер шығарылмайды. Қазақстанның бүкіл аумағында осындай өнімдерге деген сұраныс көп. Қажетті инвестициялар - 1 млн. теңге.

Жаңа медициналық, ветеринарлық препараттарды, сонымен бірге сібір

күйдіргісіне қарсы қолданылатын вакциналарды өндіру қысқа мерзімде Алматы биокомбинатында және фармацевтикалық фабрикада игерілуі мүмкін (500 мың АҚШ доллары).

Сонымен қатар, бюджет және инвесторлар қаржысы есебінен Алматы қаласында Алатау кешеніндегі ядролық орталық жүйесінің негізінде технологиялық парк құру жобасын жүзеге асыру жоспарлануда.

Республикалық салалар бағдарламасы он аймаққа негіздеу. Қала экономикасының дамуына импорт алмастыру жұмыстары қолайлы Жағдай тудырып отыр. Қаланың 80 кәсіпорындары республикамыздың импорталмастыру бағдарламасының белсенді мүшесі болды, олар арқылы өткен жылы жалпы сомасы 6 млрд. теңгені шартры жасалды. Бүгінгі таңда олардың 83 пайызы орындалды. Импорт алмастыру бағдарламасына қатысу қала кәсіпорындарына өздерінің өндірістерін жандандыруға, жұмыстылық мәселелерін және басқа әлеуметті мәселелерін шешуге көмектеседі.

"Жетісу" АҚ айналым құралдарының жоқтығынан 5 жыл жұмыс істемей тұрды. 2000 жылдың желтоқсанында импорт алмастыру бағдарламасына қатысудың нәтижесінде 1,5 млн. АҚШ доллар көлемінде несие алуға мүмкіншілік туды. Ол қысқа мерзімнің ішінде өндірісті іске қосуға және арнаулы аяқ киімдер, әйелдер, балалар аяқ киімін шығаруды жолға қойды.

Осы мерзім ішінде "ЫРЫСТЫ-АЭВРЗ" АҚ-да өнім шығару, бағдарлама бекіткен шектен 2001 жылы 2 есеге артты. 385 жаңа жұмыс орындары ашылды, еңбек ақы 20 пайызға өсті.

"АЗТМ" АҚ-да осы мерзім ішінде өзінің шығарған өнімін сатуы бір жарым есе өсті, бірнеше есе мұнай өндіру жабдықтарын шығаруы артты.

Өнім шығару 2000 жылмен салыстырғанда "Іскер" АҚ-да 4,5 есе артты, соның нәтижесінде қосымша 146 жаңа жұмыс орнын ашуға және кәсіпорын жұмысшыларының жалақыларының деңгейін 30% көтеруге мүмкіндік тудырды. Бюджетке салық төлемдерінің көлемі 4 есе өсті. Кәсіпорын "КАМАЗ" автомобильдерін құрастыруды жолға қойды.

Сапа мен стандарттау жүйесін ендіру. Көптеген кәсіпорындарға сапа жүйесі дүниежүзілік ИСО 9000,9001 стандарты деңгейінде енгізіліп отыр.

Соның біреуі республикамыздың машина шығару кешенінің кәсіпорыны, халықаралық стандартты енгізіп отырған "Белкамит" ААҚ, яғни осы күнде АСМЕ сапа сертификатын жалғыз иеленушісі болып табылады, ол ИСО 9001 сертификатынан басқа. Содан басқа, ол Орталық Азиядағы Америкалық инженер-механиктер Ассоциациясының сосуд шығаруға берген сертификатын иеленуші жалғыз кәсіпорын, ол АСМЕ кодының талабы бойынша жұмыс істейді.

Қазақстанда ұшақ техникаларын жөндеуден өткізуге лицензиясы бар жалғыз

кәсіпорын "Авиаремонтный завод 405" ААҚ болып табылады. Жөндеу кәсіпорнына сәйкес деген сертификаты бар. ҚР қорғаныс өнеркәсібі Комитетінде қарулық техникалар МИ-8 тікұшақтарын және басқа да түрлерін жөндеуге, техникалық қызмет және сақтауға лицензия алынды.

Қолайлы кедендік режим жасаудың нәтижесінде ашытқы, маргарин заводтарында, кілем тоқу фабрикаларының және обой шығаратын "Әйгерім" кәсіпорнының мемлекеттік демпингке қарсы қолдауға ие болған кәсіпорындардың жұмыс көрсеткіштері жақсарды.

Мемлекеттік жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдау бағдарламасының шегінде несие жолын ашу есебінде "Тоқыма компаниясы АММК" ААҚ-да өндірістің көлемі артып және жұмыс орнының қалпына келтірілді.

Республикалық Инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру бағытында Алматы қаласының аймақтық инновациялық даму бағдарламасы әзірленді. Онда ұзақ мерзімге қаланың инновациялық дамуының басымды бағыттары анықталды. Соның бір басымды бағыты болып технопарк құру және басқа ғылыми-өнеркәсіптік бірлестіктер болып табылады.

Жыл сайын, өнеркәсіптік-технологиялық кешенін дамыту мемлекеттік бағдарламасын аймақтық саясатқа келтіру мақсатында қала әкімінің іс-қимыл жоспары әзірленеді, оған импорт алмастыру шаралары, халықаралық сапа жүйесін енгізу, жұмыс істемей тұран өндірістерді іске қосу, жаңа өнімдерді шығаруды игеру, жаңа технологияларды енгізу, жұмыс істеп тұран өндірістерді кеңейту, жаңа кәсіпорындар ашу, қосымша жұмыс орындарын ашу кіреді.

Жобалар бойынша инвестиция тарту. Шетел инвестициясын тарту нәтижесінде көптеген қала кәсіпорындарының тауар өнімдері дүниежүзілік деңгейге шықты. Соның ішінде ең бір айқын мысал инвестиция тарту жағынан келесіні айтуға болады.

Бұрынғы "Гидромаш" заводының орнында біріккен қазақстан-америка-италиандық кәсіпорын БК "Белкамит" ААҚ құрылды, ол халықаралық BSI-SUPCO компания құрамына кіреді. Кәсіпорын мұнай және газ өнімдерін қайта өңдеу үшін жабдықтар, сосудтар, қысыммен жұмыс істейтін, сұйық газдарды сақтауға және тасымалдауа арналған криогенді ыдыстар шығарумен айналысады. АҚШ Үкіметімен кәсіпорынға көлемі 4,6 млн.теңге грант бөлініп және көлемі 6,0 млн.теңге инвестиция шығарылды. Бұл қаржылар технологиялық өндірісті қайта жабдықтауға, инженерлік инфрақұрылымға, жабдықтар сатып алуға, кадрлар оқытуға жұмсалды. Осы уақытта өте жоғары өндіріс жаңа түрдегі темірді сваркілеу және балқыту әдісі және жылу алмастыру аппараттарының әртүрлі типі игерілінді.

Шетел инвестициясын тарту нәтижесінде көлемі 201 млн.теңге сырақайнату заводы іске қосылды, ол жоғары сапалы сыра шығарады. Көлемі 74 млн.теңге

түрік инвестициясы бойынша осындай заводтың құрылысы іске асуда.

"Маргариновый завод" БК-ның 98% акциясын швейцария фирмасы "Накоста" сатып алды, ол өндірісті қайта жаңғырту үшін көлемі 24 млн. АҚШ доллар инвестиция жұмсады.

ААҚ "Авиаремонтный завод 405" 2001 жылы наурызда ағылшын "Тройка ЛТД" компаниясына сенімді басқаруға берілді. Келісім шарт бойынша компания өндірісті дамыту үшін 5 жыл ішінде көлемі 14 млн.АҚШ доллары инвестиция жұмсауы тиіс және кредиторлар алдындағы қарызды өтеу көзделген.

"Кастинг" ЖАҚ-да металл өнімдерін шығаруда жаңа технологияны игерді, ол болатты өңдеудің жаңа технологиясын және жабдықтар және металлургия және мұнайгаз кешеніне арналған жабдықтар шығаруды игерді.

"Эл Джи Электроникс Алматы Казахстан" ААҚ-да инвестиция қорларын тарту нәтижесінде бақталасты электрондық өнім шығара бастады. 1999 жылда Оңтүстік Корея көлемі 21 млн.теңге инвестиция бөлінді.

"Каспиан Индастриаз ЛТД" Компаниясымен өндіріске жоғары сапалы ауыз су "Vita" енгізілді.

Шетел капиталының қатысы және аймақтық экономикаға қатысуы. 2001 жылы шетел инвестициясының күрделі құрылыстағы көлемі шамамен 1,6 млрд.теңге құрады, болмаса 7% барлық жалпы көлемнен құрайды. Статистиканың деректеріне сүйенсек, шетел инвестициясы көбінесе сауда, тамақтандыру, мейманхана, көлік және байланыс жүйелеріне салынған (50% шетел және бірлескен фирмалар).

Соның ішінде 2001 жылы жапон инвесторларының көлемі 818 млн.теңге қаржысы "Алматы-1" станциясындағы жолаушылар депосын қайта жабдықтауға жұмсалған, Корея инвесторларының 420 млн.теңге қаржысы "Отырар" сауда орталығының құрылысына жұмсалған. Америка инвесторларының 109 млн.теңге қаржысы қаланың ойын-сауық индустриясын дамытуға жұмсалған.

Сонымен, шетел компаниялары табысты жүйе қызметтеріне шоғырланған. Сонда да шетел инвестициясының қала экономикасындағы өсуі, оның әлі ашылмай жатқан қырлары бар екенін және оның қаржы-қызықтыру орталығы екенін дәлелдейді.

Шетел компанияларының қызығуы және шетел капиталының аймақтағы қатысуы. Қалалық статистиканың мәліметтері бойынша қалада өндірілетін өнімдердің 25 пайызы шет елдік және бірлескен кәсіпорындардың үлесіне тиеді. Өндірістің жоғары технологиялық салаларына бөлінетін инвестициялар құрылымы бойынша (телекоммуникациялар, ақпараттық жүйелер, желілік технологиялар және т.б.) мынадай қорытынды шығаруға болады. Шет елдік компаниялардың Алматы нарығына деген қызығушылығы жедел өсуде. Қазір қаланың аумағында 2 мыңнан астам бірлескен және шет елдік компаниялар

жұмыс істейді, олардың жиынтық жарғылық қорлары 100 млрд. теңгені құрайды. Өндірістік өніммен 130 компания айналысады.

Сол өзімізде бар өнеркәсіптік, жоғары ғылыми және білім қуаты, экономикамызды қайта құру барысындағы жеткен табыстар және ашықтығы, қолайлы инвестициялық Жағдай қаламызға инвестицияны көбірек тартуға Жағдай жасайды, оны жоғары көрсетілгендерден көруге болады.

Еңбек ресурстарының 2002-2005 жылдарындағы және 2006-2010 жылдарындағы даму динамикасы. 2001 жылы бағаланым бойынша қаланың өнеркәсібінде 70 мың адам жұмыс істегені анықталды. Мұның өзі экономикалық қызметтің барлық түрлерінде жұмыс істейтіндердің жалпы санының 13% және Алматының еңбек ресурстарының 9% құрайды. 2005 жылға таяу өнеркәсіптік секторда жұмыс істейтіндер 11%, ал 2010 жылға таяу 17% өседі. Мұның өзі тиісінше 77 және 90 мың адамды құрайды. 2.2. Өнеркәсіп секторының Жағдайы 2.2.1. Күшті жақтары Күшті өндірістік қуат бар. Меншікке көзқарас реформаланды, нарықтың дербес субъектілері қалыптасты. Өнеркәсіпті, кәсіпкерлікті және инновациялық дамудың қалалық бағдарламаларының болуы. Өндірістік қорларды жаңарту процессі жандандырылды. 1996 жылдан бері өндірістің құлдырауы тоқтатылды, өндіріс тұрақталды және оны толық қалпына келтіру басталды. Шет елдік әріптестердің және бірлескен өндірістердің санының едәуір өсуі. жоғары ғылыми-техникалық, кадр және қаржы қуаты. Нысандардың және жобалық ұсыныстардың инвестициялық тартымдылығы. шағын кәсіпкерліктің интенсивті дамуы. Кәсіпкерлі қолдаудың жаңа формаларының жасалуы, кәсіпкерліктің іскерлік белсенділігінің артуы, оның жария етілуі. 2.2.2. Олқы жақтары Өңдеу өнеркәсібінің салаларындағы тозған және ескірген өндірістер мен технологиялардың үлесінің жоғары болуы. Кооперациялық байланыстардың жеткіліксіз дамуы. Тоқтап тұран өндірістік қуаттардың болуы. Өнеркәсіптік сектордың ғылыми-техникалық және қаржы салаларымен нашар байланысы. Қаржы ресурстарының қымбатшылығы және өндірістік қорлармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі. 2.2.3. Мүмкіндіктер Импортты алмастыратын және экспортқа бағытталған кәсіпорындардың дамуы. "Өсу нүктелерін" жасау. Тоқтап тұран өндірістік қорларды пайдаланып, шағын және орта бизнесті дамыту.

Кәсіпорындарды өнеркәсіптік кешендерге немесе топтарға біріктіріп, олардың мақсаттарының және қаржыларының ортақтығы негізінде мамандандыру.

Кооперацияны және интеграциялауды дамыту.

"Алатау" поселкесінде технопарк жасау.

Алматы қаласының инновациялық дамуының аймақтық бағдарламасын жүзеге асыру.

Тоқтап тұран ірі өндірістерді сегменттеудің қалалық бағдарламасын жүзеге асыру, шағын бизнес кәсіпорындарының техникалық жағынан қайта жарақтануына жәрдемдесу.

Ірі, орта және шағын кәсіпорындар арасындағы кооперациялық байланыстарды дамыту.

Шағын бизнестің инфрақұрылымдарына несие беруді жетілдіру және дамыту.

### 2.2.4. Қауіптер

Қаражаттың жетіспеушілігінен ғылымның қаржыландырылуының төмендігі.

жоғары технологиялық және салық төлейтін салаларды жасаудың басымдығын көздейтін мемлекеттік өнеркәсіптік саясаттың жетілдірілмеуі және нақтыланбауы, өңдеу салаларының бәсекелесу қабілетінен айырылуы.

Өнеркәсіптік саясат шараларының және қаржылық тұрақтандыру шараларының ымыраласпауының күшеюі. Пайдаланылмай тұран негізгі қорларды берудің тетіктерін жетілдіру бойынша тиімді шаралардың қолданылмауынан кәсіпкерліктің дамуының кідіруі, несие ресурстарына жұртшылықтың барлығының бірдей қолы жете бермейді. 3. Стратегиялық міндеттер Жалпы алғанда алдымыздағы жылдарда өнеркәсіптік-техникалық саясатты жүргізуді жүзеге асырудағы басымды болып: - технологиялық қайта құру; - ішкі экономикалық өсуді және салааралық, аймақаралық, сонымен қатар мемлекетаралық шаруашылық байланыстарын және кооперациясын дамуын қамтамасыз ету; - корпоративті құрылымдарды құру, ішкі және сыртқы рынокты экспансиялау; - ақпараттық техника мен технологияны кең көлемде енгізу; - ғылыми-техникалық жүйені коммерциялауға жатқызу. Өндірістік-технологиялық саясатты жүргізуде келесі екі кезең көзделеді:

Бірінші кезең: 2002-2005 жылдар. Бұл кезеңде тиімді өнеркәсіптік саясатты импорт алмастыру, қаланың ғылыми потенциалын және инновациялық-технологиялық дамуына бағытталған мүмкіндігін қолдана отырып әзірлеу көзделеді. Бұл кезеңде өндірістік кәсіпорындардың барлық потенциалын, ірі, орта және шағын кәсіпорындар арасындағы кооперациялық байланыстарды дамытуды қамтамасыз ету міндеттеледі.

Екінші кезең: 2006-2010 жылдары. Бұл кезең барлық өнеркәсіптік-технологиялық кешеннің қалыпты дамуын, тұрақты экспорттық блоктың құрылуын, өндірістік өнімдердің құрамын оңтайлы өзгерту, жоғары технология және жаңалықтар жеке қорын құруды, ғылыми-техникалық жүйені коммерциализациялауды көздейді. жоғары аталғандарды тиянақтай отырып 2010 жылға дейінгі негізгі стратегиялық міндет болып: Өнеркәсіптік саясатты

жүргізуде мемлекеттік реттеуді жұмылдыру шаралары. Экономикалық дамуды және әлеуметтік дамуды қамтамасыз ететін кәсіпорындардың дамуы. Тоқтап тұран ірі өндіріс орындарын сегменттеу бағдарламаларын толық жүзеге асыру. шағын өнеркәсіп кәсіпорындарды технологиялық жағынан қайта құру, ірі, орта және шағын кәсіпорындар арасындағы кооперациялық байланыстарды дамыту. Өсу аймақтарының "нүктелерін" жасау және дамыту. Озық технологияларды әзірлеу, тәжірибеде байқап құру және көбейту негізінде өнеркәсіпті технологиялық жағынан қайта құру, Алматы қаласын дамытудың 2002-2008 жылдарға арналған аймақтық инновациялық бағдарламасын жүзеге асыру. Құрылымдық қайта құрулар жасау, ішкі және сыртқы рынокты экспансиялау. Ғылыми-техникалық өрісті коммерциализациялау.

## 4. Іс-қимылдар стратегиясы

4.1. Өндірістік-технологиялық саясаттың негізгі инструменті 4.1.1. Жалпы жүйелік шаралар.

Қаржы және инвестиция өрісінде өндірістік кәсіпорынның қайта құрудағы ерекшелігі жабдықтардың және өндірістік алаңдардың үдемелі түрде босатылып оларды келесі шағын кәсіпорындарға берілуі болып табылады.

Бос тұран жабдықтарды беруде бақылауды жүзеге асыру үшін лизинг орталығы құрылатын болады.(І кезең: 2002-2005 ж.ж).

шағын өнеркәсіптік кәсіпорындарды техникалық жабдықтауды ұйымдастыру жөнінде шаралар қолдану көзделген. Бұл мақсатта технологиялық трансферт Орталығын ашылуы жоспарлануда. Ол арнаулы ақпаратты талдау және енгізу, кәсіпкерлерді ең жаңа технология туралы, жаңа технология өнімдеріне сұранысын ақпаратпен қамтамасыз ететін орган болып табылады (І кезең: 2002-2005 жылдар).

Негізінде бұл орталық қолда бар өндірістік қуаттарды тиімді пайдалану, шағын, ірі және орта кәсіпорындар арасындағы өзара әріптестік қатынастарды дамыту, тиісті өнімдерге сұранымын, сонымен қатар осы өнімдерді шығаруды жолға қоюға, анықтама орталығы болады. Технологиялық трансферт жүйесін ұйымдастыру, шағын кәсіпкерешіліктің өзінің жеке жоғары техникалық жабдықтардың базасын құруға мүмкіндік береді, экспортқа бағытталған өндірістерін ұйымдастыруға себеп болады.

Кәсіпорындардың бос жатқан алаңдар және жабдықтар тізімін тұрақты өзгертулер енгізіп әзірлеу, анықтама кітапшаларын шығару, ақпараттың бюллетендер, компьютерлік ақпараттық жүйелерді пайдалану жоспарлануда (І кезең: 2002-2005 жылдар).

Қалалық бюджеттен бөлінетін жеңілдік несие жүйесіне өзгертулер енгізу жоспарлануда. Ол несиелендірудің мерзімін ұзарту, қаржы көлемін 2010 жылға дейін 150-ден 200 млн. теңгеге дейін жеткізу көзделуде. Қолда бар басымды

жобаларға толықтырулар мен өзгертулер енгізіледі. (I және II кезең: 2002-2010 ж ж . ) .

шағын кәсіпкершілікті дамыту қорын, банкілік емес қаржы мекемесін құру көзделуде. Кішігірім несие беру сызбасы жаңадан бой көтеріп келе жатқан кәсіпкерлерге жеңілдетілген түрде бағытталады, тек кепілдік немесе кепілші құжаттарының мүмкіндігі болған Жағдайда. (I кезең: 20022005 жылдар).

Табиғи монополия мен монополияға қарсы реттеу өрісінде қалалық монополия компаниялардың жұмысының тиімділігін арттыру бағытына орай жалғастырылады. (I және II кезең: 2002-2010 жж.).

Табиғи монополия субъектілерінің шығындарының құрамын оңтайлау жөніндегі шаралар жүргізіледі, қор-энергия сақтау технологиялары енгізіледі, берілетін қызметтердің сапасын көтеру жөніндегі шаралар қолданылады.

Монополист-кәсіпорындардың көрсетілетін қызметтерінің, жұмыстарының бағасының өсуін байсалдату мақсатында, тариф сметаларын және тариф жобаларын бұқара алдында, дөңгелек стол басында ҰОА мен Жұмыс ардагерлерінің қатысуымен, АБҚ, кәсіпорын басшыларымен тыңдау жүргізіледі.

Негізгі міндеттің біреуі ол қор көздерін табу, тауарлардың бағасын және тарифін түсіру, және шаруашылықтардың өзара келісулеріне жол бермеу шаралары болып табылады.

I кезең 2002-2005 жылдар мерзімінде француз Үкіметімен біріге "Алматы қаласындағы сумен жабдықтау жүйесін қайта жабдықтау және жаңарту" жобасын жүзеге асыру басты міндет болып табылады. Осы жобаның шеңберінде "Женераль Дез О" компаниясының ноу-хауын және жаңа технологиясын енгізу негізінде қаланың суды тазартуға арналған жаңа қондырғылар орнатылады барлық құбырлармен ағатын жуындыларды өңдеуге де ерекше көңіл бөлінеді.

Коммуналды меншік мәртебесінде АПК энерго кешенінің жұмысын тиімді пайдалану көзделуде. Бұл мақсатта арнаулы энергосақтау бағдарламасы әзірленеді.

Стандартизация жөнінде қалада сапаның және технологиялардың қауымдастығын құран жөн. Бұл орайда өзінің сауда маркасы бар сапалық төлқұжаттарды жасау мақсатында ірі азық-түлік өнімдерін өндірушілер оған мүше болып енуі тиіс.

Осы жұмыстың шеңберінде азық-түліктер бойынша қауымдастықтар одақтарын ұйымдастыруға жәрдем көрсетіледі.

Алдымыздағы 5 жылда (I кезең) ИСО 9000, ИСО 9001, ИСО 9002, 9004 халықаралық стандарттар бойынша сертификатталған сапа жүйелерін енгізу жоспарлануда (ЖАҚ "Фонкорн Интернешнл", Нан завод№1, "Беккер и К" БК, " Азимут Энерджи Сервисез" ААҚ, "Төре" ЖШС, "Каспиан Индастриес ЛТД" ЖШС, "Текстильная компания АХБК", Автобусжинақтау заводы, "Алатау" АҚ, "

Жылуэнергожабдықтау" АҚ, "Ремдортехника" АҚ, "Машзавод" АҚ және басқалары).

Сыртқы сауда саясаты өрісінде импортты алмастыруды дамыту бағдарламасына көптеген қала кәсіпорындары қатыстырылады. Алматы қаласындағы 2002 жылы ақпан айындағы мәжілісте қатысқан кәсіпорындар тізімі 30% өсті өткен жылмен салыстырғанда. Ары қарай республикамыздың үлкен мұнайгаз компанияларымен, металлургия заводтарымен өзара қарым қатынас үдей түспек, ол "Өскемен титан-магний комбинаты" ААҚ, "Теңгізшевройл" ЖШС, "Харикейн-Кумколь-Мұнай" ААҚ, Евразиялық энергетикалық компаниясы, "Қазцинк" ААҚ және басқалары. Бұл әрекет бұдан әрі бірнеше жылға созылмақ. Соның нәтижесінде басымды сала кәсіпорындардың экспорториентациясына көңіл бөлінеді. (II кезең: 2006-2010 жж.).

Жұмыс істеп тұран ірі және орта кәсіпорындар бойынша талдау жүргізіп олардың сұранымдарын, тізімін, көлемін, әкелінетін тауарлардың баға көрсеткіштерін аныктау мақсатында, ол өз өнімдерін шығаруға тиісті заттар, сонымен қатар жергілікті рыноктың экономикалық тиімділігі жағынан қарағанда шағын кәсіпорындардың мақсатты шығаруларын ұйымдастыру үшін анықтауға керек. (I кезең: 2002-2005 жж.).

Ғылыми-техникалық өрісте қаладағы өнеркәсіптік саясатты жүргізудің бір түрі конъюнктуралық зерттеулер жүргізу болады. (I кезең: 2002-2005 жж.).

Алынған техникалар мен технологиялар түрлерінің номенклатурасына талдау жасалып, оларды әлемдік стандарт деңгейіне жеткізіп, қаланың өнеркәсіптік Жағдайына бейімдеу көзделуде. Осы жұмыстағы басымдық - ғылыми зерттеулерді өнеркәсіптік өндірістің талабына бағындыру болады.

Өнеркәсіптік кәсіпорындарды жаңадан енгізілген технологияларға бейімдеу үшін ғылыми-техникалық өнімдерді жарнамалауды ұйымдастырып, технологияларды алушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер жиынтығын жасап, алдыңғы қатарлы кәсіпорындарда зерттеулер жүргізіп, каталогтар мен ақпараттық бюллетеньдер әзірлеу күн тәртібінде тұр. (I және II кезең: 2002-2010 жж.).

Өнеркәсіптегі прогрессивті құрылымдық қайта құруларға қол жеткізуге жағдайлар жасау арқылы өнеркәсіптік секторды дамыту бағдарламаларын ана емес, сонымен бірге шағын бағдарламаларды әзірлеу көзделуде. Айталық, "Өнеркәсіптегі ғылыми-техникалық прогресті дамыту", "Қалалық кәсіпорындарды сыртқы экономикалық қызметке тарту", "Алматы қаласы және Алматы облысы арасындағы интеграциялық байланыстарды дамыту" және т.б. (II кезең: 2006-2010 жж.).

Шет елдік іскер топтардың бағдарламаларымен және шағын бағдарламаларымен кеңінен таныстыру жүзеге асырылады. Оларды әзірлеуге

ҒЗИ-лар, ЖОО-лар, осы салада тәжірибесі бар өнеркәсіптік палаталар, өнеркәсіптік кәсіпорындардың кадрлық қуаты қатыстырылады. (І және ІІ кезең: 2002-2010 жж.).

Институциялық өрісте. Қалада тиімді өнеркәсіптік саясатты жүргізу мақсатында талдау және практикалық функцияларды бөлісе отырып, қалалық әкімшілікте өнеркәсіптік басқару құрылымын реформалау жүргізілді. Талдау функциясында тиісті бір қайта құруларды, конъюнктуралық зерттеулерді, бағдарламалар мен шағын бағдарламаларды жасау көрініс табады. Практикалық функция - өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыру.

Мемлекетке Алматы қаласы кәсіпорындарының аз бөлігі ана тиесілі. Сондықтан өнеркәсіп саясатын мемлекеттік пакетті басқару арқылы жүргізу өте тиімсіз болып отыр.

Алматы қаласындағы ҒЗИ-лардағы, жоғары оқу орындарындағы және басқа да ғылыми білім беру құрылымдарында методологиялық, ғылыми, технологиялық және кадрлық базаларды пайдалана отырып, өнеркәсіптік саясатты жүргізген жөн. (І және ІІ кезең: 2002-2010 жж.).

Әртүрлі арнаулы құрылымдар ашылуына соның ішінде Маркетингтік зерттеу орталығын құрылуына ықпал жасалады. Ол рыноктағы өтімділігін, шағын кәсіпорынның басымды бағыттарын анықтауға себебін тигізеді (І кезең: 2002-2005 жж.).

Өнеркәсіптегі шағын шаруашылық түрін дамыту мақсатында қарастырылған:

өнеркәсіп аймақтарын және қаланың барлық аудандарында инкубаторларды дамыту (І кезең: 2002-2005 жж.)

Халықаралық ынтымақтастық орталығын құру (І кезең: 2002-2005 жж.);

Кәсіпкершілікті дамыту барысында құқықтық жағдайларды қалпына келтіру жөніндегі, жала төлемдеріне жеңілдік бекіту, басымды тауар түрлерін өндіруге ынталандыру, салық жеңілдігін беру, жеңілдетілген банк несиесі, шағын кәсіпорынның инфрақұрылымын дамыту, ақпаратты-кеңес және ғылыми-техникалық орталықтарын құру шаралары қабылданады деп көзделуде ( І және ІІ кезең: 2002-2010 жж.).

Қаладағы жүргізіліп отырған өнеркәсіптік саясат міндетті түрде мемлекеттік өнеркәсіптік саладағы құрылымдарды қайта құру саясатымен үйлестірілуі тиіс. Нақ осылай мемлекеттік өнеркәсіптік саясаттың нұсқамаларын қорларды қайта тарату арқылы және оларды басымды бағыттарға арнамайтын болса, онда бұл жұмыс нәтижесін бермейді.

Алдағы он жылға арналған мемлекеттік өнеркәсіптік саясатта мыналар көрініс табуы тиіс:

- іргелі зерттеулерді мемлекет тарапынан қаржыландыруды ұлғайту, ғылыми әзірленімдер және оларды енгізу бойынша көтермелеу, шағын бизнеске тоқтап

тұран өндірістік қорларды беру мәселесінде құқықтық көмек беру;
- кәсіпорындарға салық бойынша жеңілдік беру, заемдық ресурстар үшін банкілік пайыздарды төмендету;
- өндірісті дамытуға бағытталған өнеркәсіпте корпорациялар құруға құқықтық жәрдемдесу;
- агроөнеркәсіптік интеграцияны реттеу;
- өнеркәсіптің бәсекелесу қабілеті төмен және дипрессивтік блоктары бойынша селективтік қолдау көрсету немесе жеңілдікпен несие беру, бұлардың қатарына жеңіл, ағаш өңдеу өнеркәсіптері және басқа салалар енеді;
- шағын және орта кәсіпорындарын технологиялық бір жүйемен байланысқан, болмаса тапсырыстар бойынша жұмыс істейтін құру, әзірлеу және енгізу жобаларын ынталандыру.

### 4.1.2. Селективтік шаралар

1996-1998 жылдары Алматыда бәсеке күресінде жеңілудің өркениетті формасы ретінде кәсіпорындарды банкротқа ұшырату тәртібі жүргізілді. 1999 жылдан бері бұл тәртіп, негізінен, бәсекелестікті дамыту және жаңа тиімді кәсіпорындарды қалыптастырудың жолы ретінде қолданылуда.

Алдағы уақытта банкротқа ұшырату тетіктерін қолдану кезінде өнеркәсіптік кәсіпорындардың бір бөлігі дәлелді себептер бойынша қиын Жағдайда екені және реформалар стратегиясын дұрыс таңдаса, олар бәсекелесу қабілеті бар өнімдерді шығара алатыны ескеріледі. (I кезең: 20022005 жж.).

Мұндай кәсіпорындарға олардың жұмыс істеуі үшін кешенді шаралар әзірленуі тиіс. Соның ішінде:
- жеңілдетілген тарифтер мен салықтар бекітілуі;
- импорт алмастыру және тендер механизмін қолдану;
- БК құру және "өсу точкасын" құру;
- жер участкелерін ең төменгі бағамен сату;
- интеграциялық байланыстарды дамыту.

Осы шаралардың барлығы тек мемлекеттік өнеркәсіптік саясатпен үйлестірілуі тиіс.

Кәсіпорындардың жұмысын жолға қоюды дамыту үшін басқа кәсіпорындардың мүліктік кешенін құру оңтайлы.

Төлеуге қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта құру барысында кәсіпорындардың активтері біріктіріледі және ұтымды бағамен отандық және шетел сондай өнім шығарушы және өткізу рыногында өздерін жақсы жағынан көрсеткен кәсіпорындарына ұсынылады.

Қызықтыратын активтер портфелі құрылады, анықтамалар, ақпараттық

компьютерлік бағдарламалар шығарылады, потенциалды инвесторларды анықтау үшін зерттеулер жүргізіледі.

Мұндай қайта құру өнеркәсіптік кешен және өнеркәсіптік кооперацияны дамыту барысындағы бір механизм болуы мүмкін.

Қазіргі кезде қала әкімшілігінде жұмыс істемей тұран ірі кәсіпорындарын салалық сегментация бағдарламасы әзірленіп жатыр. Онда әр қайсысына бөлек ұсыныстар дайындалады. (I кезең: 2002-2005 жж.).

## 4.2. Өнеркәсіптік-технологиялық саясаттың салалық бағыттары

4.2.1. Экспортқа бағытталған салалар. Қала өнеркәсібіндегі қалыптасқан Жағдай мен бағыттарды ескеріп, өнеркәсіптің даму стратегиясында секторлар мен кәсіпорындарды басым дамыту көзделуі тиіс. Бұл орайда экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешуді қамтамасыз ететін кәсіпорындарға қолдау көрсетіліп, қолда бар өнеркәсіптік қуатты барынша пайдалану қажет.

Алматы қаласы үшін бұлар - тамақ, жеңіл, тоқыма өнеркәсібі, машина жасау және металл өңдеу, электроника, фармация, химия өнеркәсібі. Қолдау стратегиясын таңдағанда кәсіпорындар мен салаларды құтқаруды және дамытуды қамтамасыз ететін селитебтік тәсілді басшылыққа алған жөн.

Экспортқабағыштау блогын құру бағытында мультипликативті тиімділік алу мақсатында негізгі акцент инновациялық дамуға жасалады. Әлемдік экономиканың даму бағыты экономикалық өсу қарқынына инновациялық қызмет ықпалының артып отырғанын көрсетеді. Нарықтың талаптары инновациялық белсенділікті күшейтуге және экономикалық қызметтегі ғылыми әзірленімдерді кеңінен таратуға жағдайлар жасауды қажет етеді.

Алматы қаласының салалық ерекшелігі – онда жоғары ғылыми-техникалық қуаттың болуы. Мұның өзі жаңа экономикалық саясатты жүргізуші ретіндегі оның рөлін айқындауы тиіс.

Ұзақ жылдар бойы Алматы қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың біртұтас мемлекеттік саясатын жүргізу мақсатында ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдаланып, Алматы қаласының инновациялық дамуының 2002-2008 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру басталды.

Осы бағдарламаға сәйкес қысқа мерзімде тексеріп, онда барлық жетістіктерді енгізуге болатын кәсіпорындар басым дамытылады. Олардың қатарында "Сайман " ЖАҚ, "РТЗ" АҚ, "Іскер" ААҚ, "Алмас" ғылыми енгізу орталығы, "Жайлау" компаниясы, "Искомтранссервис" ЖШС және көптеген кәсіпорындар бар.

Қазір Алматы қаласында "Алатау" поселкесіндегі ядролық орталықтың базасында технопарк жасау жобасы әзірленді. Жобада нақты мүмкіндіктер, Ядролық физика институтының және бірлескен Қазақстан-Америка

кәсіпорнының инвесторлармен және инновациялық жобалары мен жұмыс тәжірибесі ескерілді. (I кезең: 2002-2005 жж.).

2002 жылы бұрынғы Темекі комбинатының базасында өнеркәсіптік парк жобасын жүзеге асыру басталады.

2) Экспорт блогын құрушы.

Химия өнеркәсібінде "Үркер Косметик" ПУФ базасында косметикалық бұйымдарды өндіру (өсу қарқыны 1,5-2 есе құрайды) және үнділік, ресейлік жабдықтарды орнату арқылы өндірістерді қайта жаңартуды жоспарлаған " Жаңафарм" ЖШС-ның және "Қызылмай" ЖШС-ның дәрілерін шығару басымдықпен жандана түседі (I кезең: 2002-2005 жж.).

жоғары сапалы медициналық дәрі-дәрмектер қысқа мерзімде өндіру Алматы биокомбинатында жолға қойылуы мүмкін. Ол 70 жыл осы салада жұмыс стажы бар кәсіпорын. Сонымен қатар, осы қысқа мерзімде малшаруашылығының осы кездегі сібір жарасын емдеуге сұранысын қанағаттандыра алады, тек мемлекеттік тапсырыс болса ана. (I және II кезең: 2002-2010 жж.).

4.2.2. Ішкі бағыттағы салалар. Қаладағы өнеркәсіптің негізін өңдеу саласы құрайды. Алайда, оның дамуы шет елдік инвесторларды онша қызықтырмайды. Себебі бұл өздерінің дайын өнімдерін өткізу нарығын жоғалтуға әкеліп соғады.

Сондай-ақ Алматыда өнімдерді импортқа шығару негізінде қалыптасқан едәуір сауда капиталы жинақталды. Сауда капиталы экономиканың нақты секторымен өзара бірлесіп, ынтымақтастық жасауының бір формасы – сауда-өнеркәсіптік бірлестіктер құру. Осындай құрылымдар сауда, өнеркәсіптік, ғылыми және қаржы ұйымдарының стратегиялық әріптестігін қамтамасыз етуге жәрдемдеседі (II кезең: 2002-2010 жж.).

Қайта өңдеу және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын интеграциялау қалалық кәсіпорындардың бірлестіктермен, фермерлік шаруашылықтармен өзара іс-қимыл жасау моделін әзірлеп, пысықтау жолымен жүргізіледі. Алматы қаласында орналасқан бас кәсіпорындар, айталық, жабдықтарды, лизингі түрінде алу арқылы шағын әріптестеріне жәрдем бере алады, өнімдерді міндетті түрде сатып алу, жаңа өнімдерді өндіруді игеру, кадрларды оқыту және т.б. арқылы көмектесе алады (I кезең: 2002-2005 жж.).

Қайта өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарынан тұратын компаниялар құру, шикізаттарды мұқият қайта өңдеуге бағытталған, "егінжай-зауытсауда" принципі бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің және сауда кәсіпорындарының компанияларын құру жедел жүргізілуі тиіс. Мұндай компанияларға орташа мерзімді, пайызсыз несиелер берілуі тиіс. Алматы облысы және Алматы қаласының әкімдері арасында жасалған тиісті келісімді жүзеге асыруды жандандырған жөн (I кезең: 2002-2005 жж.).

Мұндай компаниялардың акциялары "қалталы" инвесторлар үшін зор

қызығушылық туғызады, қала және облыс әкімшіліктерінің құрылтайшылыққа қатысуы осы инвестициялардың сенімділігіне кепілдік береді.

## 1. Жоғары бәсекелестік блок

Бүгінгі таңда тамақ өнеркәсібіне айрықша көңіл бөлу қажет. Бұл салада соңы 5 жыл ішінде өнім өндіру қабілеті артып отыр. Орташа жылдың өсімі 18% құрайды. Бұл сала инвестиция тартуға және кәсіпкершілік қызметін дамытуға мүмкіндік береді.

а) Бәсекелесу қабілеті бар өнімдерді өндіруге арналған ұзақ мерзімді "арзан" несиелерді және айналымдағы қаржыларды толықтыруға арналған қысқа мерзімді несиелердің пайдалану арқылы тағам өнеркәсібінің проблемаларын шешу күн тәртібінде тұр.

Бұл сала қуаттарды жеңілдету, өндіріс алаңдарын пайдалану және жаңа технологияларды енгізу бойынша шараларды жүзеге асыруда плацдармның рөлін атқара алады.

Бұрынғы Жеміс-консерві зауытының аумағында өсудің нүктелік аймағын жасау бойынша тәжірибе өткізілуі мүмкін. Себебі оның аумағында өндірісті қайта өркендетуге мүмкіндіктер бар (І кезең: 2002-2005 жж.).

13 га аумағы бар Жеміс-консерві зауыты 1997 жылы банкрот деп жарияланды . Содан бері оның аумағында бірнеше шағын кәсіпорын орналастырылды. Қазіргі уақытта балалар тағамы цехы коммуналдық меншікке берілді және оны іске қосу мәселесі шешілуде. Алайда, өндіріс алаңдары мен жабдықтардың негізгі бөлігі әзірге қажетсіз болып отыр.

Жобаны жүзеге асыру үшін оған мемлекеттік және жергілікті деңгейлерде қолдау көрсету шаралары қолданылуы тиіс.

Тағам өнеркәсібін интенсивті дамыту импортты толық алмастыруға мүмкіндік береді.

Қайта өңдеу кешенін дамыту перспективасында Жеміс-консерві зауытының базасында қаланың көптеген кәсіпорындарының мүмкіндіктерін пайдаланып, оны жабдықтармен, құралдармен, өндірістің қазіргі заманғы технологияларының әзірленімдерімен, дизайн, өнімдерді орап салу және т.б. бойынша жәрдемдесіп, бұл мәселе оң шешімін табуы тиіс.

б) Электроэнергетика. Алматы қаласының негізгі электро және жылу энергияларын өндіруші "АПК" ЖАҚ болып табылады. Оның құрамына ТЭЦ-1, ТЭЦ-2, ТЭЦ-3, Қапшағай ГЭС, ГЭС каскад, жылу және энергетикалық жүйе кәсіпорындары кіреді. Электрлік және жылулық станцияларының бекітілген қуаты 1239 Мвт және 1812 Гкал. құрайды.

І кезең: 2002-2005 жж.. Алматы энергия жүйесі толық Алматы қаласы коммуналдық меншігіне берілген. Ол кешеннің энергия сақтау бағдарламасын

орындау барысында тиімді және сенімді жұмыс атқаруына мүмкіндік береді, соның ішінде электроэнергияны жылыту және ыстық сумен пайдалану үшін де.

АПК кешенін дамыту үшін бірінші кезеңде көлемі 22,2 млрд.теңге (2006 жылға дейін) инвестиция жоспарлануда.

Электро және жылу энергиясының жылдық жұмсау көлемі 11% артады деп күтілуде, ол нормадан тыс жоғалтуларды қысқарту, жаңа (Талдықорған) аймақтардың қосылуы және жалпы экономиканың өсуі нәтижесінде қол жеткізілген.

II кезең: 2002-2005 жж. энергетика рыногында энергетика кешені жоғары тиімді және жоғары бәсекелестік энерго жүйені құрайды. Табыс көзінің бір бөлігін қаланың басқа инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндігін тудырады.

## 2. Орта бәсекелестік блок

а) Машина жасау.

Қалада машина жасау саласындағы өнеркәсіптік саясатты жүргізу келесі мәселелерді көздеуі тиіс (республикадағы базаларды және оның қажеттілігін ескеріп):

- импортты алуды толық тоқтату мақсатында өнеркәсіпке және ауыл шаруашылығы техникаларына қажетті қосалқы бөлшектерді өндіруді ұйымдастыру және шығаруды игеру;
- автокөліктің және электр көлік құралдарының өндірістік базасын дамыту;
- халық шаруашылығына арналған телевизия, компьютер, есептеу аппаратураларын және құралдарын шығаруды дамыту.

Қаладағы машина жасау кешені, негізінен, өзінің тиісті саласын сақтайды. Машина жасау өнеркәсібін дамытудағы негізгі мақсат-ішкі өнім шығаруды көбейту және еліміздің экономикасын қажетті машиналармен, кепілдік мерзімі бар және кепілдік мерзімі біткен соң сервистік қызмет көрсетілетін жабдықтармен және қосалқы бөлшектермен барынша толық қамтамасыз етуге арналған бәсекелесу қабілеті бар, өндірістік-техникалық мақсатқа арналған өнімдер шығаруға басымдықпен көшу. Талдаудың көрсеткеніндей, өндірістік қуаттарының едәуір резерві және пайдаланылмай тұран өндірістік алаңдары бар қазіргі машина жасау кешені жұмыс істеп тұран кәсіпорындарды қайта жаңарту және техникалық жарақтандыру есебінен саланы жедел дамытуға мүмкіндік береді.

"Алатау" АҚ қорғаныс кешеніне жатады. Сондықтан оның республиканың қорғаныс өнеркәсібін дамыту және конверсиялаудың мемлекеттік бағдарламасына жеке енгізген жөн (I кезең: 2002 ж.).

"Белкамит" БК-да республиканың мұнай, газ өндіретін салаларына арналған

аса үлкен ыдыстарды шығару көлемін арттыру және өнім өндіру көлемін кемінде 50% арттыру жоспарлануда (I және II кезең: 20022010 жж.).

"ААМЖЗ" АҚ-да мұнайайдау және басқа мұнайгаз кешендеріне арналған жабдықтар өндіру жоспарлануда (I кезең: 2002-2005 жж.).

"Машзауыт" АҚ-да жаңа тұрмыстық техникаларды, бу қазандарын, қуаты 100 -ден 1000 квт. дейінгі қою отынды пайдаланып, су жылытуға арналған қазандарды өндіру игеріледі. Темір жолға, автокөліктер және троллейбус шаруашылықтарына арналған жабдықтар үшін арнаулы тапсырыс бойынша қосалқы бөлшектер шығару жоспарлануда.

"Машзауыт" АҚ қорғаныс кешеніне жатады және ол осы мақсатқа арналған өнімдерді" 90 пайызын өндіреді. Перспективалық қорғаныс технологиялық ұйымдастыру, жобалау, жасау және енгізу бойынша кәсіпорындардағы мүмкіндіктерді пайдаланып мемлекеттік деңгейде шаралар қолдану қажет (I кезең: 2002 ж.).

"Электромаш" ААҚ-дағы өнімдерді өндіру қазақстандық моделдегі троллейбустарды құрастыруды игеру арқылы жүзеге асырылуда, сондай-ақ троллейбустарды күрделі жөндеу көлемі ұлғайтылды. Электр көлікке арналған қосалқы бөлшектер шығару арта түседі(I кезең: 2002-2005 жж.). Соның арқасында кәсіпорында қаланың басқа да метрополитеннің техникалық жабдықтары мен тетіктерін шығару мүмкіндігі бар (II кезең: 20062010 жж.). Автобус құрастыру зауытында тіркемелер және 30 тонналық тіркемелер шығару белгіленді, автобустарға, тіркемелерге арналған сырлау кешені енгізіледі (I кезең : 2002-2005 жж.).

"АТЦ-405" АҚ-да ҚР Қорғаныс министрлігімен тік ұшақтарды жөндеуге және жарақтандыруға арналған контрактіні жүзеге асыру есебінен өнім өндіру көлемін 54 пайызға ұлғайту жоспарлануда. Кәсіпорын толықтай республикамыздың сұранымын қанағаттандырып сыртқы рынокқа шығуға мүмкіндігі бар (I және II кезең: 2002-2010 жж.).

"ІскерГаз" ААҚ-да мини-автобустарды өндіруді игеру және оны екі есеге көбейту, арнаулы автомобильдерді шығаруды 3 есеге көбейту көзделуде (I кезең: 2002-2005 жж.).

"Іскер" АҚ-да "Камаз" автомобильдерін жаппай өндіру және жасалған шарттар шеңберінде темір жол шаруашылығына арналған қосалқы бөлшектерді өндіруді ұлғайту есебінен өнімдер өндіруді бір жарым есеге көбейту жоспарлануда.

Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасын жүзеге асыру арқылы машина жасау кәсіпорындарының жанынан негізгі кәсіпорынның мұқтажы үшін қажетті бөлшектер шығаруға бағытталған шаруашылықты жүргізудің шағын формаларын құруды ынталандыру жолымен қажет бөлшектерді шығару

Жағдайын жақсарту көзделуде (І кезең: 2002-2005 жж.).

б) құрылыс материалдарын өндіру.

Келешекте бұл саланың кәсіпорындарында өнімнің өсуі өнімдердің жаңа түрлерін игеру арқылы, инвестициялық Жағдайдың өсуіне байланысты ішкі нарықта сұранымның өсуі арқылы қол жеткізіледі. Алдымыздағы 3-4 жыл ішінде кәсіпорындарда жаңа тауар өнімдері игеріледі: цемент-құм черепицалар және сапасы жақсартылған жылу сақтағыш материалдарды шығаруды игеру есебінен өнімдерді өндіруді ұлғайтуға қол жеткізіледі, тротуарлық плиткаларды шығаратын жаңа қуаттарды енгізу белгіленді, құрақ қоспаларды өндіретін қосымша тасқындық жүйе іске қосылады.

### 3. Төменгі бәсекедегі блок.

Бұл блокқа жеңіл өнеркәсіп жатады. Жеңіл өнеркәсіптегі Жағдай күрделілек, алайда мұнда да тәуір перспективалар бар. Кейбір кәсіпорындар демпингке қарсы қолдауға, жеңілдігі бар несиеге ие болды және олар "аяқтарынан тұрып", жақсы жұмыс істеуде.

Айталық, "Жетісу" АҚ-да жыл басынан бері 400-ге жуық жұмыс орны ашылды. Бірақ нарық Жағдайында үстемдік жүргізу үшін жеке қолтаңбаға, дәстүрлерге ие болып, өзіне тән марканы жасау қажет. Қалалық әкімшіліктің іс-қимылдары осы кәсіпорындарды дамытуға Жағдай жасауға бағытталады.

Несие алу есебінен айналымдағы қаражаттар көлемін ұлғайту, шығарылатын өнімдердің ассортиментін көбейту жоспарлануда, аяқкиімдер шығару көлемі 2-3 есеге артады деп жоспарлануда (ІІ кезең: 20062010 жж.).

"Бірлесу" АҚ-да ресейлік алымдармен бірлесе отырып, халық тұтынатын тауарларды шығаруға арналған бұрын пайдаланылған шикізаттарды қайта өңдеудің жаңа технологияларын пайдалану мүмкіндігі әзірленуде. Таяудағы жылдары өнім өндіру көлемін 2-3 есеге ұлғайту жоспарлануда (ІІ кезең: 2006-2010 жж.).

Сала кәсіпорындарының негізгі міндеттері – тұрғындардың сұранысын ескеріп, жеңіл өнеркәсіп тауарларымен ішкі нарықты толтыру, дайын өнімдерді экспортқа шығаруды жандандыру, бірте-бірте сыртқы нарыққа шығу және шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындардың санын азайту.

4.3. Коммерциялизациялауға тез қабілеті бар жоғары технологиялы өндіріс пен салалар топтары.

Бұл сала тобына ақпараттық технологияның барлық бағыттағы түрлері

ж а т а д ы .

Соның ішінде, химия өнеркәсібі, осы қысқа мерзімнің ішінде рынокті жоғары сапалы отандық өнімдермен қамтамасыз ете алады және ауыл шаруашылығы үшін керекті биологиялық дәрі-дәрмек түрлерін шығаруға мүмкіндіктеқстаннан басқа да Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан бола алуына мүмкіншілік бар (II кезең: 2006-2010 жж.).

"Электромаш" БК ААҚ-да троллейбустарды жинауын жолға қойылуы, республикамыздың электрокөлігінің паркін толық жаңалауға мүмкіндік береді, жоғары бәсекелестік өнім республикамыздың нарығының 80%-ын қамтамасыз етіп отырғанын есепке алғанда. Бұл Жағдай осындай өнімнің импортын толық тоқтатады (II кезең: 2006-2010 жж.).

Минералды-шикізат кешеніндегі жұмыстарды арттыру барысында алмаз бұрғылау құралдарына сұраным артады, ол осы күнде толық шетелден әкелінеді. Мұндай өнім шығару басқа Орталық Азия республикаларында жоқ. Сонымен, өнім дүниежүзілік нарықта толық сұранымды болады (I кезең: 2002-2005 жж.).

"ЫРЫСТЫ-АЭВРЗ" ААҚ-ы Қазақстан аумағындағы жалғыз шойынжол үшін жолаушы вагондарын жөндеу жөніндегі тапсырысты орындаушы кәсіпорын, соның есебінде алдағы уақытта өзінің өнімін шектелмеген ішкі нарықта өткізу мүмкіндігі бар (I кезең: 2002-2005 жж.).

"Алатау" АҚ қысқа мерзімде ГСА-1 сваркелік газогенераторды жаппай шығаруды игере алады. Өткізу нарығында ондай өнім жоқ, сондықтан тұрақты сатып алушылар болып отандық және алыс шетел, жақын шетел кәсіпорындары болуы мүмкін (I кезең: 2002-2005 жж.).

"АММК-ОЗАТ" ААҚ шығаратын өнім алыс және жақын шетелге экспортқа шығарылады. Компанияның бір жылда 100 млн. метр табиғи таза жоғары сапалы кездемелер (шыт, бязь, сәтен, твид, помази) шығаруға мүмкіндігі бар. Олар дүние жүзінің барлық елдерінде сұранымды, бірінші кезекте соның ішінде АҚШ, Италия, Испания, Канада, Эстония, Россия, Корея, Германия, Украина. (I және II кезең: 2002-2010 жж.).

"Алматы кілем" ААҚ республикамызда жалғыз кілем және кілем бұйымдарын шығарушы кәсіпорын және ТМД елдерінің ішіндегі ені 4 метр кілем шығарушы. Сондықтан тұрақты сатып алушылар болып жақын және алыс шетелдер кәсіпкерлері болу мүмкіншілігі бар, олар Канада, АҚШ, Чехия, Польша , КХР, Монғолия, Украина, Қырғызстан және басқалары. (II кезең: 20062010 жж.) .

## 7. Күтілетін нәтижелер

Өнеркәсіпті, шағын бизнесті дамыту, экономикалық қызметтің барлық

салаларында жаңа технологияларды енгізу, инновациялық қызметті басым дамыту жөніндегі қолданылған шараларды ескеріп, онжылдықтың соңына қарай өнеркәсіптік өндірістің көлемі 54% өседі.

Осы кезеңде өнеркәсіптің құрылымы өзгеріп, қалада шығарылатын барлық өнімдердің 30-35% шағын кәсіпорындардың үлесіне тиеді.

жоғары технологиялық өндіріс, сондай-ақ ақпараттық технологиялар саласындағы өндіріс (жабдықтар, химия, мұнай, кен-металлургия кәсіпорындарына арналған қосалқы бөлшектер, жоғары сапалы препараттар өндіру, электроника автомобиль жасау) басым дамытылады.

## III БӨЛІМ
## Көлік инфрақұрылымы
### 1. Мақсат

Қоғам мен экономиканың сапалы қызметтерге деген қажеттілігін қамтамасыз ететін тиімді және технологиялық жағынан жаңартылған көлік және телекоммуникация кешенін жасау.

2002-2005 жылдар. Көлік және телекоммуникациясының жүйесін жоғары техникалық деңгейде дамыта отырып, толық қажеттілікті қанағаттандыратын кәсіпорындардың жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын атқарып, көлік құралдарының жаңаруына өзіндік үлес қосу.

2006-2010 жылдар. Экономиканың өркендеуіне және сыртқыэкономикалық дамуға ықпалын тигізетін тиімді транзит саясатын жүргізу. Дүниежүзілік стандартқа сәйкес көлік және телекоммуникация қызметтерінің сапасын көтеру.

### 2. Қазіргі Жағдайды талдау

Алматы - ірі автомобиль, темір жол және әуе қатынастарының торабы, онда екі темір жол бекеті, әуежай, екі ірі автобекет орналасқан. Алматы қаласы Орталық-Азия аймағындағы ірі көлік және әуе қатынастары бойынша тоғыз жолдың торабы ролін атқарады, Ұлы Жібек жолының туристік бағыттарының қиылысы болып табылады.

Қаланың көлік артерияларының үлесіне республикадағы барлық автомобиль тасымалының бестен бір бөлігі және әуе тасымалының үштен бір бөлігі тиеді.

Алматы қаласы арқылы Азия континентінің солтүстік және оңтүстік шығыс және батыс бөліктерін өзара қосатын транзиттік бағыттардың жалпы санының

басым көпшілігі өтеді.

Статистиканың мәліметтері бойынша, қала арқылы жыл сайын 700-750 млн. АҚШ долларының өнімдері экспортқа шығарылады, олардың 10-15 пайызы қалада өндірілген өнімдердің үлесіне тиеді. Өнімдердің қалған бөлігін континенттің басқа аймақтарының өнімдері құрайды.

Қаланың ішкі көлік инфрақұрылымы қатты төсеніші бар, ұзындығы 1500 км. 525 автокөліктік көшелерден тұрады. Автожолдардың желісінде 93 автожол және 73 жаяу адамдар өтетін көпір, 5 өтетін жол және 20 жер асты өткелдері бар.

Көліктегі жекешелендіру акционерлік қоғамдарға айналдыру процесстері көлік нарығындағы бәсекелесетін шаруашылық жүргізуші субъектілердің пайда болуына ықпал етті.

Тендер жүргізу тәртібін тұрақты жетілдірудің нәтижесінде жолаушылар тасымалдауға жоғары сапалы қызмет көрсететін көптеген жекеменшік компаниялар қатыстырылуда.

Бүгінгі таңда қалада 70 астам көлік кәсіпорыны жұмыс істейді. Қаладағы 8 автопарктің 2-уі (NN№1 және 6) жеке меншіктің иелігінде, 2 автопарктің (NN№ 2,4,5,7) коммуналдық меншігінде акциялардың 49-51 пайызы (олардың екеуі сатуға шығарылды) пайызы бар және N 3 және N 8 автопарктердің акцияларының мемлекеттік пакеттері сенімді басқарылуда.

30 қалалық бағытта жекеменшік көлік компанияларының 400 автобусы жұмыс істейді, мұның өзі қалалық автобустардың барлығының 16 пайызын құрайды.

Сонымен бірге жолаушылар тасымалдау қызметін 12 жекеменшік таксопарк, 3 троллейбус паркі және 1 трамвай деносын көрсетеді.

Көлік желілерін оңтайландыруға айрықша назар аударылады. Оны жүргізудің нәтижелері - қаланың орталық бөлігін жаңадан салынып жатқан шағын аудандармен қосатын жаңа бағыттардың ашылуы, жолдардың учаскелерінде жолаушылар тасымалдауды жеңілдету.

Конкурстар өткізу шарттарын күрделі етудің нәтижесінде көлік құрылымы тапсырыс берушілерге неғұрлым сапалы және мәдениетті қызмет көрсетуге қабілетті бағыттармен жаңартылды. Қолданылған шаралар жолаушылар тасымалдаудағы шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді.

Алайда көліктің қаржы қызметіндегі шығын деңгейі едәуір болып отыр. Көлік ұйымдарының 40 пайызы ана жұмыстағы дұрыс нәтижелерге қол жеткізуде.

Соңы бірнеше жылда қаладағы жолаушылар көлігінің паркі шамамен 10-15 пайызға жаңартылды. Өткен жылы қазақстандық алғашқы троллейбус құрастырылып, пайдалануға берілді.

Алайда парктің ескіруі тұрғындарға көлік қызметін көрсетудегі елеулі

проблемалардың бірі болып қалуда.

Жолдарды салу және жөндеу жұмысы едәуір жандандырылды. Өткен жылдың өзінде ана жаңа техникалар мен технологияларды пайдаланып, 52 км. жол жөнделді. Мұның өзі 2000 жылымен салыстырғанда 2 есе көп.

2000-2001 жылдары Меңдіқұлов бульвары, Жолдасбеков көшесі, "Думан-1" шағын ауданына апаратын жол, Жароков көшесінің бойымен Әл-Фараби даңғылына дейінгі кірме жол, "Кеңсай" зиратының аумағына апаратын жол қайта жаңартылды. Брусиловский, Шаляпин, Жандосов көшелері, Абай, Достық даңғылдары кеңейтіліп, Мұратбаев, Мұқанов көшелері күрделі жөнделіп, Саин көшесіне қосалқы жол, "Мамыр" және "Жетісу" шағын аудандарына кірме жолдар салынды.

Майлин-Бекмаханов көшелерінің бойында көлік жолайрығы, 12 км. табаны қатты жол салынды.

Алматы қаласындағы экологиялық Жағдай жыл сайын жақсартуды қажет етеді. Өйткені қала көшелерінде көлік тасқыны күн сайын арта түсуде. Барлық ауаға тарайтын түтіннің 80-90% автомобиль көлігінің үлесіне тиеді. тұрғындар арасында ауаның ластануына тікелей байланысты әртүрлі ауруларға ұшырау орын алуда.

Осы аталған мәселені шешудің тиімді жолы көлік тасқынына арналған арнайы жолдар салу. Алматы қаласының орналасуына орай көшелердегі жолдарды кеңейтуге мүмкіндік әсте туа бермейді.

Экологиялық мәселелерді шұғыл шешуде Үкімет жыл сайын республикалық бюджетте осы аталған жұмыстарға қаржы бөлуін қажет етеді.

Сонымен қатар, көлікті дамытуға арналған несиені өтеу туралы мәселені шешу де күн тәртібінде.

1994 жылы қаулыда Министрлер кабинеті мен ХАДБ арасындағы заемдық келісімде қалаға көлікті дамытуға қайтарымсыз несие бөлу көзделген. 1997 жылы Қаржы министрлігі мен Алматы қаласының Әкімшілігі арасында жеңілдік алушыларды тасымалдау арқасында несиені қайтару келісімі көзделген. Бірақ, заңмен жеңілдіктің күшін жойғанының жоғарыда аталған көздерден өтеуге мүмкіндік туғызбайды. Қазақстан Республикасының Қаржымині республикалық бюджеттен заем бойынша 22,7 млн. АҚШ доллары сомасындағы несиені республикалық бюджеттен қайтару мүмкіндігін қарастыруы тиіс. 1998 жылдан бері көлік дамуының негізгі көрсеткіштерінің өсу деңгейі ------------------------------------------------------------------Көрсеткіштер ! 1998 ж. ! 1999 ж. ! 2000 ж. ! 2001 ж . ------------------------------------------------------------------ жүктер тасымалдау (мың тонна) барлығы 1530 885 1530 1978 авиация 6 10 8,4 3,4 Автокөлік 1524 875 1521,6 1974,6 жүк айналымы (млн. ткм.) барлығы 207 241 285 175 авиация 28 37 91 23 Автокөлік 179 204 194 152 Тасымалданған жолаушылар (млн. адам)

барлығы 390 287 217,03 221,06 авиация 0,06 0,04 0,03 0,06 автокөлік 389,8 286,5 217 221 Жолаушылар тасымалының айналымы (млн. жкм) барлығы 2435,9 1910,1 1405,0 1410,8 авиация 243,2 328,9 152,4 175,7 Жалпы пайдалану автокөлігі 2192,7 1581,2 1252,6 1235,1 ----------------------------------------------------------------------

Алматы қаласы зор дамыған телекоммуникациялар жүйесі бар, осы саладағы сервистік қызметтер көрсету деңгейі жоғары қалалар санатына жатады.

Соңы бірнеше жыл бойы ескірген АТС-тарды интенсивті жаңалау және қаланың телефон нөмірлері аз учаскелеріне телефон орнату жүзеге асырылуда. " Алматытелеком" ТҚО құрамында берген сұраныстарына сәйкес кәсіпорындарға қызметтер көрсететін корпоративтік сервис орталығы құрылды. Қазір қалада жалпы сыйымдылығы 450 мыңға жуық нөмірлері бар 90-нан астам АТС жұмыс істейді. Өткен жылы қосымша 14 мыңға жуық телефон орнатылды. Қаланың барлық аудандарында тұрғындардың мұқтажына сәйкес таксофондар орнатылуда . Бүгінгі таңда олардың жалпы саны 1266 бірлікке жетті. 2.1. Күшті жақтары Қаланың транзиттік жағынан тиімді орналасуы. Алматы - ірі темір жол, автомобиль және авиация көліктерінің ірі торабы, іскерлік және мәдениет орталығы. Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы. Көлік, байланыс және телекоммуникациялар инфрақұрылымының жеткілікті дамуы. Байланыстың және телекоммуникациялар құралдарының дамуы жалпы алғанда жоғары технологиялық деңгейге сәйкес келеді. Даярланған техникалық қызметкерлердің болуы. Көлік кәсіпорындары көлік құралдарын шартқа сәйкес тура жеткізіп береді. 2.2. Олқы жақтары

Ескірген телекоммуникациялық және көлік құралдарының үлесінің жоғары болуы, электр көлігінің жылжымалы құрамының санының азаюы, байланыс-кабельдік желілердің тозуы. Жолаушылар автокөлігінің жылжымалы құрамын жаңартуға арналған қаржы ресурстарының тапшылығы. Жолаушылар көлігі кәсіпорындарының шығынмен жұмыс істеуі. Республикада телекоммуникациялық жабдықтарды, жаңа жолаушылар автокөлігі құралдарын шығаруға және оларды күрделі жөндеуге арналған базаның болмауы. "МАН" автобустарын алғаны үшін ХДҚБ берген несие бойынша 5,0 млрд. жуық теңге мөлшерінде қарызының болуы. Жолдардың тиімді қызмет етуі үшін тұрақты және сенімді қаржы жүйесінің болмауы. Халықаралық байланыстарды қамтамасыз ететін бағыттар бойынша тасымалдау үшін арнайы жасалған жағдайлардың жеткіліксіздігі. 2.3. Мүмкіндіктер Экономиканың дамуын болжамдаудағы көлік коммуникациясына қызмет көрсету саласын дамыту сыртқы экономикалық және аймақтық байланыстар арқылы жүзеге асырылады. Қаланың транзиттік тасымалдау қуатын пайдалану. Өзінің өндірістік жөндеу базасын дамыту. Жаңа технологияларды жүзеге асыру мақсатында ғылыми-зерттеу институттарындағы барлық қуаттылықтарды пайдалану. Электр

көлігін дамытудағы басты бағыт – метрополитенді қосу. 2.4. Қауіптер Электр энергияға тарифті көтеру. Көлікті дамыту саласындағы инвестициялық жобаны жүзеге асырудағы метрополитен құрылысының кейбір жерлерін тоқтатып қою салдарынан болып табылады. Электр көліктің әлсіз дамуынан халықаралық экологиялық қалыптарға сай келмейді. 3. Стратегиялық міндеттер

Бірінші кезеңде (2002-2005 жылдар) Көлік және телекоммуникациясын тиімді пайдалану негізінде ішкі сұранымын толық қанағаттандыру міндетке қойылады, көлік құралдарының жаңаруына өзіндік үлес қосу, қорларды жаңалау және көлік құралдарына керекті жабдықтарды сатып алу, жол инфрақұрылымдарын жетілдіру, жаңа технологияны енгізу, көлік кәсіпорындарын қаржылай сауықтыру. Ол үшін келесі шаралар қолданылады:

- қаланың мүддесін дамытуда жолдарды кеңейтіп, республикалық деңгейде жүк тасымалын дамытуды арттыру.
- жыл сайын жолаушыларды көлікпен тасымалдауды ұлғайту.
- көлік құралдарының үзіндік өндірісін дамыту.
- көлікке бақылау жасаудағы экологиялық Жағдайды жақсартып, жол қауіпсіздігіне көңіл бөле отырып, көліктің экологиялық таза түрін дамытуды басым жолға қою.
- шағын кәсіпкерлік пен бәсекелестікті дамыту.
- жаңа тұрғын үй аудандарында инженерлік көлік коммуникациясын дамытуды қамтамасыз ету.

Екінші кезеңде (2006-2010 жылдар) келесі шаралар қабылданады:

- республиканың және қаланың мүддесінде қаланың транзиттік мүмкіндігін дамытып және пайдалану, одан түсетін табысты өсіру;
- қаланың электр көлігінің даму басымдылығын қамтамасыз ете отырып, экологиялық мәселелерді шешу.
- автомобиль жолдарын кеңейту, соның ішінде бірінші кезекте жол торабтарын айыру және айналып өтетін магистралдар құрылыстарын салу, олардың техникалық-пайдалану деңгейін дүниежүзілік стандартқа келтіру;
- көлік пен байланыс жүйелерін дамытуда ғылыми соңы және ақпараттық технологияны пайдалану.

## 4. Іс-қимылдар стратегиясы

I кезең: 2002-2005 жылдар

Көлік коммуникациясының жүйесін жоғары техникалық деңгейде дамыта отырып ұстай отырып, толық қажеттілікті қанағаттандыратын кәсіпорындардың жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын атқарып, көлік құралдарының жаңаруына өзіндік үлес қосу. Метрополитен құрылысына инвестиция тарту. Тасымалдау

саясатын жалғастыра отырып, жайлы қызмет көрсету инфрақұрылымын қалыптастыру.
II кезең: 2006-2010 жылдар

Қаланың электр көлігінің даму басымдылығын қамтамасыз ете отырып, экологиялық мәселелерді шешу. Азаматтардың көлікке деген қажеттілігін толығымен орындап, әлемдік деңгейде сапалы қызмет көрсету. Осы саланың тиімділігін арттыра отырып, тасымалдау саласын қоса есептегенде табыстарды арттыру.

Алматы қаласының көлік мәселесі 2010 жылға дейін әкімшілік заңгерлік тұрғыдан ана емес, сонымен қатар елді-мекендердегі қоршаған ортаны қорғай отырып, жол қауіпсіздігін арттыру. Көлікті одан әрі дамытуды оның төтенше жағдайлардағы мүмкіншілігін, оған қоса Алматының табиғи аумағындағы сел жүру қауіпін және жер сілкіну қауіпін толығымен ескере отырып, ала қарай дамитын болады.

Алдымыздағы бірінші кезектегі шаралар ішінде жолдардың техникалық ахуалдарын жақсарту, жолаушы тасымалдаушы паркті жаңалау, метрополитен құрылысына инвестиция тарту болып табылады.

Қаланың көлігін және қаланы көріктендіруді дамыту бағдарламасына сәйкес жыл сайын 120 шақырым жол жөнделу жоспарлануда, оған жаңа техника мен технология тартылады. Бұған қоса жыл сайын "Думан", "Шаңырақ", "Ұлжан" аумағында жолдарды тас қиыршықтарымен қалау көзделген.

Жолаушылар көлігінің паркін жаңарту негізінен жеке қаражат арқылы орындалады, оған көлік кәсіпорындары лизингті дамытып, екінші деңгейдегі банкілердің несиелерін және бюджеттен тыс көздерді тартады. Негізінен, жәйлі автобустарға жеңілдіктер беріледі.

Республикалық бюджеттің есебінен бұрын алынған "МАН" автобустарының берешектерін өтеу үшін жыл сайын 560,0 млн. теңге қажет етеді.

Көліктің дамуындағы тиімділікті ескеріп және көлік кәсіпорындарының жұмысын арттыру мақсатында көлік құралдарының жеке өндірісі дамытылады. "Электромаш" ААҚ өндірісін дамытуда қазақстандық үлгіде троллейбустарды жинау және дамыту, сондай-ақ троллейбустарды күрделі жөндеуден өткізу ескеріледі. Бұған қоса, қосалқы бөлшектер өндірісі дамиды. Автобустарды жинау зауытында тіркемелерді шығару дамиды және әсіресе, 30 тонналық тіркемелерге көңіл бөлінеді. "ІскерГаз" ААҚ бірнеше рет шағын автобустар мен арнайы автомобильдердің өндірісі дамытылады. Ал, "Іскер" АҚ-да "Камаз" автомобильдері шығарылады. Алғашқы бесжылдықта мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстар атқарылып, пайдалану кәсіпорындары жетістіктерге жетеді.

Қаланың көлік тасқынын басқаруды жүзеге асыруда "қала

автоматтандырылған жүйесі" пайдаланылады. Мұндай орталықтан басқару жолаушыларға сапалы қызмет көрсету деңгейін арттырып, қала жолдарында жол қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Автокөліктің экологиялық Жағдайға кері әсерін тигізбеу мақсатында автобустардың сығымды газды пайдалануына көшіріледі.

Автокөліктерді жанармаймен жабдықтауда экологиялық талаптарға сай сапалы қызмет көрсету арқылы жұмыстар атқарылады.

Көлік қызметін дамыту нарқында жақсы бәсекелестік ахуал қалыптасады. Бұл тұрғыда жұмыстың тиімділігі артып, жолсызбалардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне жол ашылады. Автопарктерді біртіндеп жеке компанияларға беру және акциясын сату көзделген.

Көліктердің қозғалысындағы жол құрылысы оларды жөндеу, жабдықтарды алу, оларға қызмет көрсету конкурстық негізде өткізіледі. Мұндағы басты мақсат осы аталған құралдарды тиімді пайдалану болып табылады.

Көліктерді тасымалдауда экономиканың басқа салаларын дамыту жүзеге асырылады. Мұнда әсіресе, жөндеу-қалпына келтіру қажеттілігі толығымен қанағаттандырылады.

Қаланың жолаушыларды тасымалдаудағы жолсызбасын дамытуда жаңа аудандарды дамыту ескеріледі, "Шаңырақ", "Думан", "Таугүл" және басқалар. Осы аудандардағы инженерлік коммуникациялық және жол жүйелерін дамытуға 9,0 млрд. теңге көзделген.

Көлік тасқынын пайдалануда сыртқы әсерлерді және сонымен қатар жолсызбалардағы жүк тасымалында халықаралық байланысты қамтамасыз ете отырып, барлық талдаманы жоспарлы жүзеге асырады.

Тасымалдаудағы көлік тасқынының біртіндеп, қаланың сыртқы аумағына шығару жоспарланады.

Қаладағы экологиялық Жағдайды ескере отырып, басым дамушылықты электр көлігі алады. Электр көлігін, әсіресе қаланың батыс және оңтүстік-батыс бағыттарында көзделген:

жаңа тораптар құрылысы:

- Абай д.-Момышұлы-Төле би-Саин көшелері (4,6 км)
- Навои-Орбита-Дежнев-Жандосов көшелері (6,0 км)
- Райымбек д. (Петров көшесінен "Саяхат" автобекетіне дейін) (14,8 км).

Жергілікті электро пойыздар қозғалысы ұйымдастырылады, Алматы - Ұзынағаш және Алматы - Қапшағай бағыттары бойынша. Мұнда Отырар - Алматы және Алматы - Қапшағай жол көлігі іске қосылады.

Жүзеге асыру көзделуде:

- 4 жаңа ток беретін станциялар іске қосылады. Райымбек даңғылы мен " Медеу" тау шатқалы аумағында троллейбус желісі іске қосылады, оған қоса "

Медеу" және "Шымбұлақтағы" демалыс орындары кеңейе түспек.

- жыл сайын 30 шақырым троллейбус, 10 шақырым трамвай желілері және 10 шақырым трамвай жолы іске қосылады.

жоғарыда аталғанындай, Алматы экологиялық жағынан таза болуы үшін метрополитеннің құрылысын іске қосу маңызды міндет болып табылады.

Бірінші кезектегі метроны пайдалануда жылдам жүретін трамвай пайдаланылады. Бұл қаланың батысынан Жароков көшесіне дейін жер бетімен қозғала отырып, одан кейін барып жер астына түседі. Метрополитен толығымен іске қосылғанда, барлық қозғалыстар жер астында болады.

Көлік тасқынының жұмысын реттеу мақсатында және жол қауіпсіздігін орындауда көліктің тоғысқан жерлеріне ерекше көңіл бөліп, шағын жол айрықтарын қайта жөндеуден өткізіп, бір бағытта жол қозғалысының, сонымен қатар айналып өту жолсызбаларына жоспарлы көңіл бөлініп, бұл тұрғыда көп қабатты автопаркингтерді орнату мақсатында жұмыстар атқарылады. 2002 жылы "Заңғар" дүкені мен Орталық кеңшар базарының маңында жаңа автопаркингтер құрылысы жоспарлануда.

Қала үшін өз күшімен және тартылған қаржы есебінде басымды жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда:

1. Қалада автокөліктің шектен тыс артықтығының нәтижесінде экологиялық Жағдайдың қиындығын ескере отырып, бұл мәселені шешудің тиімді жолының бірі автокөлік жол айырықтарын салу болып табылады. Өткен жылы бір автокөлік жол айырығы салынды, қазіргі кезде Саин мен Райымбек көшелерінің қиылысында екі қабатты жол айырығы салынуда. Болашақта тағы 14 жол айырығы мен айналып өтетін магистралды жолдар салу жоспарлануда.

жоғары көрсетілген объектілерді салу үшін 77 млрд. теңге қаржы қажет. Қаржы көзі болып бюджет алымдарының көлемін қысқартқан Жағдайда жергілікті бюджет бола алады.

2. Бірінші кезектегі метрополитеннің құрылысын аяқтау. Осы құрылыстың сметалық бағасы 662 млн. АҚШ доллар, қазір оның 140 млн. АҚШ доллары игерілді.

Бұл жоба қаланың солтүстік және оңтүстік-батыс аудандарын қамтитын жаппай транзит жүйесін салуды көздейді. Бүгінгі күндегі жоспарланған қала құрылымы, сонымен қатар қоғамдық көліктерді күз және қыс айларында көшелерде тайғақтың пайда болуынан пайдаланудың қиындығына байланысты, жер бетіндегі электрокөліктерді дамытуды шектейді.

Метрополитен құрылысы қаланың орталық бөліктеріндегі 450 автобус бағыттарын қысқартуға және ыңғайлы, жылдамдықты, үлкен тасымалдау мүмкіндігін береді.

Сметалық баға қалдығы 73,6 млрд. теңгені құрайды. 2002 жылы жобада

жергілікті бюджеттен 350 млн.теңге қаржы қарастырылған, ол жылдың шығынның төрттен бір бөлігін құрайды. Басқа Жағдайда метрополитеннің құрылысы ұзаққа созылып кетуі мүмкін, ал техногендік сипаттағы мәселелер арта түспек. 2003 жылдан бастап жыл сайын 4-5 млрд. теңге қаржы бөлінеді. Жобаны қаржыландыруды республикалық және жергілікті бюджеттен жүзеге асыруды ұсынады.

Жоспарланған инвестиция тиімділігі - қалада экологиялық және көлік Жағдайының жақсаруы, 7 мың жаңа жұмыс орны ашылмақ.

3. Айналып өтетін магистралды жолдар салу. Бұл жобаны жүзеге асыру қаланың ішіндегі 30% көлік тасқынын қысқартуға мүмкіндік береді, қала арқылы өтетін транзитті автокөліктерді қысқартады, сонымен қатар экологиялық Жағдайды жақсартады.

Осыған байланысты 5 айналып өтетін магистралды жолдар салу жоспарлануда. Ол қала аймағындағы айналып өтетін магистралды жолдардың торабының кешенін құрайды: - Солтүстік жарты айналым – Саин мен Райымбек көшелерінің қиылысы, Талғар жол торабына шығатын; - Шығыс жарты айналым - Талғар жол торабына шығатын; - Оңтүстік-Шығыс жарты айналым - Әл-Фараби даңғылы, Достық даңғылы Талғар жол торабына шығатын; - Оңтүстік-Батыс жарты айналым – Саин көшесі мен Райымбек көшелерінің қиылысы Қаскелең, Шамалған жол торабына шығатын; - Батыс жарты айналым – Саин көшесі Әл-Фараби даңғылына (оңтүстік жарты айналым) Фурманов көшесіне және Достық даңғылына дейін шығатын. Қаржы көзі болып бюджет алымдарының көлемін қысқартқан Жағдайда жергілікті бюджет бола алады. Осы объектілерді салу үшін 14,6 млрд.теңге қаржы қажет. Телекоммуникация жүйесінде мынадай жұмыстар жаңа тұрғыда жүзеге асырылады: - барлық станцияларды электрондау; - сандық жүйеге көшіп, халықаралық байланыстармен теңесу; - "талап бойынша" қондыру бастамасымен телефондар орнату жүзеге асырылады; - мультимедиалық телекоммуникация қызметін енгізу (жедел интернет, бейнекөрініс интернеті). Бұларға қол жеткізуде 61 млн. АҚШ долларының инвестициясы қажет. 5. Күтілетін нәтижелер

Жоспарланған стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру технологиялық жаңартылған және тиімді көлік және телекоммуникация кешендерін құруға, сонымен қатар халықаралық деңгейде қызмет көрсетуіне мүмкіндік береді.

Көлік ұйымдарының қаржы Жағдайын жақсарту мақсатында олардың өздерін өздері ақтау жұмысымен ерекшеленеді.

Бұл тұрғыда көлік саласында қызмет көрсету аясы және телекоммуникацияға қызмет көрсетуде олардың табысынан қызмет көрсету ақысы төмендетіледі.

Негізгі нәтижелердің бірі болып автокөліктің қала экологиясына кері әсерін қысқарту арқылы мультипликативті тиімділігіне қол жеткізу.

**IV-БӨЛІМ Қоршаған ортаны қорғау 1. Мақсат**

**Алматы қаласының қоршаған ортасын сауықтыру, ең алдымен сапалы көрсеткіштерді қалпына келтіруге байланысты.**

2. Қазіргі Жағдайды талдау

Экологиялық Жағдайды сауықтыру мақсатында 16 жылдық кешенді бағдарлама әзірленіп, жүзеге асырылуда, оның шеңберінде мыналар орындалады:

- ТАСИС-пен бірлесіп, "Алматы қаласын көліктің ластауы" атты жобаны жүзеге асыру, ауаның тазалығын арнайы жабдықтармен зерттеп, көлік құралдары мен жанар майдың құрамы тексеріледі;
- Коммуналдық көлікте қаланың орталық бөлігіндегі жүк тасымалдау көлігінің қозғалысын шектейтін қондырғы орнатылады;
- Қаланы 2002 жылы мерзімге дейін жылумен, газбен және электрмен жабдықтау тұжырымдамасы әзірленді, жеке тұрғындарды газбен қамту орындалады;
- Жел мен ауаны тазартудың жаңа қондырғысын орнату жобасы жүзеге асырылады;
- 322 қоқыс орындары жойылады;
- Кәсіпорындардың қаражаты есебінен суды тазалау ғимараттары тұрғызылады;
- Қалада экологиялық Жағдайды оңалтудың бірыңғай жүйесі құрылады.

Сонымен қатар бағдарламаның көптеген шаралары қаржының тапшылығынан жүзеге аспайды, соның салдарынан қаланың маңызды су құбырларын жабдықтау, құбырларды орнату, шағын өзендердің арнасын тазалауға аз қаржы бөлінеді.

Алматы - республикамыздағы тазалық жағынан ерекше қамқор қала. Қаланың табиғи Жағдайы оңды, бірақ халықтың өсуіне байланысты, оған қоса өнеркәсіп технологиялық жөн көлік дамуы кең қарқын алған, мұның бәрі қаланың экологиялық Жағдайына әсер етуде. Халықтың тығыздығы құрылыстың көбеюіне, көліктің және оған қоса басқа қозғалыс құралдарының артуында экологиялық мәселе туындайды.

Әсіресе, көңіл бөлетін жай, ауаның ластануы, су мен топырақтың тазалығы.

Қаладағы экологиялық Жағдаймен қатар, Іле Алатауының маңы алаңдаушылық туғызуда. Мұнда ағын судың тазалығына ерекше көңіл бөлінуде. Экологиялық Жағдайдың ерекшелігіне байланысты халықтың тығыздығы

Жағдайында және экономиканың дамуында әртүрлі табиғи апатты болдырмауда ерекше көңіл бөлінеді.

Ауаны тазалау мақсатында табиғи тазалау тұрақты болмағандықтан, Алматы қаласында өне бойы ауаны тазалауға, оған әртүрлі улы заттардың таралмауына тосқауыл қойылады. Жыл сайын қаланың ауасына 170-180 мың тонна әртүрлі улы заттар таралуда. Жыл сайын әртүрлі улы заттармен қатар, көмірқышқыл 1,1 және 1,3 есе, азоттың ерітіндісі – 1,3-1,5 есе, фенол – 1,3,-1,7 есе, формальдегид – 4,7-6,6 есе таралуда.

Ауаны тазартудың басты мәселесі автомобиль көлігінің түтін шығаруын шектеуде жете көңіл бөлінбеушілік болып табылады. оған қоса, әртүрлі көздерден қаланы ластауға толығымен бақылау жасалмаған.

тұрғындардың өсуі және Үлкен-Кіші Алматы өзендерінің өн бойындағы құрылыста су ағысының гидрологиялық тепе-теңдігіне әсерін тигізуде. оған қоса, жер асты суларының тазалығына, оның сандық және сапалық құрамына жер бетіндегі судың таза болуы тікелей әсер етеді.

Су көздеріне ерекше көңіл бөлген жөн. Үйлер мен шаруашылық ғимараттарды тұрғызғанда - одан ағын суға қоқыстарды ағызбау, су бетін таза ұстау басты міндет. Сонымен қатар жауын-шашын болғанда ағын сулардың су құбырларына араласпауына көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар бүгін Алматы қаласында және оның маңында әртүрлі жоспарсыз құрылыстар белең алуда, бұл да өз әсерін тигізуде. Басты себеп, табиғи жерді тиімді пайдалануды реттеудің болмау мәселесі болып табылады.

Жер қойнауындағы сулардың таза болуы үшін жер бетіндегі барлық құбырларды тазалықта ұстау, арықтардағы сулардың, өзендер мен көлдерге құйылғандағы тазалығын тексеру және оларда 40-45 метр тереңдіктегі судың тазалығына да жете көңіл бөлу.

Инженерлік-геологиялық жағдайларға байланысты күннің көзі қыста қатты қызғанда, қардың еріп, арналардың суға толуынан жердің қабаты жұмсарады. Бұл селдің жүруіне басты себеп болады. Бұған қоса су арналарының асып кетуі кейбір жерлердегі құрылыстарға және метрополитенге зияндарын тигізуде.

Алматы қаласының тұрғындарына тағы бір ерекше қауіп - қоршаған ортадағы өндірістің салдарынан қоқыстардың жинақталуы. Мұнда қаланың тазалығына тасымалданбаған, жинақталып қалған қоқыстардың көбею салдары тікелей әсер етеді, сонымен қатар көгалдандыру жұмысымен қатар ағаштардың уақтылы тазалық жұмыстарына ерекше назар аудару қажет. Алматы қаласының айырықша мәртебесін есепке ала және қаладағы қоршаған ортаның қазіргі Жағдайға байланысты, осы бағдарламаға міндетті түрде мемлекеттік мәртебе беру тиіс. 2.1. Күшті жақтары 2015 жылға дейін экологиялық Жағдайды сауықтыру кешенді бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылады. Халықаралық ұйымдардың

экологиялық жобаға қатысуына жол ашады. Қоғамдық экологиялық ұйымдардың жұмысы жандана түседі. шағын бизнестің экологиялық мәселені шешуге қосылуы. Алматы қаласының аумағын аудан-аудан бойынша экологиялық тазалық жұмыстарын аяқтап, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау кестесін әзірлеу, "Медеу" табиғи паркін ұйымдастыру (жергілікті маңызы бар) және Баум бағының табиғи аумағын ерекше қорғау. жоғары интеллектуалдық ресурстарға ғылыми қамқорлық көрсету. 2.2. Олқы жақтары табиғи Жағдайдың тұрақсыздығы ауаға ерекше әсер етеді.

Негізгі өндірістік жабдықтардың істен шығуы, су құбырлары жүйесінің жаңармауы, қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесінің болмауы, өндірістің және тұтынудың хал-ахуалы тікелей табиғи Жағдайға өз әсерлерін тигізуде.

Автошаруашылықтағы көліктің ұлғаюы ондағы сапасыз жанармайдың пайдаланылуы тағы бір себеп.

Экологиялық мәселелерді шешудегі басты міндет осы тұрғыдағы заң құжаттарын құқықтық жағынан негіздеу болып табылады.

Қаланың экологиялық Жағдайын сауықтыруға қаржы тапшылығы тікелей әсер етеді. Бұл тұрғыда, метрополитен құрылысына көңіл бөлінеді. тұрғындардың экологиялық танымына ерекше көңіл бөлінбеу. 2.3. Мүмкіндіктер Көп жылы жинақталған тәжірибені және қоршаған ортаны қорғаудағы әлемдік қауымдастықтың күш-жігерін пайдалану. Қаланың ауасын тазартудағы қола алынған жобаларды жүзеге асыру, суды дұрыс пайдалану және тұрмыстық қалдықтарға қатаң бақылау орнату. Өмір сүрген ортаны жақсарту мәселесінде тұрғындардың және бұқараның күш-жігерін жинақтап және жандандыру. 2.4. Қауіптер Экология мәселесіндегі маңызды жобаларды жүзеге асырудағы қаржы тапшылығы. Өнеркәсіп және тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы, өзендердің арналарының ластануы және ауыз судың сапасына жер бетіндегі әсерлер. Жер сілкінісінің қауіптілігі. 3. Стратегиялық міндеттер Алматы қаласының табиғатын қорғау жүйесін оңтайландыру. Қоршаған ортаға әртүрлі қалдықтардың шаруашылық объектілеріндегі қалдықтардың әсерін төмендету. Өндірістегі және тұтынудағы қалдықтарды болдырмау, қалдықтарды пайдалану деңгейін арттыру. Су ресурстарын тиімді пайдалану және оны қорғау. Жер сілкінісіне қарсы нығайтулар. Экологиялық танымдылық. 4. Іс-қимылдар стратегиясы

Алматы қаласында табиғатты пайдалану жүйесін оңтайлау. Бұл тұрғыда аумақтағы табиғатты пайдаланудағы ұтымды шектеу жұмыстарын жүргізе отырып жаңа басқару жүйесін енгізу және әзірлеу көзделуде. Ол аймақтағы экожайлылықты жақсарту жүйесі арқылы іске аспақ. Бұл үшін қаланың қоршаған ортасын кешенді жұмыстар жүргізу арқылы қорғау, қаланың сәулет құрылысының жоспарын құру, ауаны таза ұстау және қаланың күш-қайнар

көздерін дұрыс пайдаланып, өндірістік, өнеркәсіптік, экологиялық картаны құрастыру.

Шаруашылық кешендерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерлерінің деңгейін төмендету. Ол үшін өнеркәсіптік-экологиялық төлқұжатты әзірлеп, оның электронды карта арқылы қаланың сәулет құрылысындағы тазалығына жете көңіл бөлу қажет.

Экологиялық бағдарламаға сай кешенді және мақсатты жұмыстар әзірленіп, жүзеге асырылады.

Кәсіпорындарда Қазақстан Республикасының жаңа экологиялық басқарудағы 14 мың сериялы жұмыстар енгізіледі.

Алматы қаласының бірыңғай экологиялық мониторингі құрылып, табиғи ортаны қорғау жөніндегі көрсеткіштер жиынтығы тоғыстырылады. Ерекше назар қоршаған ортаның өндірістік мониторингіне ауады. Табиғи ресурстарды ескере отырып, кәсіпорындар өз қаражаты есебінен қоршаған ортаны қорғауға баға беріп, өз үлестерін қосады.

табиғи ресурстарды қорғау және пайдалануға мемлекеттік бақылау жаңа Жағдайда барлық талаптардың орындалуына, экологиялық бағдарламалардағы кешенді мәселелерге және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-қимылдарға тікелей байланысты болады.

Табиғатты қорғаушылардың атқарған жұмысына ынталандыру шараларын арттырып, табиғи ресурстардың басымдылығын тиімді пайдалану. "Табиғатты пайдаланушы өзі төлейді" атты бастама енгізілуі тиіс.

Мемлекеттік экологиялық сараптау қызметі саласында экологиялық бақылаудың басты тиімді сауықтыру шараларына көңіл бөлінеді.

Экологиялық аудит рәсімдеріне кең жол ашылады, экологиялық кешенді мәселелерді кәсіпорындардың қызметі және шараларды жүзеге асырудағы кешенді жұмыстар қажеттілігі туындайды. Кәсіпорындардың ерікті қатысуымен қоршаған ортаны басқару жүйесі іске қосылып, құзыретті мемлекеттік органдар кәсіпорынның экологиялық Жағдайын тексереді.

Автокөліктердің қоршаған ортаға әсерін төмендету жолында қоғамдық электрокөлік басым бағыт алады. Алматы метрополитенінің бірінші кезегі іске қосылады.

Бақылау-реттеу тіректерінде мамандандырылған арнайы техникалық қызмет көрсету мекемелері құрылып, олар сапалы қызмет көрсетеді.

Автокөліктердің ауаға улы заттарды таратуына жол бермеу мақсатында арнайы қондырғылар орнатылады. "Жасыл толқындар" атты көлік тасқынын басқару жүйесінде автоматты жұмыстар атқарылады.

Көлік тасқынының құрылысын жалғастыру, шағын көшелердің қиылысын кеңейту, біржақты қозғалысты ашу және қаланың сыртын орап өту, көп қабатты

автопаркингтердің құрылысын жүргізу көзделуде.

Жылу жүйесін беруге оларды түгендеу арқылы кезең-кезеңмен жұмыстар атқарылатын болады.

Қаланың орталықтандырылған энергия көздері мен табиғи газды біртіндеп кезең-кезеңмен орталықтандыруға көшіру жоспарлануда.

Қазақстанда энергиямен, жылумен және ыстық сумен тиімді пайдалану арқылы мүмкіншіліктерге қол жеткізу тұрғысында Алматы қаласының аймағында осы аталған жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асырылады. Бұған қоса , желмен жарық беретін қондырғыларды құру жобалануда.

шағын "Медеу" гидроэлектр станциясын, "Просвещенец" гидроэлектр станциясының құрылысын одан әрі жалғастыра отырып, жаңа энергия көздерін іске қосу қарастырылған.

Өндіріс, тұрмыс қалдықтарын уақтылы сыртқа шығару және қалдықтарды қолдану деңгейін жоғарлату жөніндегі басқару жүйесін жетілдіру. Алматы қаласында қатты тұрмыс қалдықтарын басқару жобасы жүзеге асыру көзделеді. Осы жобаның негізінде тағамдар түрлеріне арналған арнайы қоқыс шығаратын контейнерлер сатып алынады, қоқыс жинайтын көлік құралдарын алғызу, жол бойында арнайы станциялар ашып, оларға жабдықтар алғызу, Қарасайдағы қоқыс жинайтын жерлерді қайта жабдықтап, оларға арналған жабдықтарды алғыза отырып, жалпы ақпараттық бірыңғай жүйені құрып, қалдықтарды басқарудың бухгалтерлік жүйесін енгізу. Жобаны жүзеге асыру қаланың қоқыс жинайтын орындарында 4 000 текше метрден асып түседі. Мұнда осы салада қосымша 500 жұмыс орны ашылады.

Алматы қаласында қалдықтарды қайта өңдеуге арналған жаңа технологияларды енгізе отырып, қаланың полигондарында улы заттарды сақтауға жер бөлу қарастырылған. Құрамында сынап бар бұйымдарды және басқа да қажетсіз заттарды зиян келтірмейтіндей арнайы жерлерде сақтау жобасы әзірленіп, жоғарыда аталғандарды жеке және заңды тұлғалардан қабылдау жұмыстары жүзеге асырылады.

шағын бизнесті дамытуға шара қолданылады, бұл тұрғыда әртүрлі қалдықтарды, оған қоса резино-техникалық бұйымдарды және құрамында химиялық қауіпті заттары бар қалдықтарды, мұнай өнімдерінің қалдықтарын қажетіне қарай қайта өңдеу көзделеді.

Су қорларын ұтымды пайдалану және қорғау. Коммуналдық жүйеде таза суды ұтымды пайдалану жөніндегі шаралар жалғастырылады, тұтынуды анықтайтын есептегіш қондырғылар орнатылады, "Алматы қаласының шағын өзендері" атты бағдарлама жүзеге асырылады.

"Алматы қаласындағы сумен жабдықтау жүйесін қайта жабдықтау және жаңарту" жобасы басты міндет болып табылады.

Осы жобаның шеңберінде Алматы қаласының барлық кәсіпорындарында суды тазартуға арналған жаңа қондырғылар орнатылып, барлық құбырлармен ағатын жуындыларды өңдеуге де ерекше көңіл бөлінеді.

"Медеу" станциясындағы су беретін қондырғының барлық жабдықтарын қайта жаңартып, қажетіне қарай кеңейтіп, одан қаланың барлық су қабылдайтын құбырларына таза су беру жоспары жүзеге асырылады. Осы кешендегі ескірген құбырларды жаңарту көзделуде.

жоғарыда аталған жобаны жүзеге асыруда жаңа суды тұтыну жөніндегі тұжырымдама әзірленіп, Алматы қаласына су жеткізу жобасы қола алынады және құбырмен ағатын судың тазалығын қарайтын балама жұмыстар орындалады.

Жасыл желектерді суғаруға және басқа Жағдайда тұрмыс қажеттілігіне пайдалану үшін жауын-шашынның суын пайдалану жөніндегі кешенді жұмыстар әзірленеді, көше арықтары күрделі жөндеуден өткізіледі. "Медеу" және " Шымбұлақ" бойындағы тартылған құбырларды бәз-баяғы қалпына сақтауға және оларды жаңартуға шаралар орындалады.

Қаланың су құбырларының жүйесінде талаптарға сай құрылыс жүргізуде соңы талаппен жұмыстардың орындалуына мән беріледі (Пригородный кентіндегі шағын құрылыстар).

Жасыл желектерді жоспарлы зерттеу және оларды отау, қайта отырғызу, қалпына келтіру мұның барлығы көріктендіру жұмысына жатады. Бұлар атқарылған барлық жұмыстарға анықтамалар көрсеткішін пайдаланады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жете көңіл бөлінеді. Мұнда әсіресе ерекше қорғалатын аумақтың сұлбасы жасалады (мұның ішінде "Медеу" табиғи паркі мен ерекше қорғалатын аумақ Баум бағы).

Жер сілкінісіне қарсы нығайтулар. Алматы қаласында жер сілкінісінің алдын алу шараларына ерекше көңіл бөлінеді. Осындай жұмысты атқару жолында қаланың барлық ғимараттарын нығайту, ең алдымен, әсіресе, білім, денсаулық сақтау, тұрғын ғимараттарды нығайту мақсаты тұр. Жергілікті бюджетте бұған 250 млн. теңге (2002 жылы) бөлінеді. Бірақ бұл қажеттіліктен 3-4 есе кем.

Алматы қаласының ғимараттары мен үйлерін жер сілкінісіне қарсы нығайтуда барлық жұмыс орталықтандырылған тәртіпте орындалады.

Экологиялық ағарту. Алматы қаласының тұрғындарына жасыл желекті тиімді пайдалану тұрғысында таным ақпараттары жарияланатын болады. Бұл жұмыстарға қаланың барлық білім беретін мекемелері атсалыспақ. Экологиялық таным біліктілігіне мемлекеттік қызметшілер біліктілігін арттыру кешенді оқу бағдарламасын жүзеге асырады. Өндіріс орнындағылар үшін де осы мақсатта біліктілігін көтеру мақсат.

Алматы қаласындағы табиғи жасыл желекті бәз-баяғы қалпында сақтау

тұрғысында тұрақты теледидар мен радио бағдарламалары берілетін болады, оған қоса осы тақырыпқа арналған отырыстар, жиылыстар, кеңестер, байқаулар, басқа жалпықалалық жасыл желек шаралары орындалады.

## V БӨЛІМ
## Инвестициялық саясат
### 1. Мақсат.

Инвестициялық дұрыс ахуалды құру жолында осы негізде ішкі және сыртқы инвестицияны жоғары деңгейде тартуға қол жеткізіледі. 2. Қазіргі Жағдайды талдау Алматы қаласында республикалық инвестиция тарту көлемі 10% құрайды (2001 жылы 60 млрд. теңге). Күрделі құрылыс саласында соңы бірнеше жылдары қайта өңдеу өнеркәсібіне, саудаға, көлікке және байланысқа көңіл аударылуда. Тағам өнеркәсібіне бағытталған инвестиция үлесі соңы үш жылда 3 есе, саудаға, автомобильдерді жөндеуге және үй бұйымдарын жөндеуге 28 есе, көлік және байланысқа 22% артты. Алматы қаласының 1996-2001 жылдардағы инвестициялық іс әрекеті (млн.теңге) ------------------------------------------------------------------ !1996 ж.!1997 ж.!1998 ж.!1999 ж.!2000 ж.!2001 ж. ------------------------------------------------------------------ Негізгі капиталға инвестиция көлемі - - 26839,0 50208,0 53909,3 73369,2 Өткен жылға өсу қарқыны (%) - - - 176,7 99,5 126,0 Ірі және орта кәсіпорындардың күрделі құрылысқа инвестициясы 14030,0 11569,0 9499,0 10097,0 11213,0 22227,3 Өткен жылға өсу қарқыны (%) 99,1 73,8 66,3 100,4 102,9 1,8 есе Күрделі құрылыс көлемінен шетел инвестициясы - 3168,1 2164,7 3712,7 1499,4 1556,1 Өткен жылға өсу қарқыны (%) - - 55,2 161,9 37,4 96,0 Жалпы көлемнен деңгейі (%) - 27,4 22,8 36,8 13,4 7,0 ------------------------------------------------------------------

Республикалық бюджеттен түскен қаражат үлесі соңы 5 жылда 23%-дан 4,9% -а төмендеді. Республикалық бюджеттің қаржысы жергілікті бюджетте құрылыс объектісіне бағытталған сала бойынша 1,7%-дан 7,8%-а артты.

Инвестициялық қызметті жандандыру мақсатында әкімшілік мына шараларды орындайды:

- "2000-2005 жылдар аралығында Алматы қаласындағы инвестициялық саясат стратегиясы" әзірленіп, белсенді жүзеге асырылады;
- құнды қағаздар наркын дамыту мақсатында 400 млн. теңгеге облигация шығарылады, бұл мақсатта бірнеше жобалар қаржыландырылды;
- іскерлік ақпарат нарқы қалыптасуда, инвесторлар арасында басымды инвестициялық жобалар жинағы қайта өңделіп, таратылады;
- қаланың инвестициялық мүмкіндігін насихаттауда ақпараттық жүйе отырыстар, кеңестер, жиылыстар (интернет) арқылы өткізіледі;

- ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық комиссиялар мен дипломатиялық өкілдіктер жұмысы жанданады.

Өткен жылы Мәслихат "Алматы қаласындағы берешек міндеттер туралы", " Алматы қаласының кепілдік қоры туралы" ережелердің бекітті, онда экономикаға қосымша салмақ түсірмей, жергілікті бюджетті қозғамай, заманғы талапқа сай міндеттер бойынша берешектік қаржыларды толық көлемде пайдалану көзделді. Әсіресе, коммуналдық кәсіпорындар арқылы Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайының мұз айдыны қалпына келтірілді, әуежай терминалының жобасы іске асырылды.

2001 жылы қаланың күрделі құрылысына 28 млрд. теңге бағытталды. Өткен жылға қарағанда 55% артық.

тұрғын үй құрылысында 1995 жылдан бері қарқын алынды. Бұл тұрғыда кәсіпорындар мен ұйымдардың есебінен құрылыс жандана түсуде, бұл мақсатта құрылысы аяқталмаған ғимараттар коммуналдық меншікке берілуде, одан кейін біртіндеп конкурстық негізде басқа құрылыс жүргізушілерге берілуде. Қалалық тұрғын үй бағдарламасы толық көлемде орындалуда. 2001 жылы тұрғын үй құрылысының қарқыны 11% артты.

Алматы қаласының тұрақтылығы мен инвестициялық тартымдылығы оған халықаралық рейтингтік ФИТШ еліміздегі ең жоғары несиелік агенттігінің бағасына ие болып отыр.

Дегенмен инвесторлардың қызығушылығын тыс қала мен республиканың маңызды басымдылығын алатын машина жасау, металл өңдеу, шұға, тігін өнеркәсібі мен экология саласы қалып отыр.

Қаланың экономикасына еркін қаржы ресурстарын тарту белсенді инвесторлық үлестің ұлғаю бөлігінде заң аясын жетілдіру болып табылады бұдан әрі муниципалдық құнды қағаздарға айналдыру мақсатын көздеген тұрғыда орындалатын болады (зейнеткерлік қор, КУПА, сақтандыру компаниясы).

Мүлікті сақтандыру, ипотеканы дамыту мәселелерінде де заң аясын жетілдіру көзделуде. Мүлікті сақтандыруда аясындағы ипотеканы дамыту мәселесі заңда заңды және жеке тұлғалардың міндетті сақтандыруын көздемейді. Мұның нәтижесінде нарық бағасындағы құны жайлы ақпарат дұрыс болмай, кепіл мүлкіне ешкім жауап бермейді.

Ипотекалық несие беру шарттары бойынша ипотекалық облигациялар эмиссиясы бірыңғай стандартты құрамайды. Бұл тұрғындардың тұрғын үй құрылысы қаражатын тартудың негізі болып табылады.

Берешек міндеттерді сатып алу ережесі болмағандықтан, сонымен қатар шаруашылық субъектілеріне аударымды вексельдер болмағандықтан (ЖШС, АҚ және басқалар), шаруашылық субъектілеріне құнды қағаздарды пайдалануға жол бермейді.

Бұған қоса, қалада қарыз беру және қарыз алу мәселесінде шек қойылғандықтан, әлеуметтік жобаларды осы тұрғыда жүзеге асыруға толық жұмыс атқаруға тосқауыл болады.

Сонымен тағы жер сілкінісіне қарсы қаланың ғимараттарында нығайтуларда, ықшам аудандардағы тұрғын-үйлерді қайта жабдықтау, жаппай жеке тұрғын-үй аудандарын дамыту және Алматы қаласының ерекше құрылыс аудандарында шешілмеген түйінді мәселелер бар.

а) "Қаланың ғимараттарын және үйлерін, мәдени-тарихи ескерткіштерді жер сілкінісіне қарсы нығайту туралы".

"Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Заңның 5 бабы 4 тармағына сәйкес қаланың ғимараттарын және үйлерін, мәдени-тарихи ескерткіштерді жер сілкінісіне қарсы нығайту шаралары көзделген. Соңы жылдары осы мақсаттарға республикалық бюджеттен 1997 жылы 64 млн. теңге бөлінген, жыл сайын республикалық бюджеттен қаржы бөлу жеке жолда берілсін.

Алматы қаласындағы әлеуметтік бағыттағы объектілердің Жағдайын талдау ең алдымен, жер сілкінісіне қарсы білім беру 55 объектісін 819 млн. теңге және 19 денсаулық сақтау объектісін 810 млн. теңге сомасына қатайту қажеттілігі тұр.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Алматы қаласындағы ғимараттар мен үйлерді жер сілкінісіне қарсы қатайтуға қаржы бөлу мәселесін қарастыру көзделсін.

б) "Алматы қаласының шағын аудандарындағы тұрғын үйлер аумағын жаңғырту туралы".

Қазіргі уақытта қаланың шағын аудандарында 871 үй апат Жағдайында қалып отыр. 1531 үйді жер сілкінісіне қарсы қатайту жұмыстары көзделген.

Осы үйлердің көпшілігі жекешелендіру кезінде жеке меншіктерге берілген. Мұнда жер сілкінісіне қарсы қатайту, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген және де тұрғындарға осы жұмыстарды атқаруға қаржы бөлінбеген.

Жер сілкінісіне қарсы қатайту жұмыстарына 10-12 жылдың аралығында 32,1 млрд. теңге қаржы көлемі қажет.

Алматы қаласының шағын аудандарындағы тұрғын үй аумағын қайта жаңғырту мәселелерін республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлу арқылы немесе қаланың бюджетінен алымдарды азайту арқылы мәселені шешуді қарастыруы тиіс деп санаймыз.

в) "Жаппай жеке құрылыс жүргізу аумақтарын дамыту туралы".

Қаланың шағын аудандарында жеке құрылыс жүргізу аумақтарындағы құрылыстарда инженерлік коммуникациялар, көлік жолдарын және әлеуметтік сала объектілерін тұрғызу артта қалуда. Қала бюджетіндегі қаржы тапшылығы оларды қамтамасыз етуге мүмкіншілігі болмай отыр. аталған көлемге 8,9 млрд. теңге қаржы қажет.

Осы мәселені қала бюджетінен алымдарды азайту есебінен шешу қарастырылуы тиіс.

г) "Алматы қаласындағы ерекше қала құрылысын жүргізуді реттейтін аймақ туралы".

1998 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Алматы қаласының қаладан шеткері аймағы туралы" № 228 Қаулысықабылданған, онда Алматы қаласында ерекше құрылыс жүргізу аймағы бекітілген. Бұған қоса, осы қаулыда жерді пайдалану және оны ұстау қызметі қарастырылмаған. Алматы қаласының Әкімі жоғарыда аталған қаулыны әзірлеген кезде, бұл жайында ұсыныс берген болатын. Ал, толық қаулыда бұл қарастырылмаған.

Бұның нәтижесінде, қаладан тысқары аймақтардағы құрылыс Алматы қаласының әкімшілігімен келісілмей, жеке жобалар бойынша жүргізілуде.

Алматы қаласының тысқары аймағында құрылыстарды жүргізу ережесін бекіту күн тәртібінде талап етіледі немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 ж.17.03. N№228 "Алматы қаласының қаладан тысқары аймағы туралы" Қаулысына қосымшалар мен өзгерістер енгізу қажет.

### 2.1. Күшті жақтары

Отандық және шет елдік инвестиция тартуға қалыпты Жағдай қалыптасқан. Мұның өзі қоғамдық-саяси Жағдайдың тұрақтануы, экономиканың орнықтылығы, банк жүйесінің тұрақтылығы, жинақтаушы қорлардың қалыпты дамуы, КУПА, сақтандыру компанияларының қызмет көрсету деңгейінен көрініс табады.

Қалалық бес жылы инвестициялық стратегияның болуы және аумақтық инвестициялық бағдарламаны жыл сайын әзірлеу мақсаты тұр.

Уақытша еркін қомақты ішкі қаражаттардың болуы.

### 2.2. Олқы жақтары

Алматы қаласының шаруашылық саласында шет елдік инвесторларды тек қана мұнай, мұнай шығару саласы мен металлургия саласы қызықтырады.

Муниципальдық құнды қағаздар, ипотекалық несие беру, тұрғын үй құрылысын жүргізу бағыттарындағы заң аясының жетілдірілмеуі.

### 2.3. Мүмкіндіктер

Ішкі қаражаттарды экономиканың нақты даму жүйесіне бағыттау.

Нақты экономика саласындағы несиелік қажет етуді жандандыру.

Шет елдік және отандық инвесторлармен жұмысты жандандыру.

Қаланың аумақтық қаржы орталығы ретіндегі мүмкіншілігін пайдалану.

Инвестицияны тарту мақсатында қаланың барлық активтерін пайдалану. Заманғы талапқа сай міндеттерді орындауды қамтамасыз ету және толығымен инвестициялық ресурстарды қайтару.

2.4. Қауіптер

Әлсіз инвестициялық саясат жүргізілсе, экономикалық жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге бөгет пайда болып, еліміздің дамуы табиғи ресурстардың байлығына ана тәуелді болмақ.

Шаруашылық субъектілерінің негізгі қорларына инвестициялар тарту, қаржы лизингі арқылы орындалмаса, қала кәсіпорындары үшін маңызды стратегиялық мәселені шешу қиындап кетті.

### 3. Стратегиялық міндеттер

Әкімшіліктің инвестициялық ресурстарды нақты экономиканың жүйесіне тарту және оны жүзеге асыру.

Басым инвесторлардың ақпараттық жүйеге тиімді, пайдалы тартылуына Жағдай жасау.

Муниципальдық құнды қағаздар наркын тиімді дамыту үшін (берешек міндеттер) және жергілікті инвесторлардың қаражатын қала қажеттілігіне тарту.

Құрылыс көлемін ұлғайту, оның ішінде тұрғын үйді ипотекалық несиелеу үшін дамыту (бірінші кезеңде пилоттық жобаларды жүзеге асыру).

Алматы қаласының қаржылық аймақтық орталық ретінде дамуы.

### 4. Іс-қимылдар стратегиясы

I кезең: 2002-2005 жылдар. Алматы қаласының инвестициялық стратегиясын жүзеге асыру 2005 жылдарды қамтиды және оның басымдылығын анықтайды. Жергілікті атқарушы органдардың инвестицияларды тартуды ынталандыру жолдарын жетілдіріп, әсіресе, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға жұмылдыру .

Жобаларды жүзеге асыру: "Қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару", " Алматы қаласында сумен жабдықтау жүйелерін қайта құрастыру және жаңарту", "Метрополитеннің бірінші торабының құрылысын аяқтау".

II кезең: 2006-2010 жылдар.

Алматы қаласында аймақтық ерекшеліктерді есепке алу жүйесін құру және атқарылған жұмыстарға талдама жасау. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру , оған ғылыми негізде баға беру және басым салаларға аймақтағы саяси реформаны жұмылдыру.

Аймақтың несиелік көрсеткішін арттыру және әлеуметтік салаға инвестиция тасқынына қолайлы Жағдай жасау.

Алматы қаласындағы инвестициялық саясатты орындау жолында, ең алдымен , қаланың маңызды экономика саласын басымды дамыту: өнеркәсіп, тұрғын үй құрылысы, азаматтық құрылыстар, экология, көлік, мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру.

Алматы қаласында өнеркәсіп саласындағы басымдылық инвестиция тарту бағытында машина құрылысы, электроника, жеңіл және химия өнеркәсібі болып табылады.

Машина жасау саласында ПАЗ-3205 автобустарын шығаруды ұйымдастыру (" Алматы автобус жасау зауыты" ЖШС), оған қоса автомобильдердің тіркемелерін шығару ("Автомашиналарды жөндеу бірлестігі"), оған қоса су шашатын машиналарды шығару ("Жол-жөндеу техника" АҚ), троллейбустарды шығару (" Электромаш" БК), жаңа заманғы жолаушыларды тасымалдау вагондары (" ЫРЫСТЫ-АЭВРЗ" АҚ), бұған қоса геологиялық барлауға арналған бұрғылау қондырғылары ("Жайлау" компаниясы).

Электроника саласында бүгінгі заман талабына сай келетін әртүрлі сәулелі толқындармен жұмыс істейтін электроникалық аппараттар, электр жарығын есептегіш қондырғылар, жаңа радиоаппаратуралар шығарылады ("Алатау" АҚ, Радиотехникалық зауыт).

Жеңіл өнеркәсіпте - мақта-мата бұйымдарын шығару, кілемдер мен әртүрлі түрлі-түсті қалың маталар шығару ("АММК-ОЗАТ" ААҚ, "Алматыкілем", " Мақта-мата комбинаты").

Химия өнеркәсібінде - мал дәрігерлік жұмыстарға арналған әртүрлі биопрепараттар, сібір обасына қарсы вакциналар, импортты алмастыратын дәрі-дәрмектер, мұның барлығы биокомбинатта және дәрі-дәрмек фабрикасында шығарылады.

Инвестициялық жұмыстарды жандандыру мақсатында мемлекеттік ресурстарды жұмылдыра отырып, әрбір кәсіпорынның жеке жұмысы нәтижесінде отандық және шет елдік инвесторлардың қаражаттарын тарту.

Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттігінде инвестициялық жеңілдіктерді беру және оның қайтаруға байланысты экономикамыздың маңызды салаларына барлық инвестиция тарту жүйесін жетілдіру жұмыстары көзделуде. Барлық кәсіпкерлерге кең жол ашу тұрғысында екі жақты несиелеу жұмыстары қатарымен жүргізілетін болады.

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру тұрғысында инвестицияны тарту мақсатында тендер жүргізу жоспарлануда. Мұнда екі жақты қаржыландыру жобасы, алынған қаражаттарды қайтару, ең соңы қызмет пен өнімнің құнын бағалау болып табылады.

Отандық және шет елдік компаниялардың бірлескен жобаларын жүзеге асыруда қарапайым бір-біріне несие беру жолымен бірлескен кәсіпорындарды құру, инвесторлар жобаларының жарты бөлігін акциямен толтыру және осы арқылы ала қойған мақсаттарды орындау.

Метро құрылысының алғашқы кезегін іске қосу жоспарлануда (бұл жайында толық мағлұмат "Көлік инфрақұрылымы" бөлімінде айтылған).

Басымды ең маңызды жұмыстар қатарына "Алматы қаласын сумен жабдықтау жүйесін қайта ұйымдастыру және жаңарту" жобасын жүзеге асыру болып табылады. Бұл жоба қазақстандық және француздық екі үкімет ара келісімінің шарты күшіне енгеннен күннен бастап жүзеге асырылатын болады. Дәл қазір Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Францияның Натексис Банкі бірлескен жобаны үкіметаралық несие беру келісіміне сай жүргізуде.

"Алматы қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару" ірі жобасын жүзеге асыру көзделуде. Қазіргі уақытта әкімшілік жергілікті бюджетке берешектерді азайту жұмыстарын жүргізуде. Қаланың заем берешектері бойынша оның тасқынын төмендетуді қарастыруда. Осы арқылы аумақтық инвестициялық бағдарламаны бекітіп, жоғарыда аталған жобаны жүзеге асыруға жол ашылмақ.

Басымды инвесторлық жобаларды жүзеге асыру барысында мемлекеттік және аймақтық деңгейлерде жеңілдік салық салу саясатын жүргізе, өндірістік инвестицияға табыс арқылы лизинг жүйесін дамыта, коммерциялық банкілерді тарта отырып, осы жобаларды ұзақ мерзімді несиелеу көзделуде.

Ерекше назар аумақтық инвестициялық бағдарламаға (АИБ) бөлінеді. Осы мақсатта корпорациялар мен әкімшіліктің бірлескен жұмысы негізінен кәсіпорындарға басымды инвестиция тарту мәселесін шешу болып табылады.

АИБ жобасын жүзеге асыруда мыналар қамтамасыз етіледі:

- капиталдың нарқындағы Жағдайға салыстырмалы талдау жасау, инвестициялық ұсыныстарды болжамдау, инвестицияның ауқымын ескере отырып, осының аясында маңызды экономикалық инвестициялық жобаларды анықтау;
- қаржы, жылжымайтын мүлік, жер, сондай-ақ сәулет-құрылыс қызметі, құрылыс материалдары нарқына байланысты негізгі аймақтық нарыққа байланысты талдама жасау және баға мониторингін жүргізу;
- қаржы сызбаларына қатысу және әзірлеу, сондай-ақ алдыңғы қатарлы

халықаралық қаржы мүкәммалдары саласында инвестициялық саясатты жүзеге асыру, қаржы экономикалық сипаттамаға сай аумақты дамыту;

- аумақты инвестициялық жоба мониторингі жөніндегі шараларды жүзеге асыру, оған бөлінген қаражаттарды пайдалану және оны уақтылы қайтарудағы мақсатты бақылау шараларын орнату;

- отандық және шет елдік консалтингтік фирмалармен ынтымақтасу, инвестициялық салада кешенді қызметтерді жүзеге асыру, тапсырыс берушінің міндеттемелерін орындауда конкурстарды ұйымдастыруда инвестициялық зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу тұрғысында экономиканың нақты саласына еркін қаражаттарды тарту жөніндегі шаралар қабылданады, олар мыналар арқылы жүзеге асырылады:

- муниципальдық құнды қағаздар эмиссиясының жолдарын дамыту, қарыз міндеттемелерін қамтамасыз ету (инвестициялық жобалар тәуекелі);

- қалада сақтандыру компанияларын құру арқылы коммуналдық меншік кәсіпорындарының мүлкін сақтандыру.

Мемлекеттік деңгейде құнды қағаз нарқын дамыту мәселесіндегі заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу (қарыз міндеттемелері), жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік басшылығымен сақтандыру қызметін жүзеге асыру көзделуде.

Кәсіпорындардың инвестициялық мүмкіншіліктерін өсіру мақсатында жақын арада клирингтік даму қызметтерін жүзеге асыруда Алматы қаласында клирингтік палаталар құрылады.

"Вексельдер нарқын дамыту жөніндегі эмиссиялық емес құнды қағаздармен еркін қаржы мүкәммалдарын дамыту жөніндегі бірлескен қызметті үйлестіру туралы" Бас келісімді жүзеге асыру көзделуде.

Іскерлік ақпараттық нарықты дамыту жөніндегі жұмысты белсенді жандандыру. Қазіргі уақытта тек ана мәлімдемелік іскерлік аналитикалық ақпараттық материалдарды беру жөніндегі қызметті дамыту жалғаса түседі. Іскерлік мәліметтерді кейбір инвесторлар толығымен жарияламайды. Осы тұрғыда бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндігі ақпараттық компьютерлік жүйені дамыту басты міндет болып табылады.

Қолда бар мүмкіндіктерді осы мәселелерде жүзеге асыруда қала әкімшілігі ақпараттық бизнес орталықтар жүйесін дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырады және шағын және орта кәсіпорындар аясында зерттеулер ұйымдарының негізінде инвесторларға қажетінше талапқа сай ақпараттар қызметін көрсетуді көздейді. Бұл маңызды талаптар Алматы қаласы үшін инвестицияны және бизнесті дамытуға тартымды негіз болып табылады.

Инвестициялық тартымдылықты сақтау және дамыту мақсатында Алматы

қаласы Қазақстан Республикасы Үкіметінің аймақтық қаржы орталығын дамыту болып табылады.

Аймақтық деңгейдегі тұжырымдаманы жүзеге асыру үшін мыналар қажет:

- екінші деңгейдегі банкілердегі тұрғындардың жинақтаған қаражаттарын ынталандыру жөніндегі шаралар жүзеге асырылады, бұл бұқараға накты кепілдік беру арқылы орындалады; - зейнетақы активтерін дамыту және сақтандыру жөніндегі шаралар қабылданады; - ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту, бірінші кезекте пилоттық жоба жүзеге асырылады; - эмиссиялық емес құнды қағаздарды және вексельдік айналымдарды аймақта жүзеге асыру және дамыту; - тұрмыстық жайлылық пен әртүрлі жайлы бизнесті дамытуды қамтамасыз ету; - Алматы қаласының арнайы бағытын дамыту жолында қатаң сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыру; - әлемдік қалып деңгейінде қала маңындағы базарлар мен көтерме сауда базарларды қайта жабдықтауды жүзеге асыру; - азаматтар мен астана қонақтарының қоғамдық қауіпсіздігіне жоғары деңгейде қызмет көрсету. Ипотека саласындағы пилоттық жобаларды жүзеге асыру мақсатында және ипотекалық несиелеуді одан әрі дамытуда қалалық ипотекалық компанияларды құру мүмкіндігі қарастырылуда, Ұлттық Банкінің лицензиясы мен қаржы мекемелерінің банкілік емес мәртебесіне сай жобаларды қарастыра отырып, жеке және заңды тұлғаларды несиелеу бағыты қола алынады. Қаржы лизингін дамыту және оны жүзеге асыру негізгі қаражаттарды тарту қаладағы лизингтік компанияны құрумен жоспарланады. Қала үшін стратегиялық маңызды инвестициялық жобалар ------------------------------------------------------------------- N ! Жобаның аты !Шамамен баға !Жобаны жүзеге! Қаржы көзі ! !құны !асыру мерзімі! ------------------------------------------------------------------- Әлеуметтік саясат 1. "Самал-2"ы.а Әмбебап 14,1 млн. 2005 ж. Отандық және спорт-сауық АҚШ доллары шетел кешенінің құрылысы инвесторлары 2. 18 жалпы білім беру 180 млн. жыл сайын Жергілікті мектептерінің АҚШ доллары 2 мектеп бюджет құрылысы Өнеркәсіпті-технологиялық саясат 1. "Электромаш" БК 300 мың. 2005 жылдан Өз қаражаты, ААҚ-да АҚШ доллары бастап банк несиесі троллейбустарды жинақтауды қайта қалпына келтіру 2. "Автожинақтау заводы" 12 млн. 2005 жылдан Өз қаражаты, ЖШС-де ПАЗ-3205 және АҚШ доллары бастап банк несиесі автокөліктердің басқа түрлерін жинақтап шығаруды игеру және әзірлеу 3. "Жайлау Компаниясы" 1 млн. 2003 ж. Өз қаражаты, ААҚ-да қозғалмалы АҚШ доллары банк несиесі УБГ-800 "Қазақстан" бұрандасымен бұрғылау тетіктерін шығаруды игеру 4. "АММК-ОЗАТ" ААҚ-да 18,5 млн. 2006 ж. Өз қаражаты, мақта-мата өнімдерін АҚШ доллары банк несиесі өндіру 5. " Алматы тоқыма 1365,0 мың. 2004- Өз қаражаты, комбинаты" ЖАҚ-да АҚШ доллары 2005 ж.ж. банк несиесі жұмысты қалпына келтіру 6. "Алматы кілем" 1 млн. 2006- Өз қаражаты, ААҚ-ның өндірістік- АҚШ доллары 2008 ж.ж. банк

несиесі техникалық базасын жаңалау 7. "Алматы биокомбинаты" 200 мың. 2003 ж. Мемлекеттік ААҚ-да сібір жарасына АҚШ доллары инвестиция қарсы вакцина өндіру өз қаражаты, және малдарға арналған банк несиесі биопрепараттарын өндіруді кеңейту 8. "Асфальтобетон" 1,9 млн. 2002- Өз қаражаты, ААҚ-да асфальт бетон АҚШ доллары 2003 жж. банк несиесі өндірісін қайта жабдықтау 9. "N 405 Авиаремонт 100 мың. 2005 ж. Өз қаражаты, заводы" ААҚ-да АҚШ доллары банк несиесі Ми-8Ттікұшақтарын күрделі жөндеуден өткізуді игеру және гальваникалық жұмыстарды жүргізу 10. Алматы қаласында Бюджет және 2003- Республикалық технопаркті құру инвесторлар 2010 жж. және жобасын жүзеге асыру қаржысы жергілікті бюджеттің қаржысы және гранты Көлік инфрақұрылымы 1. Көлік жол 14 жол 2002- 5-жол айырығы, айырықтарының айырығы - 2005 жж. айналым жолға- құрылысы 420 млн. жергілікті АҚШ доллары, бюджет қаржысы соның ішінен (тек бюджет бір жылға : алымының 120 млн. көлемін доллар, қысқартса), айналып 2006- 9-жол өтетін жолға 2010 жж. айырығына- - 95,3 млн. жергілікті доллар. бюджет қаржысы ( бюджет алымының көлемін қысқартса) 2. Метрополитеннің 490,6 млн. 2010 ж. Жергілікті бірінші кезектегі АҚШ доллары бюджет және құрылысын бітіру республикалық бюджет қаржысы 3. Аэропорттағы 10 млн. 2002 ж. Мемлекеттік терминалдық АҚШ доллары емес заем құрылысын бітіру жергілікті бюджет кепілдігімен Қоршаған ортаны қорғау 1. Алматы қаласының 24 млн. 2002- Үкіметтік су құбырлары мен АҚШ доллары 2004 ж. сыртқы заем су арналарын қайта жабдықтау және жетілдіру 2. Қатты тұрмыстық 20 млн. 2003- Муниципалды қалдық басқармасы АҚШ доллары 2004 ж. заем 3. Жеке тұрғын үй 59,3 млн. 2002- Республикалық құрылыс аудандарын АҚШ доллары 2003 жж. және кеңейту жергілікті бюджет қаржысы 4. Баум рощасын қайта 608 мың. 2003- Жергілікті жаңарту және АҚШ доллары 2008 жж. бюджет көріктендіру, демалыс қаржысы және мәдениет паркін құру, Алматы қаласының 3,9 млн. 2003- ерекше қорғайтын АҚШ доллары 2005 жж. аймақтарын дамыту 5. Алматы қаласы ауа 1 кезең- 2005 ж. Муниципалды бұзылуының 2,5 млн. заем мониторингісін АҚШ доллары автоматтандырылған жүйесін құру 6. Сел жүретін қауіпті 267 мың. 2005 Республикалық және жер көшкіндері АҚШ доллары жылға және участкелеріне дейін жергілікті мониторинг жүргізу бюджет қаржысы 7. Жер сілкінісіне 55 білім беру 2002- Республикалық қарсы нығайтулар объектілері 2010 жж. және - 5,5 млн . жергілікті АҚШ доллары, бюджет 19 денсаулық қаржысы сақтау объектілері - 5,4 млн. АҚШ доллары ------------------------------------------------------------------ Күтілетін нәтижелер Капиталға негізгі инвестиция 2010 жылы Алматы қаласы бойынша 104 млрд. теңге болады, оның дамуы 2001 жылға қарағанда 43%. Инвестиция құрылымында экономиканың нақты секторына әлеуметтік және экономикалық бағытты дамыту болып табылады. Осы аралықта 2,5 млрд. шаршы

метр тұрғын үй меңгеріледі немесе орташа жылына 270-280 мың шаршы метр. 5 жылдың ішінде инженерлік шешімдегі жобалар бойынша жаңа ықшам аудан " Нұрлы қала" құрылысы жоспарланады.

## VI БӨЛІМ
## Салық бюджеттік саясат 1. Мақсат

Мақсат – бюджетке тұрақты табыстар түсіру және бюджеттің тиімді жұмыс істеу саласындағы жұмыс тиімділігін арттыру, қаланың әлеуметтік-экономикалық басымдылығын дамытуды жүзеге асыру.

## 2. Жағдайды талдау

Алматы қаласы мемлекеттік бюджетті толықтырудың негізгі көзі болып табылады, оның табыс бөлігінің 20% қамтамасыз етеді. Республикалық бюджетке барлық аударымдарды өтегеннен кейін, қаланың иелігіне барлық жиналған салықтың 20-25 пайызы қалады.

Жалпы алғанда, 2001 жылы қаланың жинақталушы бюджетіне 127 млрд. теңге жиналған (бұл 2000 жылдан 30% артық), оның ішінде республикалық бюджетке 71,6 млрд. теңге, жергілікті бюджетке 55,3 млрд. теңге құрайды. Болжамдар тиісінше 1-4,7 пайыз, 103,2% және 106,7% орындалды. Жалпы алғанда, республикалық бюджетке 26 млрд. теңге толығымен қайтарылды.

Болжам бойынша заңды тұлғалардан түскен табыс салығы 104,3%ке, жеке тұлғалардан – 109%, әлеуметтік салық - 108%, ҚҚС - 103,5%, ішкі өндіріс тауарларына акциздер бойынша – 117,3%-а орындалды.

Қызмет саласындағы салықтар мен төлемдердің түсу құрылымы былай анықталады:

өнеркәсіп – 11,3% (2000 жылы 9,9%);
құрылыс - 6,7% (5,7%);
сауда – 11,8% (12,2%).

Сонымен, келтірілген көрсеткіштер бойынша бюджетті толықтыру көздеріндегі өзгерістер арқылы экономикамыздың нақты саласының өскені байқалады. Бұған қоса, сауда-делдалдық және іскерлік жұмыстары арқылы үлес қарыны арта түскен.

Өсу нүктесі. Бюджетке шағын кәсіпкерлік қызметі арқылы түсімдер молыға түсуде. Кәсіпкерліктің тиімділігі мен тұрақтылығы осы негізде жаңа шаруашылық байланыстар өндірістік сала қызметінде жандана түсуде.

Кәсіпкерлік саласындағы салықтар мен түсімдер үлесі өндірістік сала мен

сауда-делдалдық қызметтің нәтижесінде арта түсуде.

Барлық жеке кәсіпкерлер патент негізінде салық төлеу тәртібіне көшкен. Олар өздерінің салықтарын ерікті негізде төлейді.

Сонымен қатар әлі де кемшіліктер байқалады. Болжамның орындалмауына болжамның кейбір тарауларының орындалмауында, олар жер салығы, құнды қағаз шығаруды тіркеуден, ішімдік өнімдерінің акциздерінен. Көптеген кәсіпорындар мен мекемелерінің төлем қарыздарының көлемінің өсуі. Бұған басты себеп, тоқырап қалған кәсіпорындар мәселелерінің толық шешілмегендігі және олардың қайта жабдықталмауында.

Салық органдарының бақылауында тоқыраған кәсіпорындар жылдап есепте тұр. Олардың берешектері жүздеген млн. теңге құрайды. Бұлар негізінен ескі кәсіпорындар, қайта тіркеуден өтпеген. Осы кәсіпорындар іске қосылғанда, берешектер аукымы азаятын болады.

Өсу нүктесін құруда мемлекеттік міндеттерді орталықтырылудан жоюдың бір факторы болып салық салудағы кейбір өкілдікті жергілікті атқарушы органдарға беру болып табылады.

Жалпы алғанда, салық жүйесі күшті орталықтандырылған. Жергілікті үкімет органы жергілікті салықты реттеудегі жұмыстарға бақылау жасағанда, салық пен төлем болжамы толығымен орындалады. Мәселен, базарлардағы тауарларды жүзеге асыру құқығын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды. Дегенмен, тәжірибедегідей аумақтың ерекшелігі ескерілмейді.

Алматы қаласындағы бюджет саясатының негізгі бағыты құрылымдық бөлімшелерге көңіл бөлу, бюджеттік қаражаттарды орталықтандыру, барлық бюджеттік қаражаттарды ұзақ мерзімді бағдарламалар мен басымдылыққа негіздеу.

Мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру Мәслихат бекіткен сома шегінде белгіленген тәртіпте орындалады.

Бюджет қаражаттары есебінен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қатаң конкурстық негізде жүзеге асырылады. Жалпы бюджет қаражатының шарты 2001 жылы 607 млн. теңге құрайды, 2000 жылы 2,4 есеге көбейеді.

Толығымен мемлекеттік әлеуметтік және арнайы жәрдемақыны, коммуналдық қызметті төлеу, тамақтану өнімдерін, дәрі-дәрмек, жабдықтарды сатып алу, қаланы көріктендіру мен жасыл желекке бөлеудегі қаржыландыру.

Қазынашылық жұмысы жақсы жолға қойылған, мұнда бюджеттік бағдарлама толығымен қаржыландырылуда. Қаржының негізгі бөлігі қаланың инфрақұрылымына бағытталған әлеуметтік тұрғыдағы объектілерді жөндеу болып табылады.

Медициналық ұйымдардың жұмысын жандандыруды жалғастыру, жалпы орталықтандырылған үлкен қаржыландырудан алғашқы медициналық жәрдем

беру көмегін көрсетуге көшу көзделуде.

Алматы қаласы Әкімшілігінің өзіне алған міндеттерінің орындалуы бақылауға алынған. Дәл қазір нақты берешектер 4338 млн. теңге құрайды ( жобалар: "МАН автобустарын алғызу", "Виртген жол-жөндеу техникасын алғызу ", "Жол тазалау техникасын алғызу"). Қала өзіне несие бойынша алған міндеттемелерін орындауда, МАН автобустарына байланысты жоба бойынша Үкіметке несиені өтеу мерзімін кейінге қалдыру немесе осы несиені республикалық бюджет қаражатынан өтеу жөнінде ұсыныс берілді (осы мәселеге ұқсас Алматы қаласын дамыту бөлімі де кіреді).

Алматы қаласының экономикасында өсу нүктесін құруда бір фактор бюджетті орталықтырылудан жою болып табылады.

Бүгінгі күнде жүргізіліп отырған бюджеттік саясат аумақты дамытуға ықпалын тигізбей отыр, сондай-ақ жеке табыс көздерін өзін өзі басқару мақсаты қарастырылмаған. Бюджеттік санақтар бойынша 1 тұрғынға аймақтық ерекшелік қарастырылмаған. Қосымша табыстар көзі республикалық бюджетке аударылуда. Соңы жылдары осы мәселеде Жағдай қалыпқа келді, бірақ-ақ бұл мәселе кезекте тұр. Біздің пікірімізше, жергілікті бюджетті барлық табыс көздерінен құрастыру өз пайдасын бермек, яғни төлем төлеушілер өздері жергілікті бюджетке қажетті аударымдарды төлейді. Бұған қоса жергілікті бюджеттің шығыс бөлігінде оның мақсатты пайдаланылуына меже көзделуде. Соңы 4 жылдың талдамасы бойынша табыстың көтерілуіне қарамастан, кей уақыттарда шығынның артып отырғаны байқалады (бұл мәселелер қаланы дамытудағы өзекті мәселелер білімінде толығымен айтылған). 2.1. Күшті жақтары Алматы қаласының республикаға қаржы доноры міндетін атқаруы. Жыл сайын салық саясатын өткізу қалалық бағдарламасын әзірлеу. Жылдық салық пен төлем жинау болжамын орындау. Салық әкімшілігін жетілдіру. Кәсіпкерліктен салық түсімдерін дамуы мен заңдастыру арқылы оны арттыру. Қаланың салық органдарында жаңа сандық оқшау жүйелерді орнату. Қазынашылық арқылы бюджеттік бағдарламаны уақтылы және мақсатты пайдаланудың тиімді жолын құру. Әлемдік қалыптардың талабына сай кіріс пен шығыстың жаңа бюджеттік дәрежелерін енгізу. Бюджеттік шығындарды жинақтап, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының басымды бағытын қаржыландыру. Мемлекеттік сатып алу жүйесі жетілдірілуде, бюджет қаражатын үнемдеу қамтамасыз етіледі. 2.2. Олқы жақтары Аймақтағы жергілікті салық жинауды реттейтін жолдардың әлсіздігі.

Толық көлемде салықтың жиналмауы, сонымен қатар тоқыраған кәсіпорындар берешектерінің көбеюі, олардың қайта тіркеуден өтпеуі және салық органымен байланысының болмауы. Бюджеттік қызметтердегі орталықтандыру жұмысының толық аяқталмауы. Бюджеттің барлық деңгейіндегі өз бетінше жұмыс істеудегі заң аясының болмауы. Бюджетті орталықтандыру

өкілдігіндегі бюджеттік ресурстардың аралығындағы тепе-теңділіктің болмауы. Әрбір басқарудағы жеке табыс көздерінің жүзеге аспауы. Жергілікті бюджеттегі шығынды жинақтаудағы ірі инвестициялық жобаларды қаржыландырудың мүмкін болмауы. Әлеуметтік-экономикалық дамуды болашақ жоспарлау мүмкіншілігін жүзеге асыруда аймақтағы қосымша ресурстарды жүзеге асыру жүйесін жетілдіру. 2.3. Мүмкіншіліктер

Салық салу аясын кеңейту, бюджетке табыстарды көбейту, салық әкімшілігін жетілдіруде жетіспеушіліктерді қысқарту, аймақтарға салық салуда өкілеттілік беру. Бюджеттің қызметтегі мүмкіншілігін кеңейту, бұл тұрғыда бюджеттік қарым-қатынастарды адал және тұрақты қамтамасыз ету. 2.4. Қауіптер Алматы қаласынан жиналған салықтың 75-80% республикалық бюджетке аудару. Бұл жұмыстар мемлекеттік бюджеттік саясатпен атқарылып, аймақтың өзіне қажеттілігін толығымен өтеу болып табылады. 3. Стратегиялық міндеттер

Кезең бойынша салық қорын кеңейту, салық әкімшілігін жақсарту және салық пен бюджет төлемдерінің түсуіне бақылауды үдейту. алғашқы кезектегі қаржыландыруды қамтамасыз етіп, басым бағыттағы жұмыс көлемін толығымен орындау. Бюджеттік қаражаттарды пайдаланудың тиімділігін арттырып, бюджетті толығымен орындау. Салық түсімдерінің өсімін 50 пайызға көтеру. Бюджетке салық түсімінің жетпеген олқылықтарын толтыру. Салық-бюджет бағдарламасының жаңа саясатын жүргізе отырып, құрылымдық қайта жаңарудағы мемлекеттік реттеу әдістемесін күшейту. 4. Іс-қимылдар стратегиясы Өсу нүктесі

Экономиканың салық төлеуші секторының барлық өндірістік мүмкіншіліктерін, тиімді пайдаланудың инновациалық, қаржылық дамуының, туризм индустриясы құрылуының ұзақ мерзімге жоспарланған бағдарламасы мен басымдылығына сәйкес Алматы қаласының болашақ дамуы мен мүмкіншіліктері мыналар болып табылады:

- тамақ өнеркәсібі
- машинақұрылымы
- химия өнеркәсібі
- ақпараттық технологиялар
- қызмет көрсету, қаржы саласымен қоса, телекоммуникациялық қызметтер мен байланыс, ішкі және сыртқы сауда және т.б.

Бюджетке төлем мен салықтардың түсуін бақылауды күшейту, салық басқаруды жақсарту, салық салу аясын кеңейтуді кезең-кезеңмен былай жүзеге асырылады:

мүлікті пайдалану және жер учаскелерін пайдаланудағы бақылауды және оны тіркеуді жетілдіру (І кезең, 2002-2005 жылдар);

жеке тұлғалардың мүлкін қайта бағалауды тұрақты жүргізу, мүлікке қатаң

бақылау орнату, кәсіпкерлік қызметтің мүлкін қатаң бақылауға алу (I және II кезең, 2002-2010 жылдар);

салық пен жала төлем жайындағы мәліметтерге есеп жүргізуді жетілдіру, жер салығының қызметтік аясын ретке келтіру (I кезең 2002-2005 жылдар);

кәсіпкерлік қызметтің жұмысын толығымен есепке алу (I және II кезең, 2002-2010 жылдар);

нотариалдық қызмет көрсету наркындағы Жағдайға талдама жасау және ретке келтіру (I кезең 2002-2005 жылдар);

кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын шет елдік азаматтардың есебін жетілдіру (I кезең, 2002-2005 жылдар);

нақты шығындарды анықтау мақсатында тоқырап қалған кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметіне уақтылы тексеруді жүргізу (I және II кезең, 2002-2010 жылдар);

Бірінші кезекте қаржыландыруды және қызметтің басымдылық бағыттарын толық көлемде қамтамасыз ету.

Қосымша алынған қаражатты халықты әлеуметтік қорғау бағдарламасына бағыттау (I және II кезең, 2002-2010 жылдар);

Экономиканың нақты секторын және бірінші кезекте шағын бизнес саласындағы инвестжобалардың басым саласын тиімді несиелеу (II кезең 2005-2010 жылдар);

тегін медициналық көмекті қаржыландыруды қамтамасыз ету, әсіресе медицинаның басым саласы, ана мен баланы қорғау, алғашқы дәрігерлік жедел көмек беруді дамытуға, туберкулезбен күрес жүргізу үшін барлық жұмыстарды жұмылдыру (I және II кезең, 2002-2010 жылдар);

маманданған техникалық білім алудың басым саласын дамытуды және білім саласын барлық деңгейде табысқа жету мақсатында, білім алу бағдарламасын толық көлемде қаржыландыруды қамтамасыз ету (I және II кезең, 2002-2010 жылдар);

халықты әлеуметтік қорғау қатары үшін тұрғын үй құрылысын, сонымен қатар әлеуметтік бағыттағы объектілерді қайта құру мен құрылыстарды қаржыландыру (I және II кезең, 2002-2010 жылдар);

жастар бағдарламасы мен қаладағы тәртіп сақтау бағдарламасын қамтамасыз етуді іске асыру (I және II кезең, 2002-2010 жылдар);

Бюджет қаражаттарын пайдаланудың тиімділігін арттыру және бюджетті ашықтығын қамтамасыз ету, төмендегілер арқылы:

республика мен қаланың басымдылық дамуы мен ұзақ мерзімдегі міндеттеріне сәйкес бюджеттік қаражаттарды пайдалану саясатын жүргізе асыру (II кезең, 2002-2010 жылдар);

бюджетке кірістің жүйелі түсуін талдау және оның түсуінің төмендеу

деректерін уақытында әсер ету мен кірісті мобилизациялау механизмін жетілдіру жүргізу (I және II кезең, 2002-2010 жылдар);

егер де бюджет мақсатты пайдаланылмаған Жағдайда, оны кері қайтарып алу немесе қаржыландыруды тоқтату, бюджет қаражатын тендерлік негізде ана жұмсау жүргізу (I кезең, 2002-2010 жылдар);

басқару органдары мен әлеуметтік сала объектілеріне арналған бюджет қаражатын мақсатты пайдалануды көздеу (I кезең, 2002-2005 жылдар);

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бюджетті қаржыландырудың жұмсалуы жайлы толығымен қаржы мағлұматтарын беру және қаржы ресурстарының қозғалысына ақпарат бере отырып, атқарушы органдардың бюджет қызметінің тиімділігіне тәуелсіз баға беру (I және II кезең, 2002-2010 жылдар);

бюджеттік қаржыландыруды жоспарлау мен бағдарламалауға ауысу (II кезең, 2005-2010 жылдар);

салық түсімдерінің түсуін қамтамасыз етумен қатар бюджетке салық түсімдерінің толық түспеуін жою (II кезең, 2005-2010 жылдар);

Салық түсімдерінің өсуін қамтамасыз ету арқылы бюджетке бересіні жою.

Салықтық заңдылықтарды міндетті түрде сақтау нормалары мен салықтық басқаруды жақсарту негізінде бюджетке салықтың түсімнің өсуі қамтамасыз етіледі (I және II кезең, 2002-2010 жылдар);

бюджетке салық түсімдерін бақылауды жақсарту және басқа міндетті түсімдерді жетілдіру мақсатында мемлекеттік және басқа да органдардың іс-шара механизмін жетілдіру шаралары қабылданады (I кезең, 20022005 жылдар);

бюджетке түсім мен салықтың толық түсуін қамтамасыз ету, салық саясатын жүргізу мақсатында жыл сайын қала әкімінің іс-шаралар жоспарын әзірлеу жоспарланады (I және II кезең, 2002-2010 жылдар);

2005 жылға дейін мұнай өнімдеріне бақылауды қатайту мақсатында мыналар ұсынылады:

қалаға алып келінетін мұнай өнімдерін бақылауға тексеруді жетілдіру;

экономикалық картаны құрып, жанар-жағар май стансаларының тұран жерін анықтау, оған қоса жанар-жағар майды сақтайтын теміржол қоймаларын есепке алу;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаңа салық заңдылықтарын халыққа тұрақты түсіндірме және тәрбие жұмыстарын жүргізу (I және II кезең, 2002-2010 жылдар).

Аймақтағы салықтар мен төлемдерді жинаудағы жұмысты жақсарту мақсатында жергілікті өкімет органдарының өкілдігін кеңейтіп, оларға еркіндік бере отырып, жергілікті бюджеттің табыс бөлігін дамытып, жергілікті салықты

реттеудегі құқықтар беру (І кезең, 2002-2005 жылдар).

Құрылымдық қайта құру саясатын жүргізуде мемлекеттік реттеу әдістерін күшейту.

бюджеттік саясатын дамыту мақсатында аймақтық бюджеттердің еркіндігі мен әлеуметтік-экономикалық дамуды жетілдіруге көңіл бөлінеді (І кезең, 2002-2005 жылдар);

Сонымен қатар, бірыңғай құқықтық ережелер сақтайтын, қабылдайтын және бюджетті орындауды қадағалайтын Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі қабылдануы керек (І кезең, 2002-2005 жылдар).

Республикалық деңгейде бюджеттік ортақтандыруды аяқтау, мұның негізінде аймақтардың бюджет қуаттылығының өсуіне деген қызығушылығын ынталандыруды арттыру. Алматы қаласының жергілікті бюджетінің табыс бөлігінде барлық жиналатын салықтар мен төлемдердің 30 пайызы өзінде қалуы тиіс. Күтілетін нәтижелер. Алматы қаласы бойынша салық жинау көлемі 2005 жылдың аяғына дейін 200 млрд.теңгеге жеткізу, ал 2010 аяғында 250 млр.теңгеге жеткізу жоспарлануда, ол аймақтық өнімнің 35% құрайды.

## VII БӨЛІМ Туризмді дамыту стратегиясы

### 1. Мақсат Туризм индустриясының тиімділігі мен бәсекелестігін құру.

### 2. Жағдайды талдау

Алматы орналасқан жері бойынша барлық саяси маңызды шараларды жүргізуге өте тартымды. Ең бастысы, бизнес туризмді оңтүстік астананың негізгі инфрақұрылымы ретінде дамыта отырып, халықаралық деңгейге көтеру және республикамыз үшін маңызды стратегиялық болашақ ретінде пайдалану. Саяхатшылардың негізгі тобының жылжуы Алматы қаласы арқылы өтеді.

Мұнда аймаққа танымал ірі театрлар, мұражайлар және басқа ойын-сауық орындары бар. Ең басты дамушылық, ол ойын-сауық бизнесі болып табылады. Алматы қаласы сонымен қатар Жібек Жолының бойында орналасқан, оның тарихи ескерткіштері, ғылыми және таным мүддесінде ерекше орын алады. " Қазақстан-2030" бағдарламасын дамытуда Алматы мәдени, саяхаттың және бизнес орталығы ретінде бағаланады.

Алматы қаласының 500 шақырым аумағында әсем, ерекше табиғат көрінісі орналасқан. Оңтүстік астананы негізінен өнеркәсіп аймағы деп атайды. Қала негізінен өндіріспен, саудамен және ауқымы бойынша ауыл шаруашылық жұмыстарымен де шұғылданады. Міне, осының барлығы жиынтықтап алғанда, Алматының еңбекпен қатар, демалыс орны және ойын-сауық өткізетін орталық ретінде танымалдығы өте құнды.

Атап айтқанда, жоғары тау шатқалындағы "Медеу", оның маңындағы жаласып жатқан "Шымбұлақ" саяхат шаңы базасы тек ана тұрғындарды ана емес,

сонымен бірге отандық және шет елдік саяхатшыларды өнебойы тартып тұрады.

Алматы қаласында саяхат құру қызметін 300-ге жуық саяхаттаушы фирмалар өкілдейді. Бүгін, негізінен, саяхаттың 3 түрі дамыған: сыртқа шығу, сырттан келу және ішкі дамушылық. Ең бастысы, сыртқа шығатын саяхатшылар "Көріп, аралап келгіш саяхатшылар" деп аталады. Бұл саяхаттың түрі күн санап арта түсуде. Соңы 2 жылда саяхаттың осы түріне шама келгенше жете көңіл бөлінуде.

Алматы қаласындағы тұтас алғанда меншік түріне қарамастан, 2001 жылы 70000 саяхатшылар саяхат құран (оның 21000-ы өзімізде болып қайтқан).

Саяхаттық бизнесті атағанда, негізінен, қонақ үйдегі қызметтер аталады. Саяхат құру фирмалары шет елдік қонақтарға әртүрлі қонақ үйлерін ұсынады. Оның ішінде, бес жұлдызды "Анкара" қонақ үйі мен "Рахат Палас" бар. Олардағы тәуліктік тұру ақысы 120-дан 1200-ге АҚШ долларын құрайды.

Ал үш жұлдыздық қонақ үйлерді алатын болсақ, олардағы баға 50-ден 110-а дейін АҚШ долларын құрайды. Бұған "Қазақстан", "Достық Интеротель", " Астана Интеротель", "Отырар", "Алатау Премьер Интернешнл", "Мұнайшы", " Пекин" қонақ үйлері жатады. Бұған балама негізде демалыс үйлеріндегі, санаторийлердегі тұру ақысы 20-дан 60-а дейін АҚШ долларын құрайды.

Алматы қаласының атағын саяхат құру тұрғысында көтеру мақсатында мынадай жұмыстар өткізілетін болады:

- WEB-сайт ашылды, сырт жерге танымал болуы үшін жария ретінде әртүрлі насихаттық-жарнамалық бейне көріністер, әртүрлі заманғы талаптарға сай сайт байланыстары және жарнамалық таныстыру кітапшалары шығарылды;
- саяхаттық бизнес инфрақұрылымында барлық көрсеткіштер жиынтығы тоғысқан;
- Алматы қаласы өкілдерінің халықаралық саяхат жәрмеңкелеріне қатысуы;
- отандық саяхат құрушыларға толық мағлұматы бар саяхаттық жарнамалар ұйымдастырылады, бұл тұрғыда осындай жұмыстар шет елдік саяхат құрушыларға да бағытталады;
- білікті саяхат құру әдістемелік құжаттамалармен қатар, жолсызбалардың төлқұжаты, арнайы көлік жолдары белгіленіп, жоғары оқу орындарының оқытушыларымен бірлесіп, саяхат құру жолсызбалары мен оларды алып жүретін жол сілтеушілер әзірленеді;
- білікті саяхатты жақсы меңгере білген жол сілтеушілердің арнайы біліктілігін көтеру орталығы, Бұған қоса аудармашыларды даярлап және жаңа жолсызбаларды белгілейтін мәлімдеме жиынтығы жасалынды.

Сонымен бірге саяхатты дамытумен қатар, оның өзіндік шешетін мәселелері де жоқ емес.

Саяхат қызметін талдай келіп, қорытынды шығарғанда саяхат құрушы

фирмалардың көпшілігі тек ана шетке шығарумен ана шұғылданады.

Шетке шығару саяхаты әлі де бәсең дамуда. Бұл үшін негізінен құрылыс жүргізуге, аумақтарды көріктендіруге, көлік қаражатына арнайы ірі қаржылар қажет.

Қазіргі кезде, Алматы қаласындағы 30 фирма ана шет елдік туристерді қабылдаумен шұғылданады.

Бұған қоса, Алматы қаласының аумағында әртүрлі сәулетқұрылыстармен қатар, маңызды ескерткіштер, мәдени құрылыс ескерткіштері, мұражайлар өз қалпын одан сайын көріктендіру түсуді қажет етеді.

Қонақ үйлерде тұру, тамақтану, көлік қызметі шет елдік талапқа сай болу қажет. Алматы қаласындағы сырттан келген саяхатшы орта есеппен күніне 100 АҚШ долларын жұмсайды. Бұнда әуежолмен тасымалдау құны, Европалық және Американдық қалыпқа сай болу тиіс.

Саяхат құру жөніндегі жол сілтеушілер, жол сілтеуші аудармашылар және қазақстанның тарихын жақсы білетін мамандар әлі де жетіспеушілікте, табиғаттың әсемдігі, өсімдік пен жан-жануарлардың молшылығы, танымдық саяхатты ұйымдастыруға кең жол ашып отыр. Саяхат құру мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігін молықтыруға қайнар көзі болып табылады. Сондықтан шет елдік саяхатшылардың тасқынын арттыру мақсаты күн тәртібінде тұр. Бұл тұрғыда Алматы қаласының саяхатпен шұғылданатын ұйымдарының тек ана сыртқа шығу емес, сонымен бірге өзімізге тарту және ішкі саяхат құруды дамыту болып табылады. 2.1. Күшті жақтары Географиялық және геосаясаттық жағынан қолайлы орналасуы. Көптеген тарихи сәулет ескерткіштерінің молдығы. Мұражайлардың, театрлардың, ойын-сауық орындары жүйелерінің дамуы. Қонақ үйлердің, мейрамханалардың молшылығы. Заң және нормалық заң жиынтығының орындалуы. Осы саладағы саяхат құрумен шұғылданатын фирмалардың тәжірибелілігі. 2.2. Олқы жақтары

Инфрақұрылымдық қызмет көрсету саласындағы қызмет көрсету деңгейінің төмендігі, отандық бағаның сапа бойынша жайлы қызмет көрсетуіне сәйкес келмеуі.

Қазақстанның, оның ішінде Алматы қаласының мүмкіндігін, Ұлы Жібек Жолының маңыздылығын шет елге насихаттаудың жоқтығы.

Саяхатты дамытудағы білікті мамандардың деңгейінің төмендігі.

Ұлттық әуе жолын тасымалдаушылар қызметі бағасының жоғарылығы.

Әуежайда және теміржолдарда халықаралық деңгейінде атқаратын ақпараттық таныстыру қызметінің жоқтығы.

табиғи, рекреациондық, спорттық объектілерді игердің төменгі деңгейде болуы; тарихи ескерткіштердің көріністері көңілге қонымсыздығы, саяхат құру және спорт пен демалыс орындарының келбетін заман талабына сай

жандандырудың жоқтығы.

Қазақстан, Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша өзаралық байланыстың жоқтығы. Алматы қаласындағы саяхат құрушылардың назарына әртүрлі бағдарламалардың төмен деңгейлігі.

Алматы қаласындағы тарихи ескерткіш орындарының, Ұлы Жібек жолы бойындағы сәулеттік-тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру үшін қаржының жетіспеушілігі.

2.3. Мүмкіндіктер

Алматы қаласының тарихи орындарын қалпына келтіру және Ұлы Жібек жолы бойындағы ескерткіштерді саяхат тұрғысынан алғанда, дамытудағы мемлекеттік және қалалық бағдарламаны толығымен жүзеге асыру.

Саяхаттық танымал шараларды ұйымдастыру және көлік қызметімен қамтамасыз ету.

Саяхат құрудағы қызмет көрсету жайында толық мағлұмат беру және саяхат құру үшін және оны дамытуға қажетті әртүрлі саяхаттық ақпараттарды жариялауға.

Аумақтың саяхат құру мүмкіншілігін насихаттауда жарнаманы пайдалану. Саяхат құру саласындағы мамандарды әзірлеу және қайта даярлау.

Саяхат құрушыларға қосымша қызмет көрсете алатын ұйымдармен бірлесіп жұмыс атқару.

Мәдени ойын-сауық және басқа да шараларды жүзеге асыру.

Халықтың қолынан шыққан бұйымдарды, қол өнерлердің әзірлеу және сату, осы тұрғыда жариялылық ақпараттық тасқынды әзірлеу. Қазақстан, Алматы облысы мен Алматы қаласы бойынша бірлескен саяхат құру жолсызбаларын әзірлеу.

2.4. Қауіптер Алматы қаласының географиялық жағынан орналасуы саяси тұрғыдан алғанда жайсыз аймақтармен шекаралас болуы. Саяхатты құру үшін маңызды сәулеттік-тарихи ескерткіштерді қалпына келтіруде қаржы көздерінің тапшылығы.

**3. Стратегиялық міндеттер Саяхат құру саласын жетілдіру.**

Саяхат құру инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету.

Саяхат қызметіндегі шет елдік саяхатшыларды тартудағы заман талабына сай маркетингті дамыту стратегиясын әзірлеу және жұмыстылықты ынталандыру.

Орталық Азия аймағындағы саяхат құру орталығы ретіндегі қаланың заманғы

талапқа сай жаңа имиджін шығару.
Сырттан шақыру құжаттарын жетілдіруді қамтамасыз ету.
Саяхат құрушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

## 4. Іс-қимылдар стратегиясы

Туризм саласында басқаруды жетілдіру. Саяхат еліміздің жалпы аудандарының экономикасына белсенді әсер етуде. Саяхат саласындағы шаруашылық субъектілерін құру және жүзеге асыру, жол көлігін, сауда, коммуналдық-тұрмыстық, мәдени медициналық қызмет көрсету саласымен тығыз байланысқан.

Саяхаттағы мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру жаңа көзқарасты талап етеді, өзгерген әлеуметтік-экономикалық жағдайларды, саяхаттық қызметті жүзеге асыратын мақсаттар мен бағыттарды жүзеге асырады.

Бүгін мемлекеттің саяхат саласындағы қызмет атқаратын атқарушы өкімет органдары мен ұйымдардың арасындағы қызметін арттыруды күшейту қажеттілігі туындап отыр. Саланы мемлекеттік басқару мынадай шараларды жүзеге асыруға бағытталуы тиіс:

- туристік индустрия саласындағы қарым-қатынасты ретке келтіру және жетілдіру;
- саяхат құрушылардың қауіпсіздігін қорғау осы саладағы маңызды міндет болып табылады;
- саяхат үшін кадрларды кәсіби даярлау;
- саяхаттың нақты дамыған аумақтарында жерді пайдалану және жер құрылысының заңдарын сақтауға бақылау;
- саяхатты ұйымдастырушы ұйымдарға, тасымалдаушылара, қызмет көрсетушілерге бақылау;
- мемлекеттік саяхаттаудағы бағалы құндылықтарды сақтау және қорғау;
- саяхаттың инфрақұрылымдағы жаңа жиынтықтарды құру.

Алматы қаласында саяхатты дамытудағы тиімділікке қол жеткізу мақсатында қалада көп тараптық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарды құру қажет. Бұлар халықаралық, сонымен қатар ішкі саяхатты дамытудың орталығы болмақ.

Алматы облысы мен Алматы қаласы әкімдерінің бірлесуімен саяхатты дамыту тұрғысында бірлескен ұзақ мерзімді іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу көзделуде.

Туризмнің инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету. Қаладағы саяхаттың инфрақұрылымын дамытудағы шараларға ұлттық саяхат құру ерекшелігін ескере отырып, келушілермен тұрақты жұмыс істеуді қамтамасыз ету. Бұл үшін мыналарды жүзеге асыру қажет:

- жалпы пайдалану үшін саяхаттық қажеттілікті қамтамасыз етуде жол-көлік инфрақұрылымын дамыту;

- сумен жабдықтау, құбыр тарту және қатты тұрмыстық қалдықтарды болдырмау, саяхат аумақтарындағы қолда бар байланыс жүйелерін дамытуға Жағдай жасау;

- саяхаттық кешендерді этнографиялық мұражайларды және демалыс аймақтарын құру;

- тарихи-мәдени және этнографиялық ескерткіштерді қалпына келтіру, мұражайларды зерттеу;

- саяхат объектілеріне арналған құрылыс жобасын әзірлеу, оның ішінде орта және шағын орналасуды, оларға тәуліктік пайдалану жұмысына Жағдай жасауды қамтамасыз ету;

- Алматы қаласының аумағында саяхатқа арналған шағын ауылдарды ұйымдастыру, оған яғни Оңтүстік астанаға сырттан келетін қонақтарға жайлы Жағдай жасау мақсатында оларға ұлттық ерекшеліктер беру.

Маркетингтің дамуына қолайлы Жағдай жасау қажеттілігі туындап отыр, мұнда қаланың басымдылығы мен ерекшелігіне сай мыналар көзделеді:

- Жағдай мүмкіншілігі жоғары саяхат құрушыларды тарту, оларға толық жайлы Жағдай жасау;

- жеке секторға оның маркетингтік жұмысында қолдау көрсету;

- ұлттық саяхаттың өзіндік ерекшеліктерін жоғары деңгейге жеткізіп Германияның, АҚШ-тың Ұлыбританияның, Францияның, Ресейдің, Қытайдың, Жапонияның басымдылық саяхат тасқынына сіңіріп жіберуге көшжігерді жұмылдыру;

- нарықтың жаңа жетістіктерін анықтауға зерттеулер жүргізу;

- қаланың аумағындағы бар объектілерді және құндылықтардың ауқымын әлемдік нарыққа жылжыту;

- саяхаттық инфрақұрылымды жыл ішінде бір қалыпты жұмыс істеуіне бағытталған нарық бағасын қолдана отырып маркетингті пайдаланып маусымдық жоғары деңгейге жылжыту;

- жаңа ақпараттық технологияларды ұлттық саяхат ерекшелігін танытa білуде толығымен жұмылдыру.

Ерекше назар, зерттеу қайта жаңарту және Ұлы Жібек жолындағы туристік қорларды қайтадан тіркеуден өткізу жұмыстарына аударылады.

Алматының саяхаттық ерекше таным тартушылығын құру кең ауқымды кешенді шараларды жүргізуді талап етеді.

Алматы қаласының саяхатпен шұғылданатын фирмалары мен агенттіктерінің атағын шығаратын шаралар ең алдымен, саяхаттық жәрмеңкелерге, көрмелерге және халықаралық конференцияларға қатысып, сондай-ақ осындай халықаралық

тұрғыдағы танымал шараларды Алматы қаласының аумағында да өткізу болып табылады.

Шет елдерде Қазақстан мен Алматы қаласы жайлы жарнамалық жоғары сападағы материалдар жиі-жиі беріліп, таратылатын болады. Әсіресе, ақпараттық-жарнамалық қызметте саяхатпен шұғылданатын фирмалармен және саяхатшылар тоқтайтын қонақ үйлер жайында кеңінен мәліметтер берілетін болады. Ерекше көңіл, жаңа ақпараттық Интернет жүйесіне байланысты саяхаттық фирмалардың тоғыстығы жайлы мәліметтерге бөлінеді.

Алматы қаласы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары мен саяхаттық агенттіктердің өкілдері үшін танымды Алматы қаласының аумағы бойынша саяхаттар өз нәтижесін бермек.

Халықаралық деңгейде әртүрлі мәдени, спорттық және басқа шаралар саяхат деңгейінің қолайлы дамуына Жағдай жасайды.

Бұған қосымша жарнама-ақпараттық танымды мәліметтер қазақ тілінде, орыс тілінде және латын транскрипциясы бойынша ақпараттық табло арқылы берілетін болады.

Рұқсатнамамен қамтамасыз етуді жетілдіру.

Қазақстанда саяхаттық танымның жоғары деңгейде болуы үшін сырттан келген қонақтардың республикамыздың аумағына келуі мен жайлы демалып, қайтуына барлық қажетті рәсімдер бірыңғай компьютерлік жүйе бойынша есеп жүргізіле отырып, орындалатын болады.

Әуежайларда және теміржол вокзалдарында қалалық ақпараттық мәліметтердің кең дамуына жол ашылады. Әсіресе, шет елден келген қонақтарға көлік қызметін және де басқа қызметтерді орындау үшін бірыңғай қалалық орталық құрылады.

Келген қонақтардың жеке қауіпсіздігі туризм дамуының маңызды мәселесінің бірі болып табылады. Оны қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар орындалады: - саяхат құру кезінде сапалы жұмыстардың атқарылуы оның барлық қауіпсіздік мәселелерінің толық шешілгендігімен анықталады; - арнайы оқу орындарында сапалы саяхаткерлерді әзірлеудегі ұйымдастыру деңгейін көтеру; - жалпы білім беретін оқу орындарында саяхаттық сыныптардың, үйірмелердің жұмыс істеуіне көңіл бөлу. VIII БӨЛІМ 2002-2010 жылдарға болашақтағы жобалар Бірінші кезеңде: 2002-2005 жылдар. Әлеуметтік саясат. 1. "Самал-2" ы.а. Әмбебап спорт-сауық кешенінің құрылысы.

Бұл кешен 10500 орындық спорттық аренасымен, спорттық жарыстар және концерттік-сауық шаралар өткізу және көрермендерге ыңғайлы Жағдай тудыру үшін арналған. Бүгінгі күнде құрылыстың әзірлігі 52% құрайды.

Инвестиция көлемі 14 млн.АҚШ долларын құрайды. (отандық және шетел инвестициялары, БК болуы мүмкін). Жобаның іске асуы – 2 жыл.

Өнеркәсіпті-технологиялық саясат.

1. ЗИУ-682Г троллейбустарын жаппай шығаруды қалпына келтіру.

Жобаны іске асыру БК "Электромаш" ААҚ-да күшімен іске аспақ. Олардың троллейбустарды, трамвайларды, автобустарды, және агрегаттардың тетіктерін, электрокөліктердің қосалқы бөлшектерін күрделі жөндеуден өткізуде тәжірибелері бар. Кәсіпорынның қуаттылығы жаңа 100 және 100 күрделі жөндеуден өткізілетін троллейбустар. Заводтың өнімдері бәсекелесті, сондықтан нарық өрісінде олардың үлесі 80% құрайды. Бүгінгі күнде "Электромаш" ААҚ-да білікті мамандарды дайындауға, негізгі құрал сайман, "ноу-хау" беруге дайын.

Инвестиция көлемі 300 мың.АҚШ доллары (өз қаражаттары, банк несиесі). Жобаның іске асуы – 6 ай.

2. "Қазақстан" УБГ-800 жылжымалы бұрандасымен бұрғылау қондырғыларын шығаруды игеру.

Жоба "Жайлау Компаниясы" ААҚ-ның базасында іске асырылады, оның құрамына тау және бұрғылау техникасын игеру саласында үлкен тәжірибесі бар ғылыми-енгізу орталығы кіреді. жоғары көрсетілген бұрғылау қондырғысы ТМД елдерінде жоқ және техникалық параметрі жағынан шетел Германия, Швеция, және Жапония елдерінің бұрғылау қондырғыларынан жоғары бағаланады.

Бүгінгі күнде тәжірибелік үлгі дайындалып тексеруден өтті.

Жылына осындай 10-нан кем емес қондырғы шығарылғанда Қазақстанның қажеттілігі толық өтелінетін болады және сырттан әкелуін тоқтатады.

Инвестиция көлемі 1 млн.АҚШ доллары (өз қаражаттары, несие). Жобаны іске асу мерзімі - 1,5 жыл.

3. Тоқыма өнімін және бұйымын өндіруді ұйымдастыру.

Жобаны "Алматы тоқыма комбинаты" ЖАҚ-ның аясында іске асыру жоспарланады. Бұл кәсіпорын Қазақстандағы өндірістік кешенін, жоғары технологиялық жабдықтарын және жоғары кәсіби мамандарын сақтап қалған жеңіл өнеркәсіптердің біреуі.

Бұл кәсіпорынның шығаратын өнімдері импортты алмастырады. Тоқыма өнімдерінің жоғары сапалы бұйымдарын шығару және тиімді бағада отандық шикізатты пайдалану арқылы іске асыру жоспарлануда.

Инвестиция көлемі 1,4 млн.АҚШ доллары (өз қаражаты және несие). Іске асыру мерзімі - 6 ай.

4. 55 штаммдағы сібір жарасына қарсы вакцина өндіру.

Жобаны "Алматы Биокомбинаты" РМК көшімен жүзеге асырылады. Кәсіпорында биопрепарат жасауда тәжірибесі бар жоғары кәсіби мамандары бар. Жобаны іске асыру үшін арнаулы өндірістік алаңдары инженерлік-техникалық коммуникациясы және технологиялық жабдықтары, бөлек жылыту жүйелері,

биохимиялық зертханасы, вивариясымен арнаулы биологиялық бақылау бөлімі, температураны реттейтін қойма алаңдары бар.

Жобаны жүзеге асыру малдарда ауруға қарсы тұратын иммунитет жасап шығару мүмкіндігін тудырады.

Қазіргі уақытта жоғары аталған вакцина Ресейден сатып алынады 1 литрі - 25 АҚШ доллар. Республикамыздың вакцинаға сұранымы 10-12 мың.литр. Егер биокомбинат шығаратын болса бұл өнімді оның бағасы 20 АҚШ долларынан аспайды.

Инвестиция көлемі - 200 мың.АҚШ доллары (мемлекеттік инвестиция). Жобаны іске асу мерзімі - 1 жыл.

5. Алатау поселкесіндегі технопарк құру жобасын жүзеге асыру.

Экономикалық өсудің негізгі қайнар көзі ғылыми-техникалық жаңалық және оның жетістіктерін өндіріске енгізу, жаңа технологияны меңгеру, инновациялық қызметті қолдау.

Көптеген елдерде мемлекеттік қолдау үлгісі инновациялық қызметі технологиялық парктерді құру болып табылады. оған ғылыми-техникалық прогресс және өндірістегі жетістіктер, жаңа технологияларды құру, инновациялық қызметті ынталандыру шарттары тікелей ықпал етеді.

Қазіргі кезде Алатау поселкесіндегі технологиялық паркті құру Тұжырымдамасы әзірленді және осы тұжырымдама министрліктер мен ведомстволарда қаралу үстінде. Жобаны республикалық, жергілікті бюджет, инвесторлар қаржыларымен, грандпен іске асыру көзделуде. Транспорт инфрақұрылымы. 1. Көлік жол айырықтарын салу. Қалада автокөліктің шектен тыс артықтығының нәтижесінде экологиялық Жағдайдың қиындығын ескере отырып, бұл мәселені шешудің тиімді жолының бірі автокөлік жол айырықтарын салу болып табылады. Болашақта тағы 14 жол айырығы мен айналып өтетін магистралды жолдар салу жоспарлануда, соның ішінде: - Фурманов - Әл-Фараби; - Төле би - Мате Залка; - Сейфуллин - Рысқұлова; - Әуезов көшесі Гоголь көшесі арқылы Райымбек көшесіне дейін.

Инвестиция көлемі - 96 млн. АҚШ доллары (республикалық және жергілікті бюджеттің қаржысы). Іске асу мерзімі - 5-7 жыл.

2. Бірінші кезектегі метрополитеннің құрылысын аяқтау.

Осы құрылыстың сметалық бағасы 662 млн. АҚШ доллары.

Метрополитен құрылысы қаланың орталық бөліктеріндегі 450 автобус бағыттарын қысқартуға және ыңғайлы, жылдамдықты, үлкен тасымалдауға және 7 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Инвестиция көлемі метроны бітіру үшін - 530 млн. АҚШ доллар ( республикалық және жергілікті бюджет қаржысы), соның ішінде 2002 ж. - 2,9 млн. АҚШ доллар, 2003 ж. - 29 млн. АҚШ доллар, 2004 ж. - 47 млн. АҚШ доллар

, 2005 ж. - 64 млн. АҚШ доллар, 2006 ж. - 2009 ж. - 75,8 млн. АҚШ доллар, 2010 ж. - 81,6 млн. АҚШ доллары.

Қоршаған ортаны қорғау.

1. "Алматы қаласындағы сумен жабдықтау жүйесін қайта жабдықтау және жаңарту".

Жобаның басты міндеті - суқұбыр-канализация қызметін тиімді және сапалы қызмет көрсету болып табылады. Осы жобаның шеңберінде Алматы қаласының барлық кәсіпорындарында суды тазартуға арналған жаңа қондырғылар орнатылып, барлық құбырлармен ағатын жуындыларды өңдеуге де ерекше көңіл бөлінеді және қолданылатын судың бағасын төмендету, эксплуатациялық шығындарын төмендету, шикі суды тазартудан өткізудің тиімділігін көтеру, бақылау және талдау жүйесін жетілдіру, жер бетіндегі суларды тазарту қуатын көтеру, тазартылмаған лай сулардың табиғи ортаға таралуын қысқарту қамтамасыз етіледі.

Инвестиция көлемі – 24 млн. АҚШ доллары (Франция Үкіметінің қорынан дамып келе жатқан елдерге көмекке арналған жеңілдетілген заем). Жобаны жүзеге асыру мерзімі - 3 жыл.

2. Алматы қаласының қатты тұрмыс қалдықтарын Басқару.

Жоба өндіріс, тұрмыс қалдықтарын уақтылы сыртқа шығару және қалдықтарды қолдану деңгейін жоғарлату жөніндегі басқару жүйесін жетілдіруді , Қарасайдағы қоқыс жинайтын жерлерді қайта жабдықтауды қарастырады. Жобаны жүзеге асыру үшін қоқыс шығаратын контейнерлер сатып алу, қоқыс жинайтын көлік құралдарын алғызу, оларға жабдықтар алғызу, жол бойында арнайы станциялар ашу жоспарлануда. Сонымен қатар жобаның ақпараттық бірыңғай жүйесін құрып басқару жоспарлануда. Инвестиция көлемі – 20 млн. АҚШ доллары (Евразиялық қайта құру және дамыту банкісінің заемы). Жобаны жүзеге асу мерзімі – 3 жыл.

Екінші кезең: 2006-2010 жылдар.

Өнеркәсіпті технологиялық саясат.

1. Автобустарды шығару және енгізуді игеру.

Жобаны жүзеге асыру керекті инфрақұрылымдары бар "Алматы автобус жинау зауыты" ЖШС аясында жобалануда (қойма ғимараттары, теміржол тұйықтары, өндірістік ауданы 40 мың. шаршы метр болатын алаңы, өнімділік қуаты 6000 м. куб./сағат болатын компрессорлар қондырғысы).

Жобамен жылына 1000 автобус шығарылады.

Инвестиция көлемі - 12 млн. АҚШ доллары (ұзақ мерзімдегі банк несиелері, өз қаражаттары). Жобаның жүзеге асу мерзімі – 2 жыл.

2. Мақта мата өнімдері мен тігін бұйымдары.

Жобаны жүзеге асыру керекті инфрақұрылымдары бар "Алматы мақта мата комбинаты-ОЗАТ" ААҚ жанынан жобалануда. Кәсіпорында керекті құрал жабдықтармен, өндірістік ғимараттармен, транспорт және қойма шаруашылық инфрақұрылымдарымен жақсы дамыған.

Жоба отандық мақта шикізаттары, бояулар, химикаттар, қосымша материалдар қолдану арқылы әр түрлі маталар өндіруді қарастырады. Жобада жылына 2 мың жұмыс орындарын құруды қарастырады.

Инвестиция көлемі - 18.5 млн. АҚШ доллары (ұзақ мерзімдегі жеңілдік несиелері). Жобаның жүзеге асыру мерзімі – 1 жыл.

3. "Алматы Кілем" ААҚ-ның өндірістік-технологиялық базасын жаңалау.

Алматы кілем фабрикасы республикадағы кілем және кілем өнімдерін шығаратын бірден бір кәсіпорын. шығарған заттары экологиялық қауіпсіз, беріктілігі және эстетикалығы жоғары, жылу өткізушілігі жақсы т.б.

Жоба талабымызға сай компьютермен басқарылатын жаңа кілем тоқу станоктарын сатып алуды көздейді, ол өндірісті өнімділігін арттырады, өнімнің бастапқы бағасын төмендетуге, өнім көлемінің өндірісін екі есе көбейтуге және нарықтың жаңа тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді.

Инвестиция көлемі - 96 млн. АҚШ доллары (республика және жергілікті бюджеттен). Жобаның жүзеге асыру мерзімі – 5-7 жыл.

Транспорттық инфрақұрылым.

4. Айналмалы магистралды жол құрылыстары.

5 айналмалы магистралды жол құрылыстарын салу жоспарлануда, ол қала аймағынан тыс бірыңғай айналмалы магистралдық кешенді құрайды: - Солтүстік жарты айналымы - Талғар трассасына шығатын Саин және Райымбек көшелерінің қиылысы; - Шығыс жарты айналымы - Талғар трассасына шығатын; - Оңтүстік–Шығыс жарты айналымы - Әл-Фараби және Талғар трассасына шығатын Достық даңғылы; - Оңтүстік-Батыс жарты айналымы - Шамалған және Қаскелең трассасына шығатын Саин мен Райымбек көшесінің қиылысы; - Батыс жарты айналымы - Әл-Фараби (оңтүстік жарты айналым) даңғылынан, Фурманов пен Достық даңғылына шығатын Саин көшесі. Айналмалы жол құрылысын қаржыландыруды жергілікті бюджет қаржысымен қаржыландыру жоспарлануда, тек бюджет алымының көлемін қысқартқан Жағдайда. Инвестиция көлемі - 96.6 млн. АҚШ доллары. Жобаның жүзеге асыру мерзімі – 5 жыл. IX БӨЛІМ

Күтілетін жағдайлар Әлеуметтік салада Қаланың халқының жалпы тұрмыс деңгейі көтеріледі деп болжануда.

Болжанып отырған кезеңнің соңына қарай Алматы қаласындағы халықтың саны 1178 мың адамға жетеді, олардың ішіндегі 680 мың адамы тұрғындардың экономикалық белсенді бөлігін құрайды.

тұрғындардың табиғи өсімі жыл сайын 2500 адамға жетеді, ал көші-қон бойынша өсім бірте-бірте 4500 адамның мөлшерінде тұрақталады.

тұрғындардың денсаулығының деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер денсаулық сақтау жүйесінің дамуына, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыруға және экологиялық Жағдайды жақсартуға байланысты жақсарады .

2005 жылдың соңына қарай Алматы қаласы бойынша жұмыссыздардың саны қазіргі уақыттағы 70 мың адаммен салыстырғанда 58 мың адамға дейін азаяды. Болжанып отырған мерзімнің соңына қарай бұл көрсеткіш 45-55 мың адам мөлшерінде болып тұрақталады.

Орташа айлық жалақы 9 жыл ішінде 60-70% дейін өседі және болжанып отырған мерзімнің соңына қарай шамамен 30-35 мың теңгені құрайды.

Тоғыз жылдың ішінде 18 жалпы білім беретін мектептер есігін айқара ашады, жылына 2 мектеп салынатын болады. Оның құрылысына 25-27 млрд. теңге жұмсалады.

Орта білім беру мектептерінде 10-12% өсіп, 2005 жылдың аяғында 200-205 мың адам құрайды, 2010 жылдың соңында – 215 мың адам құрайды.

Кәсіптік техникалық мектептердегі оқушылар қатары 2005 жылдың соңында 2 есе өседі, 11-12 мың адам болады, 2010 жылдың соңында халық шаруашылығының тұтынушылығына сай 17-20 мың болады.

Орта кәсіби білім мекемелеріндегі оқушылар қатары болжамды жылдың соңында 35-40% өсіп қаланың даму экономикасына сай 25-26 мың адам құрайды.

Кепілді медициналық жәрдем берудің көлемі болжанып отырған кезеңде екі есеге ұлғаяды. Аурудың алдын алуда айрықша көзге түскен денсаулық сақтау мекемелерінің желісі толық сақталады және дамытылады. Медициналық-демографиялық Жағдайдың және халықтың денсаулығы бойынша көрсеткіштер бірқалыпқа келіп, жақсарады.

Кедейшілік шегінен төмен тұратын азаматтардың санын есептеу әдістемелерін жетілдіруді ескеріп, мұндай адамдардың Жағдайын күнкөріс минимумына дейін көтеру қажет. Кедейшілік шегінен төмен тұратын адамдар 30-40 мыңды құрайды.

Кедейшілік шегінен төмен тұратын адамдардың санының азаюымен қатар мемлекеттік қолдаумен қамтылған тұрмысы төмен азаматтардың жалпы саны

бұрынғы күйінде қалады.

Өнеркәсіп саласында

Өнеркәсіптің барлық салаларында перспективті әзірленулерді енгізулер қола алынады, соның ішінде басымды бағыт ғылыми және жоғарытехнологиялық өндірістерге көңіл бөлінеді, сонымен қоса қазіргі талабымызға сай сапаны енгізу болып табылады, оларды ұйымдастыру және басқару өндірісте сапасы жағынан алдыңғы қатарлы жаңа өнім түрлерін шығаруға мүмкіндік береді.

Өнеркәсіпті, шағын бизнесті дамыту, экономикалық қызметтің барлық салаларында жаңа технологияларды енгізу, инновациялық қызметті басым дамыту жөніндегі қолданылған шараларды ескеріп, он жылдықтың соңына қарай өнеркәсіптік өндірістің көлемі 54% өседі.

Осы кезеңде өнеркәсіптің құрылымы өзгеріп, қалада шығарылатын барлық өнімдердің 30-35% шағын кәсіпорындардың үлесіне тиеді.

жоғары технологиялық өндіріс, сондай-ақ ақпараттық технологиялар саласындағы өндіріс (жабдықтар, химия, мұнай, кен-металлургия кәсіпорындарына арналған қосалқы бөлшектер, жоғары сапалы препараттар өндіру, электроника автомобиль жасау) басым дамытылады.

Көлік және байланыс саласында

Жоспарланған стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру технологиялық жаңартылған және тиімді көлік және телекоммуникация кешендерін құруға, сонымен қатар халықаралық деңгейде қызмет көрсетуіне мүмкіндік береді.

Көлік ұйымдарының қаржы Жағдайын жақсарту мақсатында олардың өздерін өздері ақтау жұмысымен ерекшеленеді.

Бұл тұрғыда көлік саласында қызмет көрсету аясы және телекоммуникацияға қызмет көрсетуде олардың табысынан қызмет көрсету ағысы төмендетіледі.

Негізгі нәтижелердің бірі болып автокөліктің қала экологиясына кері әсерін қысқарту арқылы мультипликативті тиімділігіне қол жеткізу.

Инвестициялық салада

Капиталға негізгі инвестиция 2010 жылы Алматы қаласы бойынша 104 млрд. теңге болады, оның дамуы 2001 жылға қарағанда 43%. Инвестиция құрылымында экономиканың нақты секторына әлеуметтік және экономикалық бағытты дамыту болып табылады. Осы аралықта 2,5 млрд. шаршы метр тұрғын үй меңгеріледі немесе орташа жылына 270-280 мың шаршы метр. 5 жылдың

ішінде инженерлік шешімдегі жобалар бойынша жаңа ықшам аудан "Нұрлы қала " құрылысы жоспарланады. Салық-бюджет саласында Алматы қаласы бойынша салық жинау көлемі 2005 жылдың аяғына дейін 200 млрд. теңгеге жеткізу, ал 2010 аяғында 250 млрд. теңгеге жеткізу жоспарлануда, ол аймақтық өнімнің 35% құрайды. IX БӨЛІМ 2010 жылға дейін жүзеге асыруға қажетті негізгі жобалардың тізбесі ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ------------------------------------------------------------------- Көрсеткіштер !Өлшем !2001ж.!2002ж.!2003ж.!2004ж.!2005ж.! 2010ж. !бірлігі!есеп ! ! ! ! ! ---------------------------------------------------------------------- I. Жалпы саны мың адам 1131,9 1139,9 1143,1 1150,2 1156,7 1178,0 II. Барлық еңбек ресурстары (стрА+Б) мың адам 796,8 804,5 808,0 810,0 814,0 829,0 Оның ішінде: А. Экономикалық белсенді тұрғындар - барлығы -"- 620,0 630,0 639,0 643,0 649,0 679,0 Оның ішінде: А) экономика саласында жұмыс істейтіндер Барлығы - мың адам 549,4 570,0 579,0 584,0 591,0 624,0 Оның ішінде экономикалық қызмет түрлерімен айналысатындары -"- 379,7 393,5 404,5 411,0 420,0 484,0 Ауыл шаруашылығы 1,5 2 2 2,3 2,5 4,0 өнеркәсіп -"- 70,0 72,0 74,5 75,0 77,0 90,0 құрылыс -"- 24,6 26,0 27,0 27,5 28 35,0 сауда, автомобильдерді және үйде пайдаланылатын бұйымдарды жөндеу -"- 20,1 23,0 28,0 31,0 34,0 45,0 қонақ үйлер және мейрамханалар -"- 13,6 14 14,5 14,7 15 20,0 көлік және байланыс -"- 59 60 60,5 61,0 62,0 66,0 қаржы қызметі -"- 13,3 13,6 13,6 13,8 14 17,0 Жылжымайтын мүлікпен жұмыс, жалдау және кәсіпорындардың қызметтері -"- 56,6 57,6 58 58,3 59 65,0 Мемлекеттік басқару -"- 21,7 21,7 21,7 21,7 21,7 22,0 білім -"- 51,4 54 54,5 54,8 55 60,0 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер -" - 30,4 31 31,3 31,4 31,5 35,0 Басқа да коммуналдық, әлеуметтік қызметтер -"- 17,5 18,6 18,9 19,5 20,3 25,0 В) өз қалауынша кәсіппен айналысатын тұрғындар -"- 169,7 176,5 174,5 172 171 140,0 б) жұмыссыздар - барлығы мың адам 70,6 60 60 59 58 55,0 Б. Экономикалық белсенді емес тұрғындар мың адам 176,8 174,5 169,0 167,0 165,0 150,0 Келген шет елдік жұмыс күші -"- 2,2 2,5 2,5 2,5 2,5 3,0 Демография Демография, сальдо (+,-) мың.адам 2,0 2,1 2,1 2,1 2,2 2,5 Туылу адам 13961 14000 14060 14147 14227 14371 ТЖК (туылудың жиынтық коэффициенті) % 12,2 12,2 12,3 12,3 12,2 12,2 Қайтыс болу % 10,4 10,4 10,4 10,4 10,4 10,4 Көші-қон сальдосы оның ішінде: мың адам 2,2 2,9 4,2 4,0 5,0 4,5 ерлер мың адам 1,0 1,6 2,3 2,2 2,8 2,1 әйелдер мың адам 0,8 1,3 1,9 1,8 22 2,4 Әлеуметтік саланың басқа да көрсеткіштері Күнкөріс минимумы теңге 4977 5190 5416 5650 5875 7679 Кедейшіліктің шегі теңге 1891 2076 2198 2310 2445 3500 Кедейшілік шегінен төмен тұратын адамдар саны мың адам 55,3 55,0 45,0 40,0 30,0 30,0 тұрғындарға шаққанда кедейшілік деңгейі (пайыз есебімен) 4,9 4,8 3,9 3,5 3,0 2,5 Жергілікті бюджеттің әлеуметтік қорғауға және әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығындар млн.теңге 1921,9 2018,0 2100,0 2150,3 2250 3000 1 адамға есептегенде жарты айлық өлшем теңге 1244 1270 1321 1367 1430 1700 Өткен жылмен

салыстырғанда пайыз есебімен 119,4 106,4 104,5 103,5 104,6 142,2 Жасына қарай зейнеткерлер тізімі (орташа жылдық) мың адам 161,4 159 158,5 158,0 157,0 155,0 01.01.2002 ж. зейнетақы қорына қатысушылардың саны мың адам 620,7 644,2 654,3 660 668 720 Жиналған зейнетақы қаржысының сомасы млн.теңге 188,2* х х х х х тұрғын-үй қоры млн.кв.м 21,3 21,5 21,8 22,1 22,4 24,2 тұрғын-үй құрылысын іске қосу мың.кв.м 240,9 264,3 280,0 300,0 320,0 400,0 *)зейнетақы қаржысының көлемі республика бойынша көрсетілген ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЛА Негізгі капиталға қойылатын барлық инвестициялар (млн. теңге) 73369,3 77905 84563 90805 96785 104175 оның ішінде экономикалық қызметтің түрлері бойынша: Ауыл шаруашылығы, аң аулау және орман шаруашылығы 63,3 70 80 100 120 140 Тау-кен өнеркәсібі 101,8 102 110 130 140 160 Өңдеу өнеркәсібі 6900,6 7380 7450 7770 8090 8660 Электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу 3421,8 5042 6183 6705 7305 7805 Құрылыс 10008 11300 11400 11700 12100 12500 Сауда, автомобильдерді, үйде пайдаланылатын бұйымдарды жөндеу 8151,3 8700 8770 8940 9160 9600 Қонақ үйлер және мейрамханалар 556,5 900 950 1200 1400 1700 Көлік және байланыс 22341,6 22920 28030 31430 34800 38450 Қаржы қызметі 6029,3 6500 6600 6850 7000 7300 Жылжымайтын мүлікпен жұмыс, жалдау және кәсіпорындардың қызметтері 7360,8 7985 8070 8430 8580 9100 Мемлекеттік басқару 3290,2 3400 3500 3800 4000 4300 Білім 1435,3 596 600 600 600 600 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер 442,5 450 160 170 190 220 Басқа да коммуналдық, әлеуметтік және жеке қызмет жеке қызмет 3266,3 2560 2660 2980 3300 3640 Қаржыландыру көздері бойынша жалпы көлемнен I. Республикалық бюджет қаражаты, барлығы: 405,5 550 5450 8450 11450 14450 оның ішінде экономикалық қызмет түрлері бойынша: Электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу 64,4 -- -- -- -- -- Құрылыс (жер сілкінісіне қарсы жұмыстар) -- 450 450 450 450 450 Көлік және байланыс 16,9 100 5000 8000 11000 14000 Мемлекеттік басқару 323,4 -- -- -- -- -- Басқа да коммуналдық, әлеуметтік және жеке қызмет 0,8 -- -- -- -- -- II. Жергілікті бюджет қаражаты, барлығы: 5712,3 4261 4065 4175 4275 4495 оның ішінде экономикалық қызмет түрлері бойынша: Электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу 3,9 5 5 5 5 5 Құрылыс ( жер сілкінісіне қарсы жұмыстар) -- 250 250 250 250 250 Көлік және байланыс 2993,9 3000 3100 3200 3300 3500 Жылжымайтын мүлікпен жұмыс және жалға беру кәсіпорындар қызметі 6 70 70 80 80 100 Білім 892,1 596 600 600 600 600 Денсаулық және әлеуметтік қызмет 442,5 300 -- -- -- -- Басқа да коммуналдық, әлеуметтік және жеке қызмет 1373,9 40 40 40 40 40 III. Кәсіпорындар мен ұйымдардың өз қаржылары, барлығы 65695,4 70122 71000 73800 76300 80120 оның ішінде экономикалық қызмет түрлері бойынша: Ауыл шаруашылық, аң аулау және орман шаруашылығы 63,3 70 80 100 120 140 Тау-кен өнеркәсібі 101,8 102 110 130 140 160 Өңдеу өнеркәсібі 6823,1 7300 7350 7650 7950 8500 Электр

энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу 3353,5 3800 3900 4200 4500 4800 Құрылыс 10008 10600 10700 11000 11400 11800 Сауда, автомобильдерді, үйде пайдаланылатын бұйымдарды жөндеу 7695,7 8200 8250 8400 8600 9000 Қонақ үйлер және мейрамханалар 556,5 900 950 1200 1400 1700 Көлік және байланыс 18512,4 19000 19100 19350 19600 20000 6029,3 6500 6600 6850 7000 7300 Жылжымайтын мүлікпен жұмыс және жала беру кәсіпорындар қызметі 7335,6 7900 8000 8350 8500 9000 Мемлекеттік басқару 2966,8 3400 3500 3800 4000 4300 Білім 543,2 -- -- -- -- -- Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер -- 150 160 170 190 220 Басқа да коммуналдық, әлеуметтік және жеке қызмет жеке қызметтер 1706,2 2200 2300 2600 2900 3200 IV. Шетел инвесторлар қаражаттары, барлығы: 1556,1 2972 4048 4380 4760 5110 Оның ішінде экономикалық қызмет түрлері бойынша: Өңдеу өнеркәсібі 77,5 80 100 120 140 160 Электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу -- 1237 2278 2500 2800 3000 Сауда, автомобильдерді, үйде пайдаланылатын бұйымдарды жөндеу 455,6 500 520 540 560 600 Көлік және байланыс 818,4 820 830 880 900 950 Жылжымайтын мүлікпен жұмыс және жала беру кәсіпорындар қызметі 19,2 15 -- -- -- -- Басқа да коммуналдық, әлеуметтік және жеке қызмет 185,4 320 320 340 360 400 ------------ ------------------------------------------------------ Көрсеткіштер!Өлшем !2001ж.!2002ж .!2003ж.!2004ж.!2005ж.!2010ж.!ішкі!сыртқы !бірлігі!есеп ! ! ! ! ! !рынок!рынок -- -------------------------------------------------------------- Өнеркәсіп өнімінің көлемі ( қаржылық емес сектор) млн.тн.94495,1 100543 109089 119452,3 151192 131397 Өңдеу өнеркәсібі қайта өңделетін ауыл шаруашылық өнімдері маргарин өнімдері тонна 3941 4200 4400 4600 4800 5500 3500 2000 қайта өңделген сұйық сүт тонна 6228 6300 6400 6500 6780 7200 7200 көкөніс мың майы теңге 24,9 25,1 25,3 25,6 25,9 26,5 10,6 15,9 ұн мың теңге 54,4 55,0 55,1 55,1 55,1 55,5 7,5 48 ет және ет өнімдері тонна 352 360 363 366 370 390 390 - арақ мың теңге 240 259 268 276 278 290 290 - Тоқыма және тігін өнеркәсібі Мақта қағаз жіптері тонна 1302 5420 5500 5550 5600 5800 1740 4060 Мақта қағаз маталары млн.ш.м. 5,2 29,9 32,5 35 38 50 5 45 Кілем және кілем өнімдері мың ш.м. 173,4 200 205 220 228 246 172 74 Тері өнімі, тері бұйымдары және аяқ-киім өнімдері Аяқ-киім мың пар 208,3 484,5 510 530 560 650 455 195 ағаш өнімі және ағаш бұйымдары терезе, есік, рама және мың т.б. ш.м. 62,1 63 64 64,5 65 68 68 - Қағаз және картон өнімдері, басылым жұмыстары Мектеп дәптерлері және жалпылар тонна 309 400 420 440 460 520 300 220 Тұсқағаздар млн.ш.м. 13 14,5 15 16 17 22 4,8 17,2 Химиялық өнеркәсібі Бояулар, лактар тонна 2354 2612 2700 2750 2830 3000 3000 - Шампуньдар, шаш бояулары тонна 1003 1473 1500 1520 1560 1680 504 1176 тіс пастасы тонна 128 275 290 320 360 480 15 465 Басқа да металлемес минералды өнімдері өндіру Құрылыс млн. кірпіші дана 40,2 41 42 43 44 49 49 - шойын өнімі шойын құю қызметтері тонна 5864 5890 5900 5900 5910 5950 5950 - Машина және жабдықтар

өндіру Кір жуатын машиналар мың дана 10,5 10,5 10,7 10,9 11 11,5 11,5 - станоктар дана Электрлік және электронды жабдықтарды өндіру Су мың есептегіш дана 12,5 60 70 75 80 90 80 10 Электр энергиясын мың есептеу дана 29,3 50 54 55 56 57 50 7 Көлік жабдықтарын өндіру 10 және оданда көп адам тасымалдайтын автомобиль дана 10 100 120 130 140 160 160 - арнаулы дана автомобильдер 49 670 700 720 750 800 800 - Тіркемелер және жартылай тіркемелер дана 6 40 45 50 60 100 100 - Электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу электр млн. энергиясы квт.с. 547,6 573 580 582 582 590 590 - табиғат млн. суы т.м. 243,8 243,2 243,2 242 240 235 235 - ------------------------------------------------------------------Негізгі тұтынатын тауарлардың сұраным болжамы -----------------------------------------------------------------Өнімдер !2001ж.!2002ж.! 2003ж.!2004ж.!2005ж.!2010ж. !ішкі!сыртқы !есеп !болжам!болжам!болжам! болжам!болжам ! ! -----------------------------------------------------------------Ет және ет өнімдері Өндіріс мың т. 0,35 0,36 0,36 0,37 0,37 0,39 0,39 Ішкі тұтыну 48,4 48.7 49 49 50,5 55 Экспорт мың т. Импорт мың т. 8 8,5 8,5 8,5 8,5 8,5 Басқа аймақтардан келіп түскендер 40,05 39,84 40,14 40,13 41,63 46,11 Сүт және сүт өнімдері Өндіріс мың т. 6,2 6,3 6,4 6,5 6,8 7,2 7,2 Ішкі тұтыну 156,7 157,7 160 161 161,5 162 Экспорт мың т. Импорт тыс т. Басқа аймақтардан келіп түскендер 150,5 151,4 153,6 154,5 154,7 154,8 Сары май Өндіріс мың т. 0,33 0,34 0,34 0,34 0,34 0,38 0,38 Ішкі тұтыну 51,3 51,6 52 52,5 52,6 53 Экспорт мың т. Импорт тыс т. 2,5 2,5 2,5 2,4 2,3 2 Басқа аймақтардан келіп түскендер 48,47 48,76 49,16 49,56 49,96 50,62 Ұн Өндіріс мың т. 54,4 55 55,1 55,1 55,1 55,5 7,5 48 Ішкі тұтыну 6,8 6,8 6,9 7 7,1 7,5 Экспорт мың т. 20 20 20 20 20 20 Импорт мың т. Басқа аймақтардан келіп түскендер 27,6 28,2 28,2 28,1 28 28 Көкөніс майы Өндіріс мың т. 24,9 25,1 25,3 25,6 25,9 26,5 10,6 15,9 Ішкі тұтыну, мың т. 9,69 9,76 9,85 9,95 10,1 10,6 Экспорт мың т. Импорт мың т. 20 20 19 1865 18 17 Басқа аймақтарға шақыру 35,21 35,34 34,45 34,15 33,8 32,9 ----------------------------------------------------------------- Көлік және байланыс ----------------------------------------------------------------- !2001жыл ! 2002ж. ! Болжам !отчет ! !------------------------------------- ! ! ! 2003ж. ! 2004ж. ! 2005ж. ! 2010ж. ----------------------------------------------------------------- Жүк тасымалдау көлемі, мың.тонна 5277,2 5446,6 5610,7 5836,1 6129,3 7116,3 соның ішінде: Автомобиль көлігі 5269,2 5437,8 5600,9 5825,0 6116,2 7094,8 ұшақ көлігі, 8,0 8,8 9,8 11,2 13,1 21,5 соның ішінде: "Эйр Қазақстан" 4,6 5,2 6,1 7,3 9,0 16,2 Басқалары 3,4 3,5 3,7 3,9 4,1 5,3 Жолаушылар тасымалдау, млн.адам 786,9 804,5 829,2 861,1 902,9 1036,8 Автомобиль көлігі 144,9 151,1 158,6 166,5 177,3 213,4 Электрокөлік 76,1 76,5 77,0 78,5 80,0 85,0 ұшақ көлігі 565,9 576,9 593,6 616,1 645,6 738,4 Соның ішінде "Эйр Қазақстан" 504,5 514,6 530,0 551,2 578,8 665,6 Басқалары 61,4 62,3 63,6 64,8 66,8 72,8 Жүктасымалдау айналымы, млн.ткм 191,4 195,6 200,1 205,0 212,0 237,2 Соның ішінде: автомобиль көлігі 152,4 154,8 157,9

161,1 165,9 182,5 ұшақ көлігі 39,0 40,8 52,1 43,9 46,0 54,7 Соның ішінде: "Эйр Қазақстан" 16,4 17,7 18,6 19,7 21,1 26,9 Басқалары 22,6 23,1 23,6 24,3 25,0 27,7 Жолаушылар тасымалдау, млн.ткм. 2695,0 2859,5 3077,3 3353,8 3698,9 5005,6 Автомобиль көлігі 932,8 949,6 972,7 1005,1 1038,6 1152,2 Электрокөлік 302,3 304,0 306,0 312,0 318,0 340,0 ұшақ көлігі 1459,9 1605,9 1798,6 2036,7 2342,3 3513,4 Соның ішінде "Эйр Қазақстан"1284,2 1412,6 1582,1 1787,8 2056,0 3084,0 Басқалары 175,7 193,3 216,5 248,9 286,3 429,4 Көлік кәсіпорындарының табысы ( теміржолдан басқа), млн.теңге 19917,2 21550,0 23820,0 26900,0 30000,0 43300,0 Соның ішінде: қалалық және жол көлігі 3731,7 3750,0 3820,0 3900,0 4000,0 4300,0 ұшақ көлігі, млн.теңге 16185,5 17800,0 20000,0 23000,0 26000,0 39000,0 Табаны қатты автомобиль жолдарының ұзындығы, мың.км 1,354 1,355 1,355 1,356 1,356 1,360 Соның ішінде: жөндеуден өткен жолдар 52,0 52,0 52,5 53,0 53,6 55,0 Байланыс қызметінің көлемі, млн.теңге 24591,1 27279,2 30816,0 35746,0 42415,0 65450,0 Соның ішінде: "Алматы- телеком" 4579,5 5266,4 6162,0 7394,0 9243,0 15700,0 Басқалары 20011,6 22012,8 24654,0 28352,0 33172,0 49750,0 Тұрғындарға қойылған телефон қондырғылары, мың.дана 374,3 380,2 387,0 394,0 400,0 420,0 Соның ішінде: "Алматы- телеком" 315,5 320,0 325,0 330,0 335,0 350,0 Басқалары 58,8 60,2 62,0 64,0 65,0 70,0 ----------------------------------------------------------------- Ескертпе: теміржол көлігі бойынша индикативті жоспарды әзірлеу мүмкіндігі болмады, Алматы тасымалдау бөлімшесі РМК "Қазақстан темір жолы" " Инфрақұрылым" МК қарайды, оның негізгі офисі. ІІ-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихаты XVII-ші сессиясының төрағасы ІІ-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихаты хатшысы Маман: Сариева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК